



«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ

**Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына
сәйкес Жеке қаржылық есептілік және
Тәуелсіз аудитордың есебі**

31 желтоқсан 2020 жыл

Мазмұны

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

Қаржылық жағдай туралы жеке есеп	1
Пайда немесе шығын және басқа жиынтық табыс туралы жеке есеп	2
Капиталдағы өзгерістер туралы жеке есеп	3
Ақша қаражатының қозғалысы туралы жеке есеп	4
1 «Самұрық-Энерго» Компаниясы және оның қызметі туралы мәлімет	5
2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есеп саясатының негізгі ережелері	5
3 Жаңа немесе қайта қаралған стандарттар мен түсіндірулерді қолдану	15
4 Есептік саясатты қолданудағы маңызды есептік бағалаулар және кәсіби ой-пікірлер	18
5 Байланысты тараптармен есеп айырысу және жүргізілген операциялар	24
6 Еншілес компанияларға және бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялар	26
7 Берілген қарыздар	27
8 Басқа ұзақ мерзімді активтер	28
9 Басқа қысқа мерзімді активтер	29
10 Ақша қаражаттары және олардың эквиваленттері	30
11 Акционерлік капитал	30
12 Қарыздар	31
13 Дивидендтер бойынша кірістер	33
14 Өзге операциялық кірістер мен шығыстар (нетто)	34
15 Жалпы және әкімшілік шығыстар	34
16 Қаржылық табыстар	34
17 Қаржылық шығыстар	35
18 Табыс салығы	35
19 Шартты және келісімшартты міндеттемелер мен операциялық тәуекелдер	37
20 Қаржы тәуекелдерін басқару	40
21 Қаржы құралдарының әділ құны	45
22 Есептік кезеңнен кейінгі оқиғалар	46
23 Акциядан түсетін пайда	47

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ АКЦИОНЕРІНЕ ЖӘНЕ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНЕ

Біздің Пікіріміз

Біздің пікірімізше, жеке қаржылық есептілік «Самұрық-Энерго» АҚ (бұдан әрі «Компания») 2020 жылдың 31 желтоқсандағы жеке қаржылық жағдайын, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген күнмен аяқталатын жыл ішіндегі олардың жеке қаржылық нәтижелері мен ақша қаражатының қозғалысын Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес барлық маңызды жақтарынан анық көрсетеді.

Аудит тақырыбы

Біз Компанияның жеке қаржы есептілігіне аудит жүргіздік, ол келесілерді қамтиды:

- 2020 жылдың 31 желтоқсанындағы қаржылық жағдайы туралы жеке есеп;
- жоғарыда көрсетілген күнмен аяқталатын жыл ішіндегі пайда немесе шығын және басқа жиынтық кірістер туралы жеке есеп;
- жоғарыда көрсетілген күнмен аяқталатын жыл ішіндегі капиталдағы өзгерістер туралы жеке есеп;
- жоғарыда көрсетілген күнмен аяқталатын жыл ішіндегі ақшалай қаражаттардың қозғалысы туралы жеке есеп;
- есеп саясатының негізгі ережелеріне және басқа да түсіндірме ақпаратты қоса алғанда, жеке қаржылық есептілігіне ескертулер.

Пікір білдіру үшін негіз

Біз аудитті халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргіздік (ХАС). Осы стандарттарға сәйкес Біздің жауапкершілігіміз «Аудитордың жеке қаржылық есептілігінің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлімінде төменде сипатталған.

Біз алған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін негізді қамтамасыз ету үшін жеткілікті және тиісті болып табылады деп есептейміз.

Тәуелсіздік

Біз халықаралық бухгалтерлер этика стандарттары Кеңесінің профессионалды бухгалтерлер этика Кодексіне (ХБЭСК) сәйкес Компанияға тәуелсізбіз. Біз ХБЭСК Кодексіне сәйкес өзге этикалық міндеттерді орындадық.

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ (ЖАЛҒАСЫ)

2 - бет

*Біздің аудит тәсіліміз***Қысқаша шолу****Маңыздылық**

- Жалпы Компанияның қаржылық есептілігі деңгейіндегі маңыздылығы: 2,550,000 мың теңге, ол Компанияның барлық активтерінің баланстық құнының 0.41% құрайды.

Аудиттің негізгі мәселелері

- Еншілес компанияларына салынған инвестициялардың құнсыздануы;
- «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» (ЕГРЭС-2) бірлескен кәсіпорнына салынған инвестицияның құнсыздануы.

Біздің аудит методологиямыз маңыздылықты анықтау және жеке қаржылық есептің маңызды бұрмалануының тәуекелдерін бағалауын қамтиды. Атап айтқанда, біз қай жерлерде басшылық субъективті пайымдау жасағанын талдадық, мысалы, жорамалдар мен табиғатына байланысты белгісіз болашақтағы оқиғаларды талдауды талап ететін маңызды бухгалтерлік бағалауларды. Біз сондай-ақ басшылықтың ішкі бақылауларды елемей тәуекелін қарастырдық, соның ішінде, басқа да мәселелермен қатар, алаяқтықпен туындалған елеулі бұрмалау қауіп белгілерінің барлығын бағаладық.

Аудиттің көлемі Компанияның құрылымын, Компанияның қолданысындағы есеп процестерін мен бақылау құралдарын және Компанияның өзіндік жұмысын жүргізетін саланың ерекшелігін ескере отырып, бөлек қаржы есептілігі жайында пікірімізді білдіру үшін жеткілікті көлемде жұмысты орындай алатындықтай мөлшерде анықталды.

Маңыздылық

Аудит көлемін анықтауға маңыздылықты қолдануымыз септігін тигізді. Аудит қаржылық есептілікте елеулі бұрмалаулардың болмауына жеткілікті сенімділік алу үшін жобаланған. Бұрмалау алаяқтық немесе қателіктер салдарынан туындауы мүмкін. Олар маңызды болып саналады, егер жеке немесе жиынтығында, олар жеке қаржылық есептілігі негізінде қабылданған пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне ықпал етуіне негіз бар деп күтілсе.

Біз өзіміздің кәсіби пікірімізге сүйене отырып, маңыздылық үшін қажет төмендегі кестеде көрсетілгендей белгілі бір сандық мөлшердегі шектер орнаттық, соның ішінде тұтастай алғанда жеке қаржы есептілігі үшін жалпы Компаниялық маңыздылық үшін. Осы мөлшерлердің арқасында, және де сапалы факторларды есепке ала отырып, біз аудиттің көлемін, түрін, мерзімін және біздің аудиторлық шаралардың ауқымын анықтадық, сондай-ақ бұрмалаулардың жеке немесе жиынтығында жеке қаржылық есепке тигізетін септігін бағаладық, тұтастай алғанда.

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ (ЖАЛҒАСЫ)

3 - бет

Жеке қаржылық есептіліктің деңгейіндегі маңыздылық

2020 жылға 2,550,000 мың теңге

Берілген деңгей қалай анықталды

Барлық активтерінің баланстық құнының 0.41% құрайды

Маңыздылық белгілерін қолдану негіздері

Компанияның барлық активтерінің баланстық құнын маңыздылықты анықтау үшін базалық көрсеткіш ретінде қолдануға шешім қабылдадық, себебі осы көрсеткішті Компанияның қызметінің нәтижесін бағалау мақсатында пайдаланушылар өте жиі қарастырады деп есептейміз, және де ол көпшілік мақұлдаған базалық көрсеткіш болып табылады.

Біз 0.41% деңгейіндегі маңыздылықты орнаттық. Іс жүзінде, осы секторда инвестициялауға бағытталған кәсіпорындар үшін қолданысқа ие сандық шектеу мәндерінің ауқымында 1% деңгейінде маңыздылық деңгейін орнатамыз, бірақ бұл жағдайда біз маңыздылық деңгейін 0.41% дейін қысқарттық, шоғырландырылған қаржы есептілігі үшін маңыздылықты бағалау негізінде.

Аудиттің негізгі мәселелері

Негізгі аудит мәселелері, біздің кәсіби пікіріміз бойынша, ағымдағы кезеңнің жеке қаржылық есептілікке жүргізілген аудит үшін маңызды деп есептелінетін мәселелер болып табылады. Біз бұл мәселелерді жеке қаржылық есептілікке жүргізілген аудит мәтінінде біртұтас алып қарастырдық, және бұл мәселелерге байланысты бөлек пікір білдірмейміз.

Аудиттің негізгі мәселелері

Негізгі аудит мәселелері бойынша қандай аудиторлық рәсімдер орындалды

Еншілес компанияларына салынған инвестициялардың құнсыздануы

Жеке қаржылық есептіліктің №4 ескертпені қараңыз.

2020 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Компанияның басшылық еншілес кәсіпорындарына жасалған инвестицияның құнсыздану индикаторларына талдау жасады. Талдау негізінде Компанияның басшылығы энергия өндіруші және таратушы кәсіпорындар үшін құнсыздану индикаторларын анықтаған жоқ. Алайда шикізат бағасының өзгеруі газды барлаумен және өндірумен айналысатын «Тегіс Мұнай» ЖШС-ға жасалған

Компания басшылығы «Болат Нуржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС (бұдан әрі - ЕГРЭС-1), «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ (бұдан әрі - «АЖК») және «АлЭС» АҚ-ға Компанияның жасалған инвестицияның құнсыздануын индикаторларын талдау жасады және «Тегіс Мұнай» ЖШС-ға Компанияның жасалған инвестицияның құнсыздануын тексеруге тартты.

Басшылықтың жасалған инвестицияның индикаторларын талдауға қатысты жүргізген

Аудиттің негізгі мәселелері

инвестицияның құнсыздану ықтималдылығының факторы болып табылады.

Біз еншілес компанияларына салынған инвестициялардың құнсыздануы мәселесіне олардың баланстық құнының маңыздылығына, сондай-ақ басшылықтың еншілес компанияларына салынған инвестициялардың пайдалану құнының индикаторларына жасалған талдауды бағалау процесі күрделі болып табылатындығына байланысты ерекше назар аудардық, өйткені ол болашақ нарықтық және экономикалық жағдайларға және Топтың қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелеріне қатысты маңызды пайымдаулар мен бағалауды қолдануға негізделген.

Негізгі аудит мәселелері бойынша қандай аудиторлық рәсімдер орындалды

біздің рәсімдерімізге мыналарды қамтыды:

- электр энергиясының тарифінде ескерілетін тіркелген пайданы анықтаудың жаңа әдістемесін зерттеу және жаңа әдістеменің негізінде басшылықтың тарифтің есебін тексеруі.
- құнсыздану индикаторларын талдаған кезде басшылық пайдаланған негізгі болжамдардың дәлдігі мен орындылығын тексеру;
- энергетика саласындағы экономикалық және нарықтық үрдістерді зерттеу;

«АлЭС» АҚ үшін қосымша мынадай рәсім өткізілді:

- электр қуаты нарығының тетігі есебінен Топқа Алматы ЖЭО-2-ні жаңғырту бойынша салынған инвестициялардың өтелімділігін қамтамасыз ететін «Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына енгізілетін түзетулердің жобасымен танысу. Басшылықпен сұхбат жүргізіп, түзетулердің жобасы Қазақстан Республикасының Үкіметімен келісіліп, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің қарауына жіберілетінін білдік.

Біз активтердің құнсыздануын бағалау үшін басшылық тарапынан тартылған сарапшылардың қолданған модельін алып, зерттеп, бағаладық, сонымен қатар модельде қолданылған әдіснама мен негізгі болжамдарды, олардың бюджет пен бизнес-жоспарға, сыртқы ақпаратқа және саланың ерекшеліктерін ескере отырып, сарапшыларымыздың біліміне сәйкестігін бағаладық. Біз бағалау жөніндегі сарапшыларымызды құнсыздануды бағалаған кезде қолданылған болжамдар мен әдіснамаларға қатысты қорытынды жасау үшін тарттық.

Аудиттің негізгі мәселелері**Негізгі аудит мәселелері бойынша қандай аудиторлық рәсімдер орындалды**

Басшылықтың жасалған инвестицияның құнсыздануын бағалауына қатысты рәсімдеріміз мыналарды қамтыды:

- басшылық тарапынан тартылған тәуелсіз сарапшылардың құзыреттілігін, біліктілігін, тәжірибесі мен объективтілігін бағалау;
- басқа активтердің қалыптастыратын ақша ағындарына қарамастан ақша ағындарын тудыратын активтердің сәйкестендірілетін топтарын анықтауға талдау жасау;
- басшылықтың тестілеуді өткізу кезінде пайдаланған негізгі болжамдардың дәлдігі мен орындылығын тексеру;
- «Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қорытындысын талдау;
- модельдің басқа да кіріс деректерін қарастыру және оларды Даму жоспары сияқты растаушы құжаттармен салғастыру, сондай-ақ орынды жерлерде Даму жоспарын нақты нәтижелермен салыстыру;
- құнсыздануға арналған тесті бағалау үшін басшылықпен бірқатар сұхбат жүргізу;
- өткен жылдың болжамымен салыстырғанда жылдың нақты көрсеткіштерін бағалау;
- негізгі болжамдардағы мүмкін болатын негізгі өзгерістердің әлеуетті әсерін қарастыру.

Біз сондай-ақ (IAS) 36 «Активтердің құнсыздануы» ХҚЕС талаптарына сәйкес, жеке қаржылық есептілікке 3-ескертпедегі ақпаратты ашып көрсетудің жеткіліктілігіне назар аудардық.

Аудиттің негізгі мәселелері**Негізгі аудит мәселелері бойынша қандай аудиторлық рәсімдер орындалды**

ЕГРЭС–2 бірлескен кәсіпорнына салынған инвестицияның құнсыздануы

Жеке қаржылық есептіліктің №4 ескертпені қараңыз.

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша басшылық жүргізілген құнсыздану индикаторына жасалған талдау нәтижесінде тарифтерді реттейтін заңнамадағы өзгерістер, № 3 энергия блоктың құрылыстың аяқталуы, және одан әрі № 3 энергия блогымен өндірілген электр энергиясын сату мәселесі сияқты белгісіздікке байланысты қаржылық емес активтердің құнсыздануы, тиісінше Компанияның ЕГРЭС-2-ге жасалған инвестициясының құнсыздану ықтималдығының факторы болып табылады деген қорытындыға келді.

2020 жылдың 31 желтоқсанына Компанияның ЕГРЭС- 2-ге жасалған инвестициясының баланстық құны 15,934,313 мың теңгені құрайды.

Біз осы инвестицияның құнсыздану мөлшерінің маңыздылығы мен оның өтелетін сомасын бағалау үдерісінің күрделілігін ескере отырып бұл сұраққа ерекше назар аудардық.

Біз компонент аудиторының жұмыс құжаттамасына шолу жасап, онымен ЕГРЭС–2-нің негізгі құралдарын құнсыздану тексеру моделінде басшылық қолданған әдіснамасы мен негізгі жорамалдарын талқыладық. Біз негізгі жорамалдардың біздің ЕГРЭС–2 операциялары туралы негізгі түсініктерімізге қаншалықты сәйкес келетінін бағаладық.

Сонымен қатар, біз Компанияның басшылығымен және Аудит Комитетімен аталған инвестицияға қатысты болашақ жоспарларды талқыладық.

Біз сондай-ақ ХҚЕС (IAS) 36 «Активтердің құнсыздануы» сәйкес жеке қаржылық есептің 3-ескертпесіндегі ақпараттың ашылуының жеткіліктілігіне назар салдық.

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ (ЖАЛҒАСЫ)

7 - бет

Өзге ақпарат

Басшылық өзге ақпарат үшін жауапты. Өзге ақпарат жылдық есепті қамтиды, бірақ жеке қаржылық есептілік пен оған тәуелсіз аудитордың қорытындысын қамтымайды. Бұл есеп, шамамен, біздің аудиторлық қорытындының күнінен соң бізге берілетін болады.

Біздің жеке қаржылық есептілік бойынша пікіріміз өзге ақпаратты қамтымайды, және біз бұл ақпаратқа қатысты қандай да бір формада сенімділік білдіретін қорытынды жасамаймыз.

Жеке қаржылық есептілікке жүргізілген аудитке байланысты, біздің міндетіміз жоғарыда көрсетілген өзге ақпаратты алған кезде, онымен танысып, және өзге ақпарат пен жеке қаржылық есеп немесе біз аудит барысында алған біліміміз арасында маңызды келіспеушіліктердің бар болуы туралы, және өзге ақпараттың басқа мүмкін маңызды бұрмалаулары бар болуы туралы сұрақтарды қарастыру болып табылады.

Егер жоғарыда көрсетілген өзге ақпаратпен танысу барысында, оның маңызды бұрмалауы бар туралы қорытындыға келсек, біз корпоративтік басқаруға жауапты адамдарға айтуға міндеттіміз.

Басшылықтың және корпоративтік басқаруға жауапты адамдардың жеке қаржылық есептілікке жауапкершілігі

Басшылық осы жеке қаржылық есептіліктің Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жасалуына және дұрыс ұсынылуына, басшылықтың қаржылық есептілікті дайындауға қажетті деп санайтын ішкі бақылауына және алақол әрекеттер немесе қателіктердің салдарынан айтарлықтай бұрмаланбауына жауапты.

Жеке қаржылық есептілікті даярлай отырып, басшылық Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыруға қабілеттілігін бағалауға, қызметтің үздіксіздігіне қатысты тиісті жағдайлардағы мәліметтерді ашуға, және есептіліктің қызметтің үздіксіздігі жорамалының негізінде жасалуына жауапкершілік алады, басшылық Компанияны жоюға, қызметін тоқтатуға ниеттенген жағдайды, немесе қызметті тоқтату мен жоюдан басқа нақты қандай да бір балама болмаған жағдайларды қоспағанда.

Корпоративтік басқаруға жауапты адамдар Компанияның жеке қаржылық есептілігін дайындау процессін қадағалауға жауапкершілік алады.

Аудитордың жеке қаржылық есептілігінің аудиті үшін жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз тұтастай алғанда жеке қаржылық есептілікте алақол әрекеттер немесе қателіктердің салдарынан туындайтын елеулі бұрмалаулардың жоқ екендігі туралы сапалы кепілділікті алу, және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық қорытындыны шығару болып табылады. Сапалы кепілділік дегеніміз, жоғары деңгейдегі кепілділікті білдіреді, бірақ ХАС-на сәйкес жүргізілген аудит маңызды бұрмалаулардың бар болған жағдайында, оларды әрқашан анықтайтындығына кепілдік болып саналмайды. Бұрмалаулар алақол әрекеттер мен қателіктердің нәтижесі болуы мүмкін, және егер олар, жеке немесе тұтастай қолданушылардың осы жеке қаржылық есептілік негізінде қабылданатын экономикалық шешімдеріне айтарлықтай ықпалын тигізеді деп негізді болжауға болатын болса, маңызды болып есептелінеді.

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ (ЖАЛҒАСЫ)

8 - бет

ХАС-на тиісті жүргізілетін аудит барысында, біз кәсіби пікір қолданып, кәсіби күдікшілдікті сақтаймыз. Бұдан басқа, біз төмендегілерді орындаймыз:

- алақол әрекеттер немесе қателіктердің салдарынан жеке қаржылық есептіліктегі айтарлықтай бұрмалаулардың тәуекелдерін айқындаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді жобалаймыз және жүргіземіз; біздің пікірімізді білдіру үшін, жеткілікті әрі тиісті аудиторлық дәлелдерді аламыз. Алақол әрекеттердің салдарынан болған елеулі бұрмалаулардың тәуекелі, қателіктердің салдарынан болған елеулі бұрмалаулардың тәуекелінен жоғарырақ, себебі, алақол әрекеттерге келісу, жалғандық, қасақана жіберу, ақпаратты бұрмаланған күйінде беру немесе ішкі бақылауды айналып өтетін іс-әрекеттер жатады;
- тиісті жағдайларға қатысты аудиторлық рәсімдерді жобалау мақсатында аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесіне түсінік аламыз, бірақ Компанияның ішкі бақылауының тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес;
- қолданылған есеп саясатының орындылығын, басшылық дайындаған тиісті ақпараттың ашылуы мен бухгалтерлік бағалардың негізділігін бағалаймыз;
- басшылықтың үздіксіз қызмет туралы жорамалдың қолданылуының орындылығы туралы тұжырым жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдердің негізінде Компанияның үздіксіз қызметін жалғастыру қабілеттілігіне елеулі күмәндар тудыратын оқиғалар мен жағдайларға байланысты маңызды белгісіздіктердің бар болуы туралы қорытынды жасаймыз. Егер біздің қорытындыда маңызды белгісіздік болған жағдайда, біз өз қорытындымызда жеке қаржылық есептіліктегі тиісті ақпараттың ашылуына назар аудару керекпіз, егер ондай ақпараттың ашылуы орынсыз болған жағдайда, біз өз пікірімізді өзгерту керекпіз. Біздің тұжырымдарымыз аудиторлық қорытындының шығарылу күніне дейінгі жиналған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда, одан кейін болатын оқиғалар немесе шарттар Компанияның қызметінің үздіксіздік қабілеттілігін тоқтатуына әкеп соқтыруы мүмкін;
- жалпы ұсынылуына, құрылымы мен мазмұнына, ақпараттың ашылуына, және де негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды осы жеке қаржы есептілікте дұрыс ұсынылғанына баға береміз.

Біз корпоративтік басқаруға жауапты адамдармен өзара ақпараттық қатынастар жасаймыз, оларға өзге ақпараттан бөлек, жоспарланған аудиттің көлемі мен мерзімдерін, сондай-ақ, аудит нәтижелерінен туындаған маңызды қорытындылар туралы, оның ішінде, аудит барысында айқындалған ішкі бақылаудың маңызды жетіспеушіліктері туралы мәлімет береміз.

Біз сондай-ақ, корпоративтік басқаруға жауапты адамдарға тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті этикалық талаптарды ұстанғанымыз туралы хабарлаймыз, және аудитордың тәуелсіздігіне ықпал етуіне негізі бар деп санауға болатын барлық өзара қарым-қатынастар мен өзге сұрақтар туралы, және қажет болған жағдайда, тиісті сақтық шаралары туралы мәлімдейміз.



ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ (ЖАЛҒАСЫ)

9 - бет

Корпоративтік басқаруға жауапты адамдарға берілген мәліметтердің ішінен, біз ағымдағы кезеңнің жеке қаржылық есептілік аудиті үшін маңызды болып саналатындарын анықтаймыз және сондықтан олар аудиттің негізгі мәселелері болып есептеледі. Бұл мәселелерді өз қорытындымызда баяндаймыз, келесі жағдайлардан басқа кездерде: жария етуге заңды түрде немесе нормативтік актімен тыйым салынғанда, немесе сирек жағдайларда біз бұл ақпаратты біздің қорытындымызда хабарлануының қажет емес жағдайларда, өйткені бұндай ақпаратты хабарлаудың теріс салдары оны хабарлаудың қоғамдық маңызы бар пайдасынан асып кетеді.

Pricewaterhousecoopers LLP

2021 жылғы 26 ақпан
Алматы, Қазақстан

Бекітілді және қол қойылды:



Дана Инкарбекова
«Прайсвотерхаус Куперс» ЖШС
Басқарушы директоры

(Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің
1999 жылғы 21 қазандағы №0000005
Бас мемлекеттік лицензиясы)

Аудитор-орындаушы
(2000 жылғы 18 қаңтардағы №0000492
Аудитордың Квалификациялық куәлігі)

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Қаржылық жағдай туралы жеке есеп

Қазақстан теңгесімен, мың	Ескерт.	31 желтоқсан 2020ж.	31 желтоқсан 2019ж.
АКТИВТЕР			
Ұзақ мерзімді активтер			
Негізгі құралдар		311,258	373,929
Материалдық емес активтер		636,073	763,873
Пайдалану құқығы бар актив		1,397,421	982,052
Бірлескен кәсіпорындар мен еншілес компанияларға салынған инвестициялар		548,148,318	
Берілген заемдар	6		541,364,649
Өзге ұзақ мерзімді активтер	7	39,172,956	47,955,694
	8	2,236,269	2,160,716
Барлық ұзақ мерзімді активтер		591,902,295	593,600,913
Қысқа мерзімді активтер			
Тауар-материалдық қорлар		46,544	36,431
Берілген заемдар	7	18,993,146	15,669,815
Өзге қысқа мерзімді активтер	9	8,756,460	11,396,351
Ақша қаражаты және олардың эквиваленттері	10	1,595,249	1,298,005
Барлық қысқа мерзімді активтер		29,391,399	28,400,602
БАРЛЫҚ АКТИВТЕР		621,293,694	622,001,515
КАПИТАЛ			
Акционерлік капитал	11	376,045,927	373,314,888
Өзге резервтегі капитал		89,328,998	91,643,030
Өтелмеген залал		(45,082,442)	(54,741,536)
БАРЛЫҚ КАПИТАЛ		420,292,483	410,216,382
МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Заемдар	12	150,421,544	183,760,143
Жалға алу бойынша міндеттеме		1,056,677	689,052
Ұзақ мерзімді қаржылық кепілдік	20	1,304,607	1,469,449
Барлық ұзақ мерзімді міндеттемелер		152,782,828	185,918,644
Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Заемдар	12	45,993,024	23,638,774
Жалға алу бойынша міндеттемелер		417,342	346,314
Өзге кредиторлық берешек және есептелген міндеттемелер		1,718,188	1,414,783
Акционер алдындағы міндеттеме		-	363,571
Телеуге арналған өзге салықтар		89,829	103,047
Барлық қысқа мерзімді міндеттемелер		48,218,383	25,866,489
БАРЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР		201,001,211	211,785,133
БАРЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ КАПИТАЛ		621,293,694	622,001,515
Бір жай акцияның баланстық құны	23	74,914	73,094

Басшылық атынан 2021 жылы 26 ақпанда қол қойылды.

Рысқұлов Айдар Қайратұлы

Экономика және қаржы жөніндегі
басқарушы директор



Төлекова Сәуле Бекзадақызы

«Қаржы және Салық Есебі»
департаментінің директоры – Бас
бухгалтер

«Самұрық-Энерго» АҚ
Пайда немесе шығын және басқа жиынтық табыс туралы жеке есеп

Қазақстан теңгесімен, мың	Ескерт.	2020 ж.	2019 ж.
Дивидендтер бойынша табыстар	13	34,943,973	47,449,224
Өзге операциялық табыстар және шығыстар (нетто)	14	(643,112)	4,383,983
Жалпы және әкімшілік шығыстар	15	(5,857,898)	(6,357,556)
Қаржылық активтердің (құнсыздануынан) қалпына келуінен түскен (шығыстар)/ табыстар (нетто)		(1,296,142)	1,126,631
Операциялық түсім		27,146,821	46,602,282
Қаржылық табыстар	16	8,759,485	10,274,163
Қаржылық шығыстар	17	(23,101,107)	(22,692,988)
Салық салынғанға дейінгі пайда		12,805,199	34,183,457
Табыс салығы бойынша шығыстар	18	(79,874)	(248,008)
Жыл ішіндегі пайда		12,725,325	33,935,449
Басқа жиынтық залал		(1,280)	(534)
Жыл ішіндегі барлық жиынтық пайда		12,724,045	33,934,915
Акцияға қатысты жыл ішіндегі пайда (қазақстандық теңгемен)	23	2,272	6,058

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Капиталдағы өзгерістер туралы жеке есеп

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	Ескер.	Акционерлік капитал	Өзге резервтегі капитал	Өтелмеген залал	Барлық капитал
2019 ж. 1 қаңтардағы жағдай бойынша қалдық		373,314,888	91,643,564	(86,635,985)	378,322,467
Жыл ішіндегі пайда		-	-	33,935,449	33,935,449
Өзге жиынтық залал		-	(534)	-	(534)
Жыл ішіндегі барлық жиынтық (залал)/табыс		-	(534)	33,935,449	33,934,915
Жарияланған дивидендтер		-	-	(2,041,000)	(2,041,000)
2019 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қалдық		373,314,888	91,643,030	(54,741,536)	410,216,382
Жыл ішіндегі пайда			-	12,725,325	12,725,325
Өзге жиынтық залал		-	(1,280)	-	(1,280)
Жыл ішіндегі барлық жиынтық (залал)/табыс		-	(1,280)	12,725,325	12,724,045
Акциялар эммисиясы	11	2,731,039	(2,312,752)	-	418,287
Жарияланған дивидендтер	11	-	-	(3,066,231)	(3,066,231)
2020 ж. 31 желтоқсандағы қалдық		376,045,927	89,328,998	(45,082,442)	420,292,483

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Ақша қаражатының қозғалысы туралы жеке есеп

Қазақстан теңгесімен, мың	2020 ж.	2019 ж.
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы:		
Салық салғанға дейінгі түскен пайда:	12,805,199	34,183,457
Мыналарға түзетулер:		
Дивидендтер бойынша табыстар	(34,943,973)	(47,449,224)
Тозу және амортизация	516,029	488,174
Қаржылық шығыстар	23,101,107	22,692,988
Қаржылық табыстар	(8,759,485)	(10,274,163)
Бағам айырмашылығынан шығын (кіріс)	(70,114)	(50,068)
Активтерді құнсыздануы және қайта қалпына келуі бойынша шығыс (кіріс)	2,000,937	(5,617,311)
Активтің шығуынан болған залал	-	208,351
Айналым капиталындағы өзгерістерге дейін операциялық қызметте пайдаланылған ақша қаражаты:	(5,350,300)	(5,817,796)
Тауар-материалдық қорлардың көбеюі	(10,113)	(5,104)
Дебиторлық берешектің және өзге де ұзақ әрі қысқа мерзімді активтердің азаюы	423,933	891,476
Басқа кредиторлық берешектің азаюы/(көбеюі)	84,145	(1,585,943)
Басқа салықтар бойынша берешектің (азаюы)/көбеюі	(19,141)	23,568
Операциялық қызметте пайдаланылған ақша қаражаты	(4,871,476)	(6,493,799)
Төленген табыс салығы	(120,492)	(455,208)
Алынған дивидендтер	34,997,524	47,498,029
Төленген пайыздар	(12,691,428)	(12,337,811)
Операциялық қызметтен алынған таза ақша қаражаты	17,314,128	28,211,211
Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы		
Негізгі құралдарды және материалдық емес активтерді сатып алу	(240,284)	(148,299)
Материалдық емес активтерді сатудан түскен түсімдер	-	39,002
Қарыз қаржатын сатудан түскен түсімдер	384,601	-
Еншілес ұйымдардың акцияларын сатудан түскен түсімдер	2,259,088	2,085,454
Еншілес ұйымдарға және бірлесіп бақыланатын кәсіпорындарға берілген қарыздар және қаржылық көмек	(23,131,000)	(20,543,232)
«Балқаш ЖЭС» АҚ акцияларын сатып алуға Акционер тарапынан бөлінген, қайтарусыз негіздегі түсімдер (4 Ескертпе)	-	70,196,400
«Балқаш ЖЭС» АҚ акцияларын сатып алу (4 Ескертпе)	-	(70,196,400)
Еншілес ұйымдардың қарыздық құралдарын сатып алу	-	(47,000,000)
Еншілес ұйымдарға және бірлесіп бақыланатын кәсіпорындар капиталына салынған салым	(7,070,045)	(20,839,422)
Банк салымдарын қайтару, нетто	(5,000)	75,594
Депозиттер бойынша алынған пайыздар	140,239	369,905
Берілген займдардан түскен пайыздар	5,837,020	4,057,152
Еншілес ұйымдарға және бірлесіп бақыланатын кәсіпорындарға берілген қаржылық көмекті өтеуден түскен түсім, облигациялар	29,156,826	24,311,413
Дебиторлық берешекті өтеу/(ағымдағы депозиттерді қаржылық дебиторлық берешекке айырбастау)– «Тауба Invest» ЖШС (9 Ескертпе)	222,961	1,516,580
Инвестициялық қызметтен түскен/(пайдаланылған) таза ақша қаражаты	7,554,406	(56,075,853)
Қаржылық қызмет бойынша ақша қаражатының қозғалысы		
Алынған қарыздар мен облигацияларды өтеу	(39,093,686)	(125,568,479)
Шығарылған облигациялар мен қарыздар бойынша түсімдер	17,810,342	158,280,800
Өтелген дивидендтер	(3,066,231)	(2,041,000)
Жалға алу бойынша негізгі қарызды өтеу	(214,060)	(205,531)
Өтелген дивидендтер	(30,556)	(1,559,095)
Қаржылық қызметтен түскен/(пайдаланылған) таза ақша қаражаты	(24,594,191)	28,906,695
Валюта айырбас бағамы өзгерісінің ақша қаражатына және олардың эквиваленттеріне әсері	22,901	(323)
Ақша қаражатының және оның эквиваленттерінің таза көбеюі	297,244	1,041,730
Жыл басындағы ақша қаражаты және олардың эквиваленттері	1,298,005	256,275
Жыл соңындағы ақша қаражаты және оның эквиваленттері	1,595,249	1,298,005

1 «Самұрық-Энерго» Компаниясы және оның қызметі туралы мәлімет

Осы қаржылық есептілік «Самұрық-Энерго» АҚ (бұдан әрі – Компания) үшін 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС-ке) сәйкес әзірленді.

Компания 2007 жылы 18 сәуірде құрылып, 2007 жылы 10 мамырда тіркелген. Компания Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес акционерлік қоғам нысанында құрылған.

Компанияның Жалғыз акционері «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі – «Самұрық-Қазына») болып табылады, оған Компания акцияларының 100%-ы тиесілі. Қазақстан Республикасының Үкіметі - Компанияны бақылаушы түпкі тарап.

Негізгі қызмет

Компания қызметінің негізгі түрлері көмір, көмірсутек, су ресурстары мен жаңартылатын энергия көздері негізінде электр және жылу энергиясын, ыстық суды өндіруді, оларды халыққа, өнеркәсіптік кәсіпорындарға сатуды, электр энергиясын тасымалдауды, желідегі электрді техникалық бөлуді, су және жылу электр станцияларын салуды, жаңартылатын электр энергиясы көздерін салу мен пайдалануды, сондай-ақ су электр станцияларының мүлктік кешендерін жалға алуды жүзеге асыратын бірқатар компанияларды (6 Ескертпе) біріктіретін холдингтік компания (бұдан әрі – «Компания») болып табылады.

Компания қызметін жүзеге асыратын мекенжайы мен орны

Қазақстан Республикасы, Астана қ., Қабанбай батыр даңғылы, 15А.

Есептілікті ұсыну валютасы

Егер өзге көрсетілмесе, аталған қаржылық есептіліктің көрсеткіштері қазақстандық теңгемен («теңге») көрсетілді.

2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есеп саясатының негізгі ережелері

Қаржылық есептілікті әзірлеу негіздері

Осы жеке қаржылық есептілік әділ құн бойынша қаржылық құралдарды алғашқы тануға түзету енгізе отырып, бастапқы құн бойынша бағалау қағидасы негізінде Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес дайындалды. Одан әрі жеке қаржылық есептілікті әзірлеу кезінде пайдаланылған есептік саясаттың негізгі ережелері келтіріледі. Есептік саясатың аталған ережелері есепте ұсынылған барлық кезеңдерге қатысты жүйелі түрде қолданылды.

Компания аталған жеке қаржылық есептілікті басшылық үшін әзірледі.

Сонымен қатар, Компания тұтастай Компанияға және оның еншілес ұйымдарына (бұдан әрі - «Топ») қатысты шоғырландырылған қаржылық есептілікті ХҚЕС-ке сәйкес әзірледі. Шоғырландырылған қаржылық есептілікте Топқа тікелей немесе жанама түрде дауыс беру құқығының жартысынан көбіне иелік ететін немесе Қоғам өз қаржылық және операциялық саясатын басқаша басқара алатын компаниялар ретінде анықталған еншілес ұйымдардың қызметі толығымен шоғырландырылған. Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін Қазақстан Республикасы, Астана қ., Қабанбай батыр даңғылы, 15А мекенжайында орналасқан Компанияның кеңсесінен алынуы мүмкін.

Қаржылық ереже, операциялық қызмет нәтижелері және жалпы Компанияның қаржылық есептіліктегі өзгерістер туралы толық ақпаратты алу мақсатында, пайдаланушылардың осы жеке қаржылық есептілікпен танысуы 2020 жылғы 31 желтоқсандағы аяқталған жылғы жағдай бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілікпен бірге жүргізілуі тиіс.

ХҚЕС-ке сәйкес қаржылық есептілікті әзірлеу бағалар мен ұсыныстарды пайдалануды талап етеді. Бұдан бөлек, басшылыққа Компанияның есептік саясатын қолданған кезде өзінің пайымдауларына сүйенуі тиіс. Бағалаудың немесе күрделіліктің ең жоғары деңгейін болжайтын бухгалтерлік есептілік салалары, сондай-ақ жорамаладар мен бағалар шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін маңызды болып табылатын салалары Ескертпеде көрсетілген. Нақты нәтижелер бұл бағалардан ерекше болуы мүмкін.

2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Үздіксіз қызмет қағидаты

Басшылық осы жеке қаржылық есептілікті үздіксіз қызмет қағидаты негізінде әзірледі. Басшылықтың шешімі Компанияның қаржылық жағдайына, оның ағымдағы ниеттеріне, операциялардың табыстылығына, қаржылық ресурстарға қолжетімділікке және Үкіметтің қолдауына, сондай-ақ макроэкономикалық жағдайдағы соңғы өзгерістердің Топтың болашақ қызметіне әсерін талдауына негізделеді. 2020 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша, Компанияның жиынтық ағымдағы міндеттемелері жалпы айналым активтерінен 18,826,985 мың теңгеге артты. Ағымдағы міндеттемелердің негізгі бөлігі Топ ішінде өтімділікті бөлу үшін қолма-қол ақша жинау жүйесі шеңберінде еншілес ұйымдардан алынған қарыздардан тұрады. Еншілес ұйымдардан алынған қарыздардың қысқа мерзімді бөлігі 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 38 411 690 мың теңгені құрады (31 желтоқсан 2019 жылғы: 10 294,522 мың теңге)

Айырбас бағамдары

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шетел валютасында көрсетілген қалдықтарды қайта есептеу үшін пайдаланылған ресми айырбас бағамы 1 АҚШ доллар үшін 420.91 теңгені құрады (2019 жылғы 31 желтоқсан: 1 АҚШ доллар үшін 381.18 теңге). Қазіргі уақытта теңге Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде бос айырбасталымдағы валюта болып табылады.

Негізгі құралдар

(i) Тану және кейінгі бағалау

Негізгі құралдар қажет болған жағдайда, құнсыздану резервін және жиналған тозуды шегере отырып, есепте бастапқы құны бойынша көрсетіледі. Бастапқы құн активті орынға жеткізумен және нысаналы мақсат үшін оны жұмыс жағдайына келтірумен тікелей байланысты сауда жеңілдіктері мен қайтарып алудан, сондай-ақ кез келген шығындар шегерілген сатып алу құнынан, оның ішінде импорт баждары мен сатып алу бойынша қайтарылмайтын салықтардан тұрады. Шаруашылық тәсілмен әзірленген немесе тұрғызылған негізгі құралдар объектілерінің бастапқы құнына орындалған өндірістік жұмыстарға жұмсалған материалдардың құны мен өндірістік үстеме шығындардың бір бөлігі жатады.

Кейінгі шығындар осы активтің баланстық құнына енгізіледі немесе Топың осы активті пайдаланған кезде экономикалық пайда табу мүмкіндігі болған жағдайда және оның құны дұрыс бағаланғанда ғана жеке актив ретінде көрсетіледі. Ауыстырылған бөліктің баланстық құны шығынға жазылады. Жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге жұмсалатын барлық басқа шығындар туындауына қарай есептік кезең ішіндегі пайдаға немесе зиянға жатқызылады.

Негізгі құралдардың істен шығуынан болған пайда немесе залал алынған өтем мен олардың баланстық құнының айырмасындағы сомада басқа да операциялық пайда мен зиянның құрамында жыл ішіндегі пайда мен залалда көрсетіледі.

(ii) Тозу

Негізгі құралдардың басқа объектілерінің тозуы олардың бастапқы құнын біркелкі шығынға жазу әдісі бойынша тиімді пайдалану мерзімі ішінде объектілерді жою құнына дейін есептеледі, атап айтқанда:

Басқа негізгі құралдар

Тиімді пайдалану мерзімі (жылдар саны)

3 – 10

Активтің тарату құны Компания осы кезеңде активтің қолданылу мерзімі мен техникалық жағдайы оны тиімді пайдалану мерзімінің соңында күтілетін нәтижеге сәйкес келеді деген пайымдауға сүйене отырып, сатуға жұмсалған шығындарды шегергендегі сатудан алынуы мүмкін соманы бағалау болып табылады. Компания объектінің физикалық қызмет ету мерзімі аяқталғанша, оны пайдаланамыз деп шешсе, активті тарату құны нөлге тең болады. Активтердің тарату құны мен оларды тиімді пайдалану мерзімдері қайта қаралады және, қажет болса, әрбір есептік кезеңнің соңында түзетіледі.

2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері (жалғасы)

(iii) Құнсыздану

Әрбір есептік кезеңнің соңында басшылық негізгі құралдардың құнсыздану белгілерін анықтайды. Егер ең болмағанда осындай бір белгі анықталса, басшылық екі шаманың ең үлкені ретінде анықталатын өтелетін соманы бағалайды: активті сату үшін жұмсалған шығындарды шегергендегі әділ құн және оны пайдалану құндылықтары. Активтің баланстық құны өтелетін құнға дейін азаяды; құнсызданудан болған шығын жылдық пайда мен шығында көрсетіледі. Егер активті пайдалану құндылығын анықтауға негізделген есептік бағалауларды немесе сатуға жұмсалған шығындарды шегергенде оның әділ құны өзгерсе, өткен есептік кезеңде танылған активтің құнсыздануынан болған шығын қалпына келтіріледі.

Материалдық емес активтер

Компанияның барлық материалдық емес активтерін тиімді пайдаланудың белгілі бір мерзімі бар және оған негізінен капиталдандырылған бағдарламалық жасақтамалар жатады. Сатып алынған бағдарламалық жасақтама оны сатып алуға және пайдалануға беруге жұмсалған шығындар сомасында капиталдандырылады. Барлық материалдық емес активтер басшылық 3 - 5 жылға дейін деп бағалайтын тиімді пайдалану мерзімі ішінде тік сызықты әдіспен амортизацияланады. Құнсызданған жағдайда материалдық емес активтердің баланстық құны шамалардың неғұрлым үлкеніне дейін шығынға жазылады: сатуға жұмсалған шығындарды шегергендегі оларды пайдалану мен әділ құн құндылықтары.

Пайдалану құқы бар нысанындағы активтер

Компания түрлі кеңсе жайларын жалға алады. Шарттарға жалға алу талаптары көрсетілген компоненттер де, жалға алу шарты болып табылмайтын компоненттер де енгізілуі мүмкін. Компания шарт бойынша сыйақыны жалдау компоненттері арасында да, жалдауға жатпайтын компоненттер арасында да жекелеген мәміле бағасы бойынша бөледі. Дегенмен өзі Жалға алушы болып табылатын жағдайда Компания жылжымайтын мүлікті жалға алу шарты бойынша жалға алу компоненттерін және жалдауға жатпайтын компоненттерді бөліп көрсетпеу туралы шешім қабылдады, сөйтіп оларды бір жалдау компоненті ретінде көрсетті.

Жалдау шарттары бойынша туындаған активтер бастапқы кезде келтірілген құны бойынша бағаланады.

Пайдалану құқы бар нысандағы активтер төмендегілерді қамтитын бастапқы құны бойынша бағаланады:

- жалдау міндеттемесін бастапқы бағалау көлемі;
- жалға алу бойынша алынған ынталандыру төлемдері шегерілгендегі жалға алу төлемдері, жалға алу күні басталған мерзімдегі немесе оған дейінгі кезеңді қамтиды;
- активтерді жалдау шартының талаптарына сәйкес талап етілетін қалыпқа дейінгі жай-күйге жеткізу шығыны;
- кез келген бастапқы тікелей шығындар

Пайдалану құқы бар нысандағы активтер аяқталу мерзіміне қарай активті тиімді пайдалану мерзімі немесе жалға алу мерзімі ішінде бір жүйелік әдіспен амортизацияланады. Егер Компанияның сатып алу опционын орындау сенімділігінің деңгейі жеткілікті болса, Компания базалық активті тиімді пайдалану мерзімі ішінде пайдалану құқығы нысанындағы активті амортизациялайды.

Компания пайдалану құқы бар нысандағы активтерді бір желілік әдіспен оларды тиімді пайдаланудың бағалау мерзімі ішінде амортизациялауға ден қояды, атап айтқанда:

Ғимарттар мен қызмет жайлары (кеңсе жайлары)

Тиімді пайдалану мерзімі (жылдар саны)

5 – 50

Еншілес компанияларға және бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялар

Бұндай инвестицияларды есепке алған кезде осы жеке қаржылық есептіліктің мақсаттары үшін Компания құнсыздану резервін шегергендегі алғашқы құн әдісін қолданды.

2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері (жалғасы)

Қаржылық құралдар

(i) Бағалауға қойылатын негізгі ұстанымдар

Қаржылық құралдар жіктелуіне қарай әділ құн, бастапқы құн немесе амортизацияланған құн бойынша көрсетіледі. Төменде осы әдістердің сипаттамасы ұсынылған.

Әділ құн – бұл бағалау күнінде нарыққа қатысушылардың арасында активті сатқанда немесе операцияларды ерікті негізде жүргізген кезде міндеттемелерді бергенде алынуы мүмкін баға. Белсенді нарықта белгіленетін баға әділ құнның ең жақсы дәлелі болып табылады. Белсенді нарық – активі немесе міндеттемелері бар операциялар тұрақты түрде баға туралы ақпаратты жеткілікті мөлшерде алуға мүмкіндік беретін әрі барынша жиілікпен жүргізілетін нарық.

Әділ нарықта айналымда жүретін қаржылық құралдардың әділ құны белгіленген бағаны кәсіпорын ұстайтын құралдар санына жеке активке немесе міндеттемеге көбейткенде алынған сома ретінде бағаланады. Нарықтың әдеттегі тәуліктік сауда айналымы кәсіпорында бар активтердің және міндеттемелердің санын қосып алу үшін жеткіліксіз, ал жайғасымдарды сату үшін тапсырыстарды орналастыру жеке операцияда белгіленетін бағаға әсер етуі мүмкін болғанда да жағдай осылай болады.

Нарықтық жағдайларда жасалатын дисконтталған ақша ағындары моделі, сонымен қатар, осы сияқты операциялардың мәліметтеріне негізделген модельдер секілді *бағалау әдістері* немесе инвестиция объектісінің қаржылық мәліметтерін қарастыру келісімдердің бағасы туралы нарықтық ақпарат қолжетімсіз болып табылатын қаржылық құралдардың әділ құнын анықтау үшін пайдаланылады. Әділ құнды бағалаудың нәтижелері талданады және келесідей тәртіпте әділ құнның иерархиясының деңгейлері бойынша бөлінеді: (i) 1 деңгейге бірдей активтер немесе міндеттемелер үшін белсенді нарықтарда белгіленген бағалар (түзетілмейтін) бойынша бағалар жатады, (ii) 2 деңгейге – пайдаланылатын маңызды бастапқы мәліметтердің барлығы тікелей (мысалы, баға) немесе жанама (мысалы, бағаның негізінде есептелген) түрде активтер немесе міндеттемелер үшін бақылайтын болып табылатын бағалау әдістерінің көмегімен алынғандар, және (iii) 3 деңгейдегі бағалар, тек қана бақылайтын нарықтық мәліметтерге ғана негізделмеген бағалар болып табылады (яғни, бағалау үшін бақыланбайтын бастапқы мәліметтердің айтарлықтай көлемі қажет). Әділ құнның иерархиясының бір деңгейінен екіншісіне ауыстыру есептік кезеңнің соңында орын алған болып саналады (21 Ескертпе).

Бастапқы құн төленген ақша қаражаты немесе олардың баламалары, не болмаса сатып алу күні жағдайы бойынша активті алу үшін берілген басқа да орнын толтырудың әділ құны болып табылады, және оған келісім бойынша шығындар кіреді. Өзіндік құн бойынша бағалау тек нарықтық котировкалары жоқ және әділ құны сенімді бағаланбайтын үлестік құралдарға инвестицияларға қатысты, сондай-ақ, ашық нарықта котировкалары жоқ, және осындай үлестік құралдармен өтелуге тиіс осындай үлестік құралдарға байланысты туынды құралдарға қатысты ғана қолданылады.

Мәміле бойынша шығындар қаржылық құралдарды сатып алуға, шығаруға немесе істен шығаруға тікелей қатысты қосымша шығындар болып табылады. Қосымша шығындар – мәмілелер жасалмаған жағдайда жұмсалмауы мүмкін шығындар. Мәміле бойынша шығындар агенттерге (сауда агенттері болып жұмыс істейтін қызметкерлерді қоса алғанда) консультанттарға, делдалдарға, дилерлерге төленген сыйақыларды, комиссиялық шығындарды, реттеуші органдар мен қор биржаларына төленетін алымдарды, сондай-ақ меншікті берген кезде алынатын салықтар мен алымдарды қамтиды. Мәміле бойынша шығындарға сыйлықақылар немесе қарыздық міндеттемелер бойынша берілетін дисконттар, қаржыландыруға, ішкі әкімшілік шығыстарға және сақтауға жұмсалатын шығыстар жатпайды.

Амортизацияланған құн қаржылық құрал бастапқы тану кезінде бағаланған, есептелген пайыздар шамасына азайтылған немесе ұлғайтылған қарыздың негізгі сомасын өтеуге төленген төлемдер шегерілген шама болып табылады, ал қаржылық активтер үшін – құнсыздану шығындарының сомалары шегеріледі. Өсірілген пайыздарға келісім, сонымен қатар, пайыздың тиімді мөлшерлемесін пайдалана отырып өтелген сомадан кез-келген сыйақылардың немесе дисконттың бойынша бастапқы тану кезінде кейінге қалдырылған амортизациялар жатады. Өсірілген пайыздық кірістер мен өсірілген пайыздық шығындар, соның ішінде өсірілген купондық кіріс пен амортизацияланған дисконт немесе сыйақы (соның ішінде ұсынған кезде кейінге қалдырылған комиссияны, ондай бар болса) жеке көрсетілмейді, қаржылық жағдай туралы тиісті есеп баптарының баланстық құнына енгізіледі.

2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері (жалғасы)

Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі – бұл құралдың баланстық құнына тұрақты пайыздық мөлшерлемені қамтамасыз ету (тиімді пайыздық мөлшерлемені) мақсатында тиісті кезең ішінде пайыздық кірістерді немесе пайыздық шығыстарды тану әдісі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме – бұл қаржылық құрал әрекет ететін күтілетін мерзімге, тиісті жағдайларда одан қысқа мерзімге қаржылық құралдың таза баланстық құнына дейін есептік болашақ ақшалай төлемдерді немесе түсімдердің (несиелер бойынша болашақ шығындарды қоспағанда) дисконттаудың нақты мөлшерлемесі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме осы құрал үшін көрсетілген ауыспалы мөлшерлеме бойынша несиелік спредті көрсетін сыйақы немесе дисконттан басқа немесе нарықтық мағынасына қарамастан белгіленбейтін басқа да өзгермелі факторлар бойынша пайыз өзгеретін келесі күнге дейін мөлшерлемесі ауыспалы құралдар бойынша ақша ағындарын дисконттау үшін пайдаланылады. Мұндай сыйақылар немесе дисконттар құрал айналымда болған күтілетін мерзім ішінде тұтастай амортизацияланады. Дисконтталған құнды есептеуге барлық комиссиялық, төленген немесе келісімшарттың тараптары алған тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігін құрайтындар жатады.

Кредиттік-құнсызданған (РОСИ) қаржылық активтер сатып алған немесе құрған активтер үшін бастапқы танылған кезінде тиімді пайыздық мөлшерлеме кредиттік тәуекелді ескере отырып түзетіледі, яғни келісімшартты ақша ағыны негізінде емес, бастапқы тану кезіндегі күтілетін ақша ағындары негізінде есептеледі.

(ii) Қаржылық активтер

Бағалау санаттары. Қаржылық активтер мына санаттар бойынша: i) пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатындар, ii) өзге жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатындар, iii) амортизациялық құн бойынша бағаланатындар болып жіктеледі. Қарыздық қаржы активтерін жіктеу мен кейіннен бағалау мыналарға: (i) Компанияның тиісті активтер портфелін басқаруға арналған бизнес-модельдеріне және (ii) актив бойынша ақша ағындарының сипаттамасына байланысты.

Бизнес-модель. Бизнес-модель ақша ағындарын алу мақсатында Компанияның активтерді басқару үшін пайдаланатын тәсілін көрсетеді: Компанияның мақсаты (i) активтерден шартта көзделген ақша ағынын алуды ғана («шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін активтерді ұстап тұру»), немесе (ii) шартта көзделген ақша ағынын да алу, активтерді сату нәтижесінде туындайтын ақша ағындарын да алу («шартта көзделген ақша ағынын алу үшін активтерді ұстап тұру») болып табыла ма немесе (i) тармақты да, (ii) тармақты да қолдануға келмейтін болса, қаржылық активтер «басқа» бизнес-модель санатына жатады және пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланады. Бизнес-модель активтер тобы үшін Компания бағалау жүргізген күні қолда болатын портфель үшін белгіленген мақсатқа қол жеткізу үшін жүзеге асыруға ниетті қызметтің барлық тиісті дәлелдемелері негізінде (портфель деңгейінде) анықталады.

Ақша ағындарының сипаттамасы. Егер бизнес-модель шартта көзделген ақша ағынын алу немесе шартта көзделген ақша ағыны мен сатуларды алу үшін активтерді ұстауды көздейтін болса, Компания ақша ағындары тек қарыз бен пайыздың негізгі сомасы есебіне қатысты төлемдерді білдіретін/білдірмейтінін бағалайды («қарыз бен пайыздың негізгі сомасының есебіне қатысты төлемдерге арналған тест» немесе «SPPI-тест»). Бұл бағалауды жүргізген кезде Компания шартта көзделген ақша ағындарының базалық кредиттік шарт талаптарына сәйкестігін қарастырады, яғни пайыздар тек кредиттік тәуекелге, ақшаның уақытша құнына, базалық негізгі шарттың басқа да тәуекелдеріне және пайданың шегіне қатысты өтеуді білдіреді. Егер шарттың талаптары базалық кредиттік шарттың талаптарына сәйкес келмейтін тәуекел мен құбылмалылыққа бейімділігін қарастыратын болса, тиісті қаржылық актив пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша жіктеліп, бағаланады. Тек қарыз бен пайыздың негізгі сомасы есебіне қатысты төлемдер бойынша тест активті бастапқы тану кезінде жүргізіледі, ал кейінгі қайта бағалау жүргізілмейді.

Қаржылық активтерді қайта жіктеу. Қаржылық құралдар осы портфельді басқарудың бизнес-моделі тұтастай өзгерген кезде ғана қайта жіктеледі. Қайта жіктеу бизнес-модель өзгергеннен кейін бірінші есепті кезеңнің басынан бастап перспективті түрде жүргізіледі. Компания ағымдағы және салыстырмалы кезең ішінде өзінің бизнес-моделін өзгерткен жоқ және қайта жіктеу жүргізбеді.

2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері (жалғасы)

Қаржылық активтердің құнсыздануы: күтілетін кредиттік залалдарға байланысты бағалау резерві. Болжалдардың негізінде Компания амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қарыздық құралдармен байланысты күтілетін кредиттік залалдарды бағалайды. Компания күтілетін кредиттік залалдарды бағалайды және әрбір есепті күнге кредиттік залалдарға байланысты бағалау резервін таниды. Күтілетін кредиттік залалдарды бағалау мыналарды: (i) мүмкін болатын нәтижелерді бағалау арқылы ықтималдылықты ескере отырып анықталған алдын ала кесіп-пішілмеген және ойластырылған соманы, (ii) ақшаның уақытша құнын және (iii) есепті кезеңде шамадан тыс шығын және күш жұмсамай қолжетімді болатын өткен оқиғалар, ағымдағы жағдайлар және болжанатын болашақтағы экономикалық жағдайлар туралы барлық негізді және расталатын ақпаратты білдіреді.

Амортизациялық құны бойынша бағаланатын қарыздық құралдар күтілетін кредиттік залалдарға байланысты бағалау резервін шегергендегі қаржылық жағдай туралы жеке есепте беріледі.

Компания бастапқы таныған сәттен бастап кредиттік сапаның өзгерістері негізінде құнсыздануды есепке алудың «үш кезеңдік» моделін қолданады. Бастапқы тану кезінде құнсызданған болып табылмайтын қаржылық құрал 1-кезеңге жататын құрал ретінде жіктеледі. 1-кезеңнің қаржылық активтері үшін күтілетін кредиттік залалдар келесі 12 ай ішінде болуы мүмкін дефолттар нәтижесінде туындайтын немесе шартқа сәйкес, егер ол 12 ай өткенше («12-айлық күтілетін кредиттік залалдар») болатын өтеу күніне дейінгі бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік залалдардың тең бөлігіне тең сомаға бағаланады. Егер Компания бастапқы тану сәтінен бастап кредиттік тәуекелдің айтарлықтай ұлғаюын сәйкестендірсе, онда актив 2-кезеңге ауыстырылады, ал осы актив бойынша күтілетін кредиттік залалдар осы бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік залалдар негізінде, яғни шартқа сәйкес өтеу күніне дейін, бірақ егер ол көзделмеген болса, күтілетін алдын ала төлемді ескере отырып бағаланады («бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік залалдар»). Егер Компания қаржылық актив құнсызданған болып табылады деп анықтаса, онда актив 3-кезеңге ауыстырылады және ол бойынша күтілетін кредиттік залалдар бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік залалдар ретінде бағаланады. Сатып алынған немесе құрылған кредиттік-құнсызданған қаржылық активтер үшін күтілетін қаржылық залалдар қашан да бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік залалдар ретінде бағаланады.

Қаржылық активтерді есептен шығару. Қаржылық активтер Компания оларды өндіріп алу бойынша өзінің барлық дерлік мүмкіндіктерін жойған және мұндай активтерді өтеуге қатысты үміттің негізсіздігі туралы қорытындыға келген кезде тұтастай немесе ішінара есептен шығарылады. Есептен шығару тануды тоқтатуды білдіреді.

Қаржылық құралдарды тануды тоқтату. Компания қаржылық активтерді тануды мынадай жағдайларда: (а) егер осы активтер өтелген болса немесе осы активтерге қатысты ақша ағындарына құқықтың күші біткен болса, немесе (б) Компания қаржылық активтерден түсетін ақша ағындарына қатысты құқықты біреуге берсе немесе оны беру туралы келісім жасаса, және мұндай жағдайда (i) сондай-ақ осы активтерді иеленуге қатысты іс жүзінде барлық тәуекелдерді және барлық сыйақыларды берген болса, немесе (ii) осы активтерді иеленуге қатысты іс жүзінде барлық тәуекелдерді және барлық сыйақыларды бермеген әрі сақтамаған, бірақ осы активтерге қатысты бақылау құқығын жойған болса тоқтатады. Контрагенттің активті байланыссыз үшінші тарапқа сатуға шектеу қоймай толық сатуға іс жүзінде мүмкіндігі болмаған жағдайда бақылау сақталады.

Қаржылық активтерді өзгерту. Кейде Компания қаржылық активтер бойынша шарт талаптарын қайта қарайды немесе өзгеше жолмен өзгертеді. Компания шартта көзделген ақша ағындарын өзгерту маңызды болып табылатын/табылмайтынын бағалайды.

Егер бастапқы актив бойынша ақша ағындарына қатысты құқық аяқталатындай болып, өзгертілген талаптар айтарлықтай ерекшеленетін болса, Компания бастапқы қаржылық активті тануды тоқтатады және жаңа активті әділ құны бойынша таниды. Талаптарды қайта қарау күні кейінгі құнсыздануды есептеу мақсаттары үшін, оның ішінде кредиттік тәуекелдің айтарлықтай көбею фактісін анықтау үшін бастапқы тану күні болып саналады. Компания сонымен қатар жаңа кредиттің немесе қарыздық құралдың төлемдерді қарыз бен пайыздың негізгі сомасының есебіне ғана төлеу критерийіне сәйкестігін бағалайды. Тану тоқтатылған бастапқы активтің баланстық құны мен елеулі түрде өзгертілген жаңа әділ құнның арасындағы кез келген алшақтықтар меншік иелерімен жүргізілетін капиталы бар операцияларға қатысты болмаған жағдайда пайданың немесе залалдың құрамынан көрінеді.

2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері (жалғасы)

Талаптарды қайта қарау контрагенттің қаржылық қиындықтарына және оның бастапқы келісілген төлемдерді орындауға қабілетсіздігіне байланысты болған жағдайда Компания бастапқы және түзетілген күтілетін ақша ағындарын активтермен шарт талаптарының өзгеруі нәтижесіндегі активтер бойынша тәуекелдер мен пайданың айтарлықтай айырмашылығына қатысты салыстырады. Егер тәуекелдер мен пайда өзгермейтін болса, онда өзгертілген активтің бастапқы активтен айтарлықтай айырмашылығы болмайды әрі оны өзгерту тануды тоқтатуға әкеп соқпайды. Компания бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме жөніндегі шартқа (немесе сатып алынған не құрылған кредиттік құнсызданған қаржылық активтер үшін кредиттік тәуекелді ескере отырып түзетілген тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша) өзгертілген ақша ағындарын дисконттау арқылы жалпы баланстық құнды қайта есептейді және пайданың немесе залалдың құрамындағы өзгерістен болған пайданы немесе залалды таниды.

(iii) Қаржылық міндеттемелер

Бағалау санаттары. Қаржылық міндеттемелер (i) пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелерден: бұл жіктелім сауда-саттыққа арналған туынды қаржылық құралдарға, қаржылық міндеттемелерге (мысалы, бағалы қағаздар бойынша қысқа ұстанымдар), бизнесті біріктірген кезде сатып алушы танитын шартты өтеуге және басқа бастапқы тану кезінде анықталған қаржылық міндеттемелерге қолданылады, және (ii) кредиттер беру бойынша қаржылық көпілдіктер мен міндеттемелер шарттардан басқа амортизациялық құн бойынша бағаланатын салдарлар ретінде жіктеледі.

Қаржылық міндеттемелерді тануды тоқтату. Қаржылық міндеттемелерді тану оларды өтеген жағдайда (яғни шартта көрсетілген міндеттеме орындалған немесе тоқтатылған кезде, немесе оның орындалу мерзімі біткен кезде) тоқтатылады.

Компания мен оның бастапқы кредиторларының арасында айтарлықтай өзгеше талаптары бар қарыздық құралдармен алмасу, сондай-ақ қолда бар қаржылық міндеттемелер талаптарының маңызды өзгерістері бастапқы қаржылық міндеттемелерді өтеу және жаңа қаржылық міндеттемелерді тану ретінде ескеріледі. Егер ақша ағындарының дисконтталған келтірінді құнының жаңа талаптарға сәйкес, бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдаланып алынған сыйақыларды шегергендегі дисконтталған барлық төленген сыйақыларды қоса алғанда, бастапқы қаржылық міндеттемелер бойынша қалған ақша ағындарының дисконтталған келтірінді құнынан кем дегенде 10%-ға айырмашылығы болса, талаптардың елеулі айырмашылықтары бар болып саналады. Бұған қоса, басқа да сапалық факторлар ескеріледі. Егер қарыздық құралдармен алмасу немесе талаптарды өзгерту өтеу болып есептелсе, онда барлық шығындар немесе төленген сыйақылар өтеуден түскен пайданың не одан болған залалдың құрамында танылады. Егер алмасу немесе өзгеріс өтеу болып саналмаса, онда барлық шығындар немесе төленген сыйақылар міндеттемелердің баланстық құнын түзету ретінде көрсетіледі және өзгертілген міндеттемелер қолданылатын қалған мерзім ішінде амортизацияланады.

Міндеттемелерді өтеуге әкеп соқпайтын өзгерістер кумулятивтік амортизацияны кейінгі күнмен есептеу әдісі бойынша бағалау мәнінің өзгеруі ретінде ескеріледі, мұнда пайда немесе залал баланстық құндағы айырмашылықтың экономикалық мазмұны меншік иелерімен жүргізілетін капиталы бар операцияларға жатпайтын болса, пайда немесе залал құрамында көрсетіледі.

(vi) Өзара есепке алу

Қаржылық активтер мен міндеттемелер өзара есепке алынады және қаржылық жағдай туралы есепте таза шама тек мына жағдайларда: көрсетілген сомаларды өзара есепке алуға, сонымен қатар, өзара есепке алуға ниеті болса немесе оны жүргізуге, не болмаса бір мезгілде активтерді сатуға және міндеттемелерді реттеуге заңды белгіленген құқығы болса ғана көрсетіледі. Қарастырылып отырған өзара есепке алу құқығы (а) болашақта болуы мүмкін жағдайларға байланысты болмауы тиіс, (б) мынадай жағдайларда жүзеге асыруға заңды мүмкіндігі болуы тиіс: (i) әдеттегі қаржы-экономикалық қызметті жүзеге асыру барысында; (ii) төлемдер бойынша міндеттемелер орындалмаған жағдайға (дефолт жағдайы); (iii) дәрменсіздік немесе банкротқа ұшыраған жағдайға байланысты болмауы тиіс.

Жеткізушілерге берілетін аванстар

Жеткізушілерге берілетін аванстар есептілікте құнсыздануға арналған қорды шегергенде бастапқы құн бойынша көрсетілген. Аванстар егер тауарды немесе оларға қатысты қызметті алудың болжалды мерзімі бір жылдан асатын болса, немесе егер аванстар бастапқы тану кезінде есепте ұзақ мерзімді ретінде көрсетілген активтерге қатысты болса, ұзақ мерзімді ретінде жіктеледі. Активтерді сатып алу үшін аванстың сомасы Компанияның осы активтерді бақылауға алған және олармен байланысты келешек экономикалық табыстарды Компания компания алатын ықтималдылықтың болған кезінде олардың баланстық құнына қосылады. Өзге аванстар тауарларды және оларға қатысты қызметтерді алған кезде есептен шығарылады.

2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері (жалғасы)

Егер аванстарға қатысты активтер, тауарлар немесе қызметтер алынбайтын белгі болса, аванстардың баланстық құны азаюға жатады және құнсызданудан болған тиісті шығыс жылғы табыс пен шығыс арқылы көрсетіледі.

Тауар-материалдық қорлар

Тауар-материалдық қорлар екі шаманың ең азымен есептеледі: өзіндік құны мен таза сату бағасы. Қорлардың өзіндік құны «first in first out» («ФИФО») әдісі арқылы анықталады. Тауар-материалдық қорлардың өзіндік құнына сатып алу мен басқа да тікелей шығындар жатады, және қарыздық қаражат бойынша шығындар жатпайды. Таза сату құны – бұл өндірісті аяқтауға жұмсалатын шығындар мен сату бойынша шығындарды шегергендегі әдеттегі қызмет барысында ықтимал сатудың есептік бағасы.

Сауда және басқа дебиторлық қарыз

Сауда және басқа дебиторлық қарыз бастапқыда әділ құн бойынша, ал кейін тиімді пайыздық мөлшерлеме тәсілін қолдана отырып есептелген амортизацияланған құны бойынша есептеледі.

Ақша қаражаты және олардың баламалары

Ақша қаражатына және олардың баламаларына кассадағы ақша қаражаты мен ағымдағы банктік шоттардағы қаржылар жатады. Ақша қаражаты және ақша қаражатының баламалары амортизацияланған құн бойынша көрсетіледі, өйткені (i) шартта көрсетілген ақша ағындарын алу үшін ұсталатын болғандықтан және (ii) бұл ақша ағындары қарыз бен пайыздың негізгі сомасы есебіне төленетін төлемді ғана білдіретіндіктен, олар пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын санатқа жатқызылмаған.

Пайдаланылуы шектелген ақша қаражатының қалдығы ақша қаражатының қозғалысы туралы есепті жасау үшін ақша қаражатының және оның баламаларының құрамынан шығарылады. Айырбас операцияларға есептік кезеңнен кейін кем дегенде он екі ай бойы шектеулер белгіленген ақша қаражатының қалғаны немесе міндеттемелерді өтеу үшін пайдалануға өзге ұзақ мерзімді активтер құрамына жатқызылады; үш айдан артық, бірақ есептік кезеңнен кейін он екі айдан кем уақытқа шектеулер қойылған ақша қаражаты басқа қысқа мерзімді активтер құрамына енгізіледі.

Акционерлік капитал

Жай акциялар капитал ретінде жіктеледі. Жаңа акцияларды шығарумен тікелей байланысты қосымша шығындар капитал құрамында, салықтарды шегергендегі түсімдер сомасынан алынған шегерімдер ретінде көрсетіледі. Компанияның Директорлар кеңесінің шешімімен акцияларды әрбір жеке шығарған жағдайда әр акцияның құны, сонымен қатар, заңнамаларға сәйкес акцияның саны анықталады.

Жалға алу бойынша міндеттемелер

Жалға алу шарттары бойынша туындайтын міндеттемелер бастапқы кезеңде келтірілген құны бойынша бағаланады. Жалға алу міндеттемелері төмендегі жалдау төлемдерінің таза келтірілген құнын қамтиды:

- алғанға дейінгі жалдау бойынша ынталандырушы төлемдерді шегергендегі тіркелген төлемдер (мәні бойынша тіркелген төлемдерді қоса алғанда)
- жалға алу басталған күнгі индексті немесе ставканы пайдалана отырып, бастапқы бағаланатын индекске немесе ставкаға байланысты ауыспалы жалдау төлемі,
- тарату құнының кепілдіктері бойынша Компанияның төлеуге күтілетін сомасы;
- Компанияның осы опционды орындауға жеткілікті сенімділік бар болған жағдайда сатып алу опционының орындалу бағасы;
- егер жалдау мерзімі Компанияның осы опционды орындауын көрсетсе, жалдау шарттарын тоқтату үшін айыппұлдарды төлеу.

2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері (жалғасы)

Жалға алуды ұзарту және тоқтату опциондары Компания ғимараттарын жалға алу бірқатар шарттарында көзделген. Бұл шарттар Компания өз қызметінде пайдаланатын активтерді басқару кезінде барынша операциялық икемділікті қамтамасыз ету үшін пайдаланылады. Жалдауды ұзарту және тоқтату опциондарының басым бөлігін тиісті жалға беруші емес, Компания ғана орындауы мүмкін. Ұзарту опциондары (немесе жалдауды тоқтатуға арналған опциондар шарттарында белгіленген мерзімнен кейінгі уақыт кезеңі) шарт ұзартылатынына (немесе тоқтатылмайтындығына) жеткілікті сенімділік болған жағдайда ғана жалдау мерзіміне енгізіледі. Міндеттемелерді бағалауға егер жалдау ұзартылатынына жеткілікті сенім болса, ұзарту опциондарын орындау шеңберінде жүргізілетін жалдау төлемдері де енгізіледі.

Жалдау төлемдері жалдау шартында енгізілген пайыздық ставканы пайдалана отырып дисконтталады. Егер бұл ставканы, әдетте, Компанияда бар жалдау шарттары жағдайында орын алатынын айқындау оңай болмаса, Компания қосымша қарыз қаражатын тарту ставкасын пайдаланады – бұл Компания осындай мерзімге және осындай қамтамасыз ету кезінде осындай экономикалық жағдайларда пайдалану құқығы нысанында активтің құнына ұқсас құны бар активті алу үшін қажетті қарыз қаражатын тарта алатын ставка.

Қосымша қарыз қаражатын тарту ставкасын анықтау үшін Компания:

- мүмкіндігіне қарай Компания үшінші тараптан жақында алған қаржыландыру туралы бастапқы ақпаратты пайдаланады және оны үшінші тараптан қаржыландыру алған сәттен бастап кезеңдегі қаржыландыру талаптарындағы өзгерістерді ескере отырып түзетеді,
- несие тәуекелін ескере отырып түзетілетін, есептелуі тәуекелсіз пайыздық ставкадан басталатын өсіру тәсілін қолданады, және
- жалға алу шартының ерекшелігін, мысалы жалға алу мерзімін, елін, валютасын және қамтамасыз етуді ескере отырып түзетулер жүргізеді.

Компания күшіне енгенге дейін жалдау міндеттемесінде көрсетілмейтін индекске немесе ставкаға байланысты болатын ауыспалы жалдау төлемдерін ықтимал ұлғайту тәуекеліне ұшырайды. Индекске немесе ставкаға байланысты жалдау төлемдерінің өзгерістері күшіне енген кезде пайдалану құқығы нысанында активтің құнын түзете отырып, жалдау бойынша міндеттемелерді қайта бағалау жүргізіледі.

Жалдау төлемдері міндеттемелердің негізгі сомасына және қаржылық шығыстарға бөлінеді. Қаржылық шығыстар әрбір кезең үшін міндеттемелердің өтелмеген қалдығы бойынша тұрақты мерзімдік пайыздық ставканы қамтамасыз ету үшін жалдаудың барлық кезеңі ішінде пайдада немесе шығында көрсетіледі.

Жабдықтар мен көлік құралдарын қысқа мерзімді жалдау және құны төмен кез келген активтерді жалдау бойынша төлемдер пайда немесе шығын құрамындағы шығыстар ретінде желілік әдіспен танылады. Қысқа мерзімді жалдау 12 айдан аспайтын мерзімге жалдау шартын білдіреді.

Қарыздар

Қарыздар бастапқыда мәміле бойынша шығындарды шегергенде әділ құн бойынша көрсетіледі және кейін амортизацияланған құн бойынша көрсетіледі; алынған құралдар сомасы (мәміле бойынша шығындарды шегергенде) өтеу құны арасындағы айырмашылық тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, қарыздың бүкіл кезеңі ішінде табыс пен залалда танылады.

Нарықтық емес жағдайларда акционерлерден алған қарыздарды есепке алған кезде Компания капиталға салым ретінде капиталдағы бастапқы танудан түскен табысты көрсетеді. Операцияның экономикалық мәнін көрсететін есепке алу тәртібі барлық ұқсас операцияларға жүйелі түрде қолданылады.

Мақсатты пайдалану үшін немесе сату үшін дайындау міндетті түрде айтарлықтай уақыт қажет болатын тікелей активтерді сатып алуға, салуға немесе өндіруге тікелей қатысты жалпы және нақты мақсаттарға тартылған қарыздардың шығындары айтарлықтай уақытты талап етеді (бұдан әрі «белгілі бір талаптарға жауап беретін актив»), капиталдандырылады. Қарыздар бойынша басқа залалдар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып, шығыстар құрамында танылады. Егер Компания белгілі бір талаптарға жауап беретін активтер бойынша күрделі шығыстарды жүргізбесе, ол құтылуы мүмкін болатын қарыздар бойынша залалдарды капиталдандырады. Капиталдандырудың бастапқы күні (а) Компания белгілі бір талаптарға сай активпен байланысты шығындарды көтергенде; (б) қарыздар бойынша шығындарды көтергенде; және (в) активті мақсатты пайдалануға немесе сатуға дайындау үшін қажетті шараларды жүзеге асырғанда басталады. Капиталдандыру білгілі бір талаптарға жауап беретін активті оны мақсатты пайдалануға немесе сатуға дайындау үшін қажетті барлық шаралар аяқталғанда тоқтатылады.

2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері (жалғасы)

Қарыздар Компанияның есептік кезеңнен кейін кем дегенде он екі айға алған міндеттемелері бойынша есептемелер мерзімін ауыстыруға міндетті құқығы болмаған кезде қысқа мерзімді міндеттемелер құрамында көрсетіледі.

Кредиторлық берешек

Кредиторлық берешек контрагенттің өзінің шарттық міндеттемелерін орындау фактісі бойынша есептеледі. Кредиторлық берешек, бастапқыда әділ құны бойынша көрсетіледі және кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, амортизацияланған құн бойынша ескеріледі.

Еңбекке ақы төлеуға жұмсалатын шығыстар және оларға байланысты аударымдар

Еңбекақыға, зейнетақы аударымдарына, әлеуметтік сақтандыру қорына төленетін жарналар, төленген жыл сайынғы демалыстар мен еңбекке жарамсыздығы үшін жасалатын төлемдер, сыйақылар мен ақшалай емес жеңілдіктер Компания қызметкерлерінің тиісті жұмыстарды жүзеге асыруына қарай есептеледі.

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Компания өзінің қызметкерлерінің атынан осындай зейнеткерлік және қызметтен босарда алынатын жәрдемақыларын ұстап қалады. Жұмыскерлер зейнеткерлікке шыққан кезде Компанияның қаржылық міндеттемелері тоқтатылады және барлық төлемдерді мемлекеттік және жеке зейнетақы қорлары жүргізеді.

Табыс салығы

Осы жеке қаржылық есептілікте табыс салығы қолданыстағы немесе есептік кезеңнің соңында күшіне енген Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілген. Егер олар осы немесе басқа кезеңдерде басқа жиынтық табыстың немесе тікелей капитал құрамында көрсетілген операцияларға жатуына байланысты басқа жиынтық пайда құрамында немесе тікелей капитал құрамында көрсетілмеуі тиіс болса, табыс салығы бойынша шығындарға ағымдағы және кейінге қалдырылған салықтар жатады және жылдық кірістер мен шығында көрсетіледі.

Ағымдағы салық ағымдағы және өткен кезеңдер үшін салық салынатын кіріс немесе шығынға қатысты мемлекеттік бюджеттен өтелетін немесе оған төленетін сома болып табылады. Егер қаржылық есептілік тиісті салық декларациясын бергенге дейін бекітілсе, салық салынатын пайда немесе зиян бағалау көрсеткіштеріне негізделеді. Табыс салығынан өзге, басқа да салықтар операциялық шығындар құрамында көрсетіледі.

Қаржылық кепілдер

Қаржылық кепілдер – бұл егер тиісті дебитор қарыз құралдарының шарттары бойынша төлемді уақытылы жүргізбеген жағдайда көтерген компаниядан кепілдікті ұстаушыға шығындарды өтеу бойынша нақты төлемдерді жүзеге асыруды талап ететін қайтарып алынбайтын шарттар. Қаржылық кепілдіктер бастапқыда әділ құны бойынша көрсетіледі, әдетте ол алынған комиссияның сомасына тең. Аталған сома кепілдіктің әрекет ету мерзімі ішінде желілік әдіспен амортизацияланады. Кепілдіктер әрбір есептік кезеңге екі соманың ең үлкені: (i) бастапқы танылған кезде көрсетілген амортизацияланбаған сомасы, және (ii) есептік кезеңнің соңындағы жағдай бойынша міндеттемені реттеу үшін қажетті шығындардың сомасының ең жақсы бағасы бойынша бағаланады.

Акционермен жүргізілетін операциялар

Акционердің өкімі бойынша шығындарды есептеу немесе активтерді бөлу, негізгі құралдардың объектілерін, бизнесті біріктіруді, басқа кәсіпорынға немесе істен шығу тобына қатысу үлесін, ақша қаражатын және басқаларды қоса алғанда, «Капиталдың өзге бөлулер» ретіндегі бөлінбеген пайда болып танылады.

3 Жаңа немесе қайта қаралған стандарттар мен түсіндірулерді қолдану

Төменде санамаланған қайта қаралған стандарттар Компания үшін 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап міндетті деп танылды, бірақ Компанияға елеулі әсер етпеді:

- Қаржылық есептіліктің тұжырымдамалық негізіне түзетулер (2018 жылғы 29 наурызда шығарылған және 2020 жылғы 1 қаңтарда немесе одан кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- Бизнесі анықтау – ҚЕХС (IFRS) 3 түзетулері (2018 жылғы 22 қазанда шығарылған және 2020 жылғы 1 қаңтарда немесе одан кейін басталатын жылдық есептік кезеңде басталатын сатып алуларға қатысты қолданылады).
- Маңыздылықты анықтау - ҚЕХС (IAS) 1 және ҚЕХС (IAS) 8 түзетулері (2018 жылғы 31 қазанда шығарылған және 2020 жылғы 1 қаңтарда немесе одан кейін басталатын жылдық кезеңге қатысты қолданылады).
- Пайыздық мөлшерлемені реформалау - ҚЕХС (IFRS) 9, ҚЕХС (IAS) 39 және ҚЕХС (IFRS) 7 түзетулері (2019 жылдың 26 қыркүйегінде шығарылған және 2020 жылғы 1 қаңтарда немесе одан кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты қолданылады).
- ҚЕХС (IFRS) 16 түзетуі, «COVID-19 байланысты жалдау бойынша шегінулер» (2020 жылғы 28 мамырда шығарылған және 2020 жылғы 1 қаңтарда немесе одан кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).

2021 жылғы 1 қаңтардан бастап немесе одан кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін міндетті болып табылатын және Компания мерзімінен бұрын қабылдамаған бірқатар жаңа стандарттар мен түсіндірмелер жарияланды.

ҚЕХС (IFRS) 10 және ҚЕХС (IAS) 28 түзетулері – «Инвестор мен оның қауымдасқан ұйымы немесе бірлескен кәсіпорын арасындағы мәмілелерде активтерді сату немесе активтерді салу» (2014 жылғы 11 қыркүйекте шығарылған және ҚЕХС жөніндегі кеңес белгілеген мерзімнен немесе осы мерзімнен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдерге қатысты күшіне енеді). Бұл түзетулер ҚЕХС (IFRS) 10 және ҚЕХС (IAS) 28 арасындағы, атап айтқанда қауымдасқан ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға сатылатын немесе соларға салынатын активтер арасындағы сәйкессіздіктерді жояды. Түзетулердің негізгі қолданысы егер мәміле бизнеске қатысты болса, туындайтын пайда немесе шығын толық көлемде танылады. Егер активтер бизнес деп танылмайтын болса, бұл активтерге еншілес ұйымдар иелік еткеннің өзінде пайда мен шығынның бір бөлігі ғана танылады.

ҚЕХС (IFRS) 17 «Сақтандыру шарттары» (2017 жылғы 18 мамырда шығарылған және 2021 жылғы 1 қаңтарда немесе одан кейін басталатын жылдық есептік кезеңдерге қатысты күшіне енеді). ҚЕХС (IFRS) 17 ҚЕХС (IFRS) 4 стандартының орнына жүреді, бұл стандарт ұйымдарға сақтандыру шарттарын есепке алуға қатысты қолданыстағы тәжірибені пайдалана беруге мүмкіндік берді, соның салдарынан инвесторларға өзге көрсеткіштері бойынша ұқсас сақтандыру компанияларының қаржылық нәтижелерін салыстыру мен салғастыру қиындық туғызды. ҚЕХС (IFRS) 17 сақтанушыны қайта сақтандыру шартын қоса алғанда барлық сақтандыру шарттарын көрсетуге негізделген бірыңғай стандарт болып табылады. Осы стандартқа сәйкес сақтандыру шарттары тобын тану және бағалау (i) осы құнға қосылатын (егер құны міндеттеме болып табылатын болса) немесе одан шегерілетін (егер құны актив болып табылса), болжанатын нарықтық ақпаратқа сәйкес келетін, шарттардың орындалуы бойынша ақша ағыны туралы барлық ақпарат ескерілген, тәуекел ескеріле отырып түзетілген болашақ ақша ағынының құны (ii) шарттар тобы бойынша бөлінбеген пайда сомасы (шарттар бойынша сервистік маржа) бойынша жүргізіледі. Сақтандырушылар Компаниядан түсетін табысты сақтандыруды өтеу ұсынылатын, және тәуекелден босатылатын сәттегі сақтандыру кезеңін қамти отырып көрсетеді. Егер шарттасушы топ шығынды болып табылса, ұйым бұл шығынды тез арада көрсетеді.

3 Жаңа немесе қайта қаралған стандарттар мен түсіндірулерді қолдану (жалғасы)

ҚЕХС (IFRS) 17 түзетулері және ҚЕХС (IFRS) 4 түзетулері (2020 жылғы 25 маусымда шығарылған және 2023 жылдың 1 қаңтарынан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енеді). Түзетулер ҚЕХС (IFRS) 17-нің енгізілуін жеңілдету және стандарттың жекелеген талаптарын жеңілдету және оған көшуге бағытталған бірқатар түсіндірмелерді қамтиды. Бұл түзетулер ҚЕХС (IFRS) 17-нің сегіз саласына қатысты және стандарттың негізгі принциптерін өзгертпейді. ҚЕХС (IFRS) 17-ге келесідей өзгерістер енгізілді:

- Күшіне ену күні: ҚЕХС (IFRS) 17-нің күшіне ену күні (өзгертулермен) екі жылға шегерілді. Стандарт 2023 жылғы 1 қаңтардан немесе одан кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты қолданылуы керек. ҚЕХС (IFRS) 4-ке қатысты ҚЕХС (IFRS) 9-ды уақытша босату бойынша белгіленген мерзім де 2023 жылдың 1 қаңтарынан немесе одан кейін басталатын жылдық кезеңдерге дейін шегерілді.
- Сақтандыруды сатып алу кезінде күтілетін ақшалай қаражаттар ағыны: Ұйымдар сатып алу шығындарының бір бөлігін жаңартулар күтілетін талаптарға сай келісімшарттарға бөлуге міндетті және ұйым мұндай жаңартуларды мойындағанға дейін мұндай шығындарды активтер ретінде тануға міндетті. Ұйымдар әрбір есепті күнге активтің қалпына келу ықтималдығын бағалауға және қаржылық есептіліктің ескертпелерінде нақты актив туралы ақпаратты ұсынуға міндетті.
- Инвестициялық қызметтерге жатқызылған, шартта көзделген қызмет маржасы: Жалпы модельге сәйкес инвестициялық кірістер алу қызметі көзделген басқа шарттар бойынша төлемдер көлемін және сақтандыру төлемінің, сондай-ақ инвестициялық қызметтердің күтілетін кезеңін ескере отырып, қамту бірліктерін бөлу керек. Инвестициялық қызметке жұмсалатын шығындар, сақтандыру полисін ұстаушыға сақтандыру төлемінің тиімділігін арттыру үшін осындай қызметпен айналысқан кезде сақтандыру келісімшарты шеңберінде ақша ағыны ретінде ескерілуі керек.
- Сатып алынған қайта сақтандыру келісімшарттары - шығындарды өтеу: Ұйым негізгі сақтандыру шарттары тобына бастапқы мойындау кезінде немесе қиындық келтіретін сақтандыру шарттарын топқа қосу кезінде залалды мойындаған кезде, ұйым шарт бойынша қызмет көрсету маржасын сәйкесінше түзетуі керек, сатып алынған қайта сақтандыру келісімшарттарының тобы және осы қайта сақтандыру келісімшарттарындағы пайданы мойындайды. Қайта сақтандыру шарты бойынша қалпына келтірілген залалдың мөлшері базалық сақтандыру шарттары бойынша танылған залалды және ұйымның сатып алынған қайта сақтандыру шарты бойынша өтеуді күткен базалық сақтандыру шарттары бойынша талаптардың пайызын көбейту жолымен анықталады. Бұл талап сатып алынған қайта сақтандыру шарты негізгі сақтандыру келісімшарттары бойынша залал танылғанға дейін немесе сол уақытта танылған жағдайда ғана қолданылады.
- Басқа түзетулер Басқа түзетулер кейбір несиелік карталар (немесе ұқсас шарттар) мен кейбір несиелік келісімдерге қатысты ерекшеліктерді қамтиды; сақтандыру шарттары бойынша активтер мен міндеттемелерді қаржылық жағдай туралы есепті топтар бойынша емес, портфель түрінде көрсету; сатып алынған қайта сақтандыру шарттарын және пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын туынды емес қаржы құралдары арқылы қаржылық тәуекелдерді азайту үшін тәуекелді азайту нұсқасының қолданылуы; ҚЕХС (IFRS) 17 қолдану кезіндегі алдыңғы аралық қаржылық есептіліктегі бухгалтерлік бағалаудағы өзгерістер үшін есеп саясатын таңдау; сақтандыру шартының талаптары бойынша нақты сақтандырылушыға жататын табыс салығы бойынша төлемдер мен түсімдерді келісімшарттарды орындау үшін ақша ағынына қосу; өтпелі кезеңдегі талаптардан селективті босату және басқа да ұсақ түзетулер.

Міндеттемелерді ұзақ мерзімді және ұзақ мерзімді деп жіктеу - ҚЕХС (IAS) 1 түзетулері (2020 жылғы 23 қаңтарда шығарылған және 2022 жылғы 1 қаңтардан немесе одан кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енеді). Бұл шектеулі сала түзетулері міндеттемелердің есепті кезеңнің соңында болған құқықтарға байланысты ұзақ мерзімді және ұзақ мерзімді болып жіктелетіндігін түсіндіреді. Егер ұйым есепті кезеңнің соңында есеп айырысуды кемінде 12 айға кейінге қалдыру құқығына ие болатын болса, міндеттемелер ұзақ мерзімді болып табылады. Нұсқаулықта мұндай құқық сөзсіз болуы керек деген талап жоқ. Басшылықтың төлемді өтеу мерзімін кейінге қалдыруға қатысты өз құқығын пайдалану туралы болжамы міндеттемелердің жіктелуіне әсер етпейді. Өтеу мерзімін кейінге қалдыру құқығы ұйым кезеңнің аяғында барлық қолданыстағы шарттарды орындаған жағдайда ғана пайда болады. Егер шарт есепті күнге дейін немесе одан бұрын бұзылған болса, тіпті есепті кезеңнің соңында кредитордан шартты орындау міндеттемесінен босату алынған болса да, міндеттеме ұзақ мерзімді болып жіктеледі. Сонымен бірге, егер несиелік келісімнің шарты есепті күннен кейін ғана бұзылса, несие ұзақ мерзімді болып жіктеледі. Сонымен қатар, түзетулер ұйымның меншікті капиталға айырбастау арқылы өтей алатын қарыз бойынша жіктеу талаптарын нақтылайды. «Өтеу» - бұл ақша қаражаттары, экономикалық тиімділікті қамтитын басқа ресурстар немесе ұйымның меншікті капиталы құралдары түрінде есеп айырысу арқылы міндеттемені тоқтату. Меншікті капиталға айырбасталатын айырбасталатын құралдар үшін ерекшелік бар, бірақ тек конверсиялық опция күрделі қаржы құралының жеке құрамдас бөлігі ретінде үлестік құрал ретінде жіктелген құралдар үшін ғана.

3 Жаңа немесе қайта қаралған стандарттар мен түсіндірулерді қолдану (жалғасы)

Міндеттемелерді ұзақ мерзімді және ұзақ емес деп жіктеу - күшіне енетін күнді ауыстыру - ҚЕХС (IAS) 1 түзетулері (2020 жылғы 15 шілдеде шығарылған және 2023 жылғы 1 қаңтардан немесе одан кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енеді). Міндеттемелерді ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді деп жіктеуге қатысты ҚЕХС (IAS) 1 түзетулері 2020 жылғы қаңтарда шығарылған болатын және 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді деп қабылданды. Алайда, COVID-19 пандемиясына байланысты күшіне ену мерзімі ұйымдарға түзетулер енгізу нәтижесіндегі жіктеулермен байланысты өзгертулерді енгізуге көп уақыт беру үшін бір жылға шегерілді.

«Активті мақсатты пайдаланғанға дейінгі түсім, Қиындық тудыратын шарттар - шартты орындау құны», «Тұжырымдамалық негіздерге сілтеме» - қолданыс аясы шектеулі ҚЕХС (IAS) 16, ҚЕХС (IAS) 37 және ҚЕХС (IFRS) 3 түзетулері және ҚЕХС (IFRS) 1, ҚЕХС (IFRS) 9, ҚЕХС (IFRS) 16 мен ҚЕХС (IAS) 41 -ге қатысты 2018-2020 жылдардағы жыл сайынғы ҚЕХС жетілдірулері (2020 жылғы 14 мамырда шығарылған және 2022 жылғы 1 қаңтардан немесе сол күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енеді). ҚЕХС (IAS) 16 түзетуі ұйымдарға негізгі құрал-жабдықтардың өзіндік құнынан ұйым активті мақсатты пайдалануға дайындаған кезде өндірілген дайын өнімді сатудан түскен кез-келген кірісті шегеруге тыйым салады. Осындай дайын өнімді сатудан түскен түсім, енді оны өндіруге кеткен шығындармен бірге, пайда мен шығын құрамында танылады. Ұйым осындай дайын өнімнің құнын бағалау үшін ҚЕХС (IAS) 2 қолдануы керек. Өнім құнына мұндай сынақтан өткізілетін активтің амортизациясы кірмейді, өйткені ол пайдалануға дайын емес. ҚЕХС (IAS) 16-ға енгізілген түзету ұйым «активтің дұрыс жұмыс істеуін» активтің техникалық және физикалық сипаттамаларын бағалау арқылы тексеретіндігін түсіндіреді.

Мұндай активтің қаржылық нәтижелерінің бұл бағалауға қатысы жоқ. Демек, актив басшылықтың мақсаты бойынша жұмыс істей алады және басшылық күткен операциялық өнімділік деңгейіне жеткенге дейін амортизациялануы мүмкін.

ҚЕХС (IAS) 37-ге енгізілген түзету «шартты орындау шығындары» ұғымын нақтылайды. Түзету шартты орындауға арналған тікелей шығындарға осы шартты орындауға арналған қосымша шығындарды қосатындығын түсіндіреді; және келісімшарттың орындалуына тікелей байланысты басқа шығындарды бөлу. Түзету, сонымен қатар, қиындық тудыратын шарт бойынша бөлек резерв жасамас бұрын, ұйым шартты орындау үшін қолда бар активтер емес, шартты орындау үшін пайдаланылған активтер бойынша құнсызданудан болған барлық шығынды мойындайтынын түсіндіреді.

ҚЕХС (IFRS) 3 бизнесті біріктіру кезінде актив немесе міндеттеме нені қамтитынын анықтау үшін 2018 жылғы Қаржылық есептіліктің тұжырымдамалық негіздеріне сілтеме енгізу үшін өзгертілді. Осы түзету қабылданғанға дейін ҚЕХС (IFRS) 3 2001 жылғы Қаржылық есептіліктің тұжырымдамалық негіздеріне сілтеме енгізді. Сонымен қатар, ҚЕХС (IFRS) 3-ке міндеттемелер мен шартты міндеттемелерге қатысты жаңа ерекшелік қосылды. Бұл ерекшелік міндеттемелер мен шартты міндеттемелердің жекелеген түрлері үшін ҚЕХС (IFRS) 3-ті қолданатын ұйым 2018 жылғы Қаржылық есептіліктің тұжырымдамалық негізіне емес, ҚЕХС (IAS) 37-ге немесе КРМФО (IFRIC) 21 түсіндірмесіне сілтеме жасауы керектігін көздейді. Осы жаңа ерекшеліксіз ұйым ҚЕХС (IAS) 37-ге сәйкес мойындалмайтын бизнесті біріктіру кезінде кейбір міндеттемелерді тану қажеттігі туындар еді. Сондықтан сатып алғаннан кейін, ұйым бірден мұндай міндеттемелерді есептен шығаруы және экономикалық тиімділікті көрсетпейтін кірісті танымауы тиіс. Сонымен қатар, сатып алушыдан сатып алу күнінде ҚЕХС (IAS) 37-де айқындалған шартты активтерді тануға міндетті емес екендігі түсіндірілді.

ҚЕХС (IFRS) 9-ға түзету қаржылық міндеттемелерді есептен шығару үшін қандай төлемдерді «10% сынаққа» қосу керек деген мәселені қарастырады. Шығындар немесе төлемдер үшінші тұлғалардың немесе несие берушінің пайдасына шешілуі мүмкін. Осы түзетуге сәйкес шығындар немесе үшінші тұлғаларға төленетін төлемдер «10% тестілеуге» кірмейді.

ҚЕХС (IFRS) 16-ның 13-ші иллюстрациялық мысалына түзеті енгізілді: жалға берілген мүлікті жақсартуға байланысты жалға берушінің төлемдерін жою мысалы алынып тасталды. Бұл түзету жалға берілген мүліктің жақсаруы қалай есептелетініне қатысты мүмкін болатын белгісіздікті болдырмау үшін енгізілген.

ҚЕХС (IFRS) 1 еншілес ұйым өзінің ҚЕХС-ын өзінің бас компаниясына қарағанда кешірек қолдана бастаса, босатуға рұқсат береді. Еншілес ұйым өзінің активтері мен міндеттемелерін бас ұйымның шоғырландырылған қаржылық есептілігіне енгізілетін баланстық құны бойынша бағалауы мүмкін, бұл ретте бас ұйымның аталған еншілес ұйымды сатып алуға бағытталған бизнесті біріктіруі нәтижесіндегі шоғырлану және нәтижені көрсету үшін ешқандай түзетулер енгізілмегені, бас компанияның ҚЕХС-қа ауысқан күні ескеріледі. ҚЕХС (IFRS) 1-ге бас компанияның ҚЕХС-қа ауысқан күні негізінде бас ұйым көрсеткен көрсеткіштердің сандық мәнін пайдалана отырып жинақталған курстық айырма бағамын бағалауға мүмкіндік беретін түзету енгізілді. Бұл түзету ҚЕХС (IFRS) 1-ты алғаш қолданатын ұйымдардың шығындарын қысқарту үшін жоғарыда көрсетілген босатудың жинақталған бағамдық айырмаларға қолданылуын таратады. Бұл түзету ҚЕХС (IFRS) 1-де көзделген босатудан пайдалана алатын қауымдастырылған және бірлескен кәсіпорындарға да қатысты болады.

3 Жаңа немесе қайта қаралған стандарттар мен түсіндірулерді қолдану (жалғасы)

ҚЕХС (IAS) 41-ге сәйкес әділ құнды өлшеу кезінде ұйымдар салық салу мақсатында ақша ағындарын алып тастауы керек деген талап алынып тасталды. Бұл түзету салық төлеуден кейінгі дисконтталған ақша ағындары туралы стандарттағы талаптарға сәйкестікті қамтамасыз етуі тиіс.

Базалық пайыздық мөлшерлемені реформалау (IBOR) - ХҚЕС (IFRS) 9, ХҚЕС (IAS) 39, ХҚЕС (IFRS) 7, ҚЕХС (IFRS) 4 және ХҚЕС (IFRS) 16 түзетулері - 2 кезең (2020 жылғы 27 тамызда шығарылған және 2021 жылғы 1 қаңтардан немесе одан кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енеді). 2-кезеңдегі түзетулер реформаларды жүзеге асыру нәтижелерінен туындайтын мәселелерді шешуге, соның ішінде бір базалық пайыздық ставканы баламаға ауыстыруға бағытталған. Түзетулер келесі бағыттарға қатысты:

- *Базалық пайыздық мөлшерлемені реформалау нәтижесінде ақшалай қаражаттың шарттық ағындарын анықтау негізіндегі өзгерістерді есепке алу тәртібі (бұдан әрі - «IBOR реформасы»):* Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын құралдарға қатысты түзетулерге сай, ұйымның практикалық сипатын жеңілдету ретінде ХҚЕС (IFRS) 9 стандартының B5.4.5-тармағындағы нұсқаулықты қолданып, тиімді пайыздық мөлшерлемені жаңарту арқылы IBOR реформасынан туындайтын ақшалай қаражаттың шарттық ағындарын анықтау үшін өзгерістерді ескеру қажет. Тиісінше осы уақытта ешқандай пайда немесе шығын танылған жоқ. Бұл практикалық сипаттағы жеңілдеті тек осындай өзгеріске және ол IBOR реформасының тікелей салдары ретінде қажет болған жағдайда ғана қолданылады, ал жаңа негіз экономикалық негізде алдыңғы негізге тең. ХҚЕС (IFRS) 9-дан уақытша босатуды қолданатын сақтандырушылар да дәл осындай практикалық сипаттағы жеңілдетуді қолдануы керек. ХҚЕС (IFRS) 16-да сондай-ақ жалға алушылардан IBOR реформасы нәтижесінде болашақ жалдау төлемдерін анықтау негізін өзгертетін жалдау модификацияларын есепке алу үшін осыған ұқсас практикалық сипаттағы жеңілдетуді пайдалануды талап ететін түзетулер енгізілді.
- *Хеджирлеуге қатысты шарт бойынша анықталмаған тәуекел компоненттері үшін 1-кезеңдегі түзетулерден босатудың аяқталу күні:* 2-кезеңге енгізілген түзетулерге сәйкес ұйымдардан екі датаның ертерек болатын нұсқасында шарт бойынша анықталмаған тәуекел компоненттері үшін 1-ші кезеңнің жеңілдіктерін қолдануды тоқтату талап етіледі: тәуекел компоненттері шартына өзгерістер енгізу күні немесе хеджирлеуге қатысты қатынастарды тоқтату күні. 1-кезеңдегі түзетулерде тәуекел компоненттеріне қатысты аяқталу күнін көрсетілмеген.
- *Хеджирлеуді есепке алудың нақты талаптарын қолданудан қосымша уақытша алып тастаулар:* 2-кезеңдегі түзетулер IBOR реформасы тікелей әсер ететін хеджирлеу қатынастарын хеджирлеуді есепке алу үшін ХҚЕС (IAS) 39 және ҚЕХС (IFRS) 9 белгілеген ерекше талаптардан қосымша уақытша босатуды көздейді.
- *IBOR реформасымен байланысты ХҚЕС (IFRS) 7 бойынша ақпаратты қосымша ашып көрсету:* Түзетулер мыналарды ашуға арналған талаптарды белгілейді: (i) ұйым балама базалық ставкаларға көшуді қалай басқарады; оның өту барысы және осы көшуден туындайтын тәуекелдер; (ii) елеулі базалық проценттік мөлшерлемелер бойынша өтпелі кезеңдегі туынды қаржы құралдары және бастапқы қаржы құралдары туралы ақпарат; және (iii) IBOR реформасынан туындайтын тәуекелдерді басқару стратегиясындағы кез-келген өзгерістердің сипаттамасы.

Егер жоғарыда өзгеше көрсетілмесе, бұл жаңа стандарттар мен түсіндірулер Компанияның қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер етпейді деп күтілуде.

4 Есептік саясатты қолданудағы маңызды есептік бағалаулар және кәсіби ой-пікірлер

Компания қаржылық есептілікте көрсетілетін сомаға және келесі қаржы жылындағы активтер мен міндеттемелердің баланстық құнына әсер ететін бухгалтерлік бағалау жүргізіп, жорамал жасайды. Бухгалтерлік бағалау мен пайымдаулар тұрақты түрде талданып отырады және басшылықтың бұрынғы тәжірибесіне және басқа да факторларға, оның ішінде қалыптасқан жағдайларда негізді деп саналатын болашақ оқиғаларға қатысты болжалдарға негізделген. Есеп саясатын қолдану барысында басшылық бухгалтерлік бағалаумен байланысты кәсіби пайымдауларды да қолданады. Қаржылық есептілікте көрсетілген сомаларға біршама елеулі әсер ететін кәсіби пайымдаулар және келесі қаржы жылы ішінде активтер мен міндеттемелердің баланстық құнын айтарлықтай түзету қажеттілігіне әкелуі мүмкін бухгалтерлік бағалаулар мыналарды қамтиды:

4 Есептік саясатта қолданудағы маңызды есептік бағалаулар және кәсіби ой-пікірлер (жалғасы)

Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Әрбір есептік кезеңнің соңында басшылық бөлек жекелеген активтердің немесе активтер топтарының құнсыздану белгілерінің болуын және гудвилден бөлек активтер немесе активтер тобы үшін алдыңғы кезеңдерде танылған құнсыздану шығындарының болмауын немесе азаюын бағалайды. Мұндай кез келген белгілер болған жағдайда басшылық активтің өтелетін құнын бағалайды, ол сатуға жұмсалған шығындарды шегергенде оның әділ құнының және оның пайдалану құнының жоғарғы мәні ретінде анықталады. Пайдалану құнын есептеу басшылық тарапынан және қалыптасқан жағдайға негізделген бағалау деректері мен кәсіби пайымдауларды қолдануды талап етеді.

Қаржылық емес активтердің құнсыздану белгілерінің бар-жоғын анықтау да негізгі құралдар объектілерінің технологиялық ескіруін, қызметін тоқтатуын, олардың пайдалы қызметінің қалған мерзімін және де пайдалану шартының басқа да өзгерістерін анықтауда пайымдаулар мен бағаларды қолдануды талап етеді.

ХҚЕС (IAS) 36 - ға сәйкес құнсыздану белгілерінің бірі Компания өз қызметін жүзеге асыратын немесе активке арналған нарықта техникалық тұрғыдан, нарықтық, экономикалық немесе заңдық жағдайларда кезең ішінде болған немесе алдағы келешекте болжанатын Компания үшін теріс әсері бар маңызды өзгерістердің болуы болып табылады.

Активтердің өтелетін құнын бағалау кезінде Компания бағаларды қолданып, пайымдаулар жасайды. Бағалар мен пайымдаулар үнемі сындарлы талданып отырады және басшылықтың өткен тәжірибесі мен басқа да факторларға, соның ішінде қалыптасқан жағдайда негізгі болып табылатын алдағы жағдайларға қатысты болжалдарға негізделген. Сонымен қатар, басшылық есептік саясатты қолдану процесін бағалаудан басқа кейбір пайымдауларды да пайдаланады.

Covid-19-дың таралуы мен әсерін тежеуге бағытталған шаралар Қазақстандағы экономикалық белсенділікті айтарлықтай шектеп, теріс әсер етеді және белгісіз уақыт кезеңі ішінде Компанияның бизнесі мен клиенттеріне, сондай-ақ қазақстандық және әлемдік экономикаға теріс әсер етуді жалғастыруы мүмкін. Тиісінше, ақша қаражатының болашақ ағындарын қысқартуы немесе операциялық және өзге де шығыстарды ұлғайтуы, сондай-ақ экономиканы қолдау үшін Үкіметтің электр энергиясына тарифтерді реттеу сипатына әсер етуі мүмкін.

2020 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес жасалған Топтың шоғырландырылған есебінде көрсетілгендей, Топ басшылығы есепті күнге «Тегіс Мұнай» ЖШС негізгі құралдары мен «Екібастұз станциясы ГРЭС-2» АҚ (бұдан әрі - «SEGRES-2») бірлескен кәсіпорнына бөлінген инвестициялардың құнсыздану белгілері бар деген қорытынды жасады. Осы жекелеген қаржылық есептілікті дайындау мақсатында Компания басшылығы бұл фактіні осы компанияларға салынған инвестициялардың мүмкін болатын құнсыздануының белгісі ретінде қарастырды.

Басшылық әрбір еншілес және бірлескен кәсіпорынға салынған инвестицияларды ақша қаражатын қозғалысқа келтіретін жеке бірлік ретінде жіктейді, өйткені бұл басқа активтерден түсетін ақша ағындарынан тәуелді емес ақша ағындарын тудыратын ең кіші анықталған актив және әрбір еншілес компания өтеуді бақылайтын ең төменгі деңгейдегі активтер. Басшылық еншілес және бірлескен кәсіпорындарға салынатын инвестициялардың қалпына келтірілетін сомасын Компанияның оларды пайдаланудан алуы күтілетін дисконтталған болашақ ақша ағындарының сомасы ретінде анықталған пайдалану құнына негізделген деп есептеді.

Компания Тегіс Мұнай и СЭГРЭС-2 активтері бойынша құнсыздану сынағын өткізу үшін, сондай-ақ еншілес ұйымдары «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС (бұдан әрі – «ЭГРЭС-1»), «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ (бұдан әрі - АЖК) және «АлЭС» АҚ негізгі құралдарының құнсыздану белгілерін талдау үшін тәуелсіз сарапшыларды жалдады, олар 36 «Активтердің құнсыздануы» IAS Халықаралық стандартына сәйкес жүзеге асырылды. Еншілес және бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялардың өтелетін мөлшері активтерді пайдаланудан болжанған ақшалай қаражаттардың келуі мен кетуіне, дисконттау мөлшерлемесіне және басқа көрсеткіштерге негізделген.

4 Есептік саясатта қолданудағы маңызды есептік бағалаулар және кәсіби ой-пікірлер (жалғасы)

АлЭС, ЭГРЭС-1 және АЖК инвестицияларының құнсыздану индикаторларын талдауы

Құнсыздану көрсеткіштерін талдау кезінде қолданылатын негізгі фактілер мен болжамдар болып табылатындар:

- есептік кезеңде еншілес ұйымдардың экономикалық тиімділігінде жағымсыз өзгерістердің болмауы;
- несиелер бойынша пайыздық мөлшерлемелер мен инфляцияның ұзақ мерзімді деңгейіндегі өзгерістер маңызды емес;
- белгілі бір кезеңде орын алған болған немесе жақын болашақта болады деп күтілетін еншілес ұйымдар үшін қолайсыз зардаптары бар маңызды өзгерістердің болмауы;
- Энергетика министрлігінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 205 бұйрығымен 2021 жылдан бастап күшіне енетін, электр энергиясының тарифінде ескерілген белгіленген пайданы анықтаудың жаңа әдістемесінің (бұдан әрі - «Әдістеме») бекітілуі. Белгіленген пайда энергия өндіруші ұйымдардың пайдаланылған активтері негізінде капиталдың орташа кірістілік нормасын (WACC) ескере отырып есептеледі, бұл Компанияға қолданыстағы активтер бойынша және жаңа активтер (RAB реттеу) пайдалануға берілген кезде белгіленген пайданы көруге мүмкіндік береді.

Әдістеме өндірістік шығындарды, оның ішінде амортизациялық шығындарды және энергия өндіруші ұйымдардың активтер базасы деңгейінде белгіленген кірісті капиталдың орташа алынған кірістілігінің мөлшеріне көбейтілген (WACC) қамтиды. Нәтижесінде, әдістеме пайыздық шығындарды қоспағанда, барлық шығындарды өтегеннен кейін тұрақты пайда алуды көздейді.

2020 жылы Топ жаңа әдіснамаға сәйкес активтер базасына кіретін активтердің әділ құнын анықтау үшін тәуелсіз бағалаушыны тартты. Активтік базаның әділ құнына негізделген есептеулерге сүйене отырып, Компания басшылығы электр энергиясының шекті тарифін Әдістемеге сәйкес рентабельділік деңгейін қосу арқылы айтарлықтай өседі деп күтеді. Жаңа әдістеме бойынша RAB-ны реттеуге және тарифтерді бекітуге толық көшу 2021 жылдың 1 шілдесінен басталады деп күтілуде.

«АлЭС» АҚ бойынша құнсыздану белгілерін талдау кезінде қолданылатын қосымша деректер мен болжамдар:

- электр энергиясын сату көлемдері мен тарифтері, электр энергиясының, жылу энергиясының және химиялық тазартылған судың дайындығын қолдау бойынша қызметтер, сондай-ақ күрделі шығындар Компания активтерінің өтелетін құнын соңғы бағалау кезінде қолданылған Компания басшылығының бюджетіне сәйкес келеді;

ЕГРЭС-1 бойынша құнсыздану белгілерін талдау кезінде қолданылатын қосымша деректер мен болжамдар:

- 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша операциялық және қаржылық нәтижелердің негізгі көрсеткіштері бойынша жоспардың артығымен орындалуы;
- орта мерзімді келешекте Қазақстан Республикасының солтүстік және оңтүстік аймақтарында электр энергиясына деген сұраныстың өсуі, сондай-ақ жеті блоктық режимде жұмыс істеуге және қол жетімді қуатқа байланысты электр энергиясын сату көлемінің болжамды өсуі;
- Қарызға алынған қаражат есебінен «Жаңа электросүзгіштерді қондыру арқылы №1 энергоблоқты қалпына келтіру» инвестициялық жобасының аяқталуына байланысты 2025 жылдан бастап электр энергиясының дайындығын қолдау қызметтері үшін жеке тарифтің берілуін күту. Энергетика министрлігінің ережелеріне сәйкес 2020 жылдың 30 қаңтарында Нарық кеңесіне өтініш жасалды. Қазіргі уақытта Энергетика министрлігіне электр қуатының дайындығын қолдау қызметтері үшін жеке тарифке өтінімді одан әрі қарау туралы Нарық кеңесінің ұсынысы келіп түсті.

Құнсызданудың сыртқы және ішкі көрсеткіштерін талдау нәтижесінде Топ басшылығы талдау жасалған күні құнсыздану көрсеткіштері болмады деген қорытындыға келді. Компания басшылығы 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің және сәйкесінше осы еншілес ұйымдарға салынған инвестициялардың құнсыздану сынағын өткізбеуге шешім қабылдады.

Алматы ЖЭО-2-ні жаңғырту әсерін талдау

«АлЭС» АҚ-ға салынған инвестициялардың құнсыздану көрсеткіштерін талдау барысында басшылық Алматы ЖЭО-2-ні жаңғыртудың әсерін бағалады.

4 Есептік саясатта қолданудағы маңызды есептік бағалаулар және кәсіби ой-пікірлер (жалғасы)

Қазақстан Республикасы Президентінің атмосфераға шығарылатын шығарындыларды мейлінше азайту бойынша шаралар қабылдау жөніндегі тапсырмаларын орындау мақсатында «АлЭС» АҚ жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін (бұдан әрі - ТЭН) әзірлеуде. Жобаның бірінші кезеңінде ЖЭО-2-нің қоршаған ортаға әсерін азайта отырып, оны жаңғыртудың төрт нұсқасы қарастырылды: қолданыстағы қазандықтарды газ тазартқыш жабдықты орнату арқылы газбен жағуға көшіру, табиғи газға көшірмей-ақ қосымша газ тазартқыш жабдықты орнату және бу-газ қондырғыларын сала отырып, газбен жанатын жаңа станцияны салу арқылы ЖЭО-2 құрылысын кеңейту. Қоршаған ортаға шығарылатын зиянды заттардың шығарындылары мен оны сату құнын салыстыру нәтижесінде жұмыс істеп тұрған қазандықтарды оларды газбен жағуға көшіру арқылы қайта құру жөніндегі бірінші нұсқа таңдалды. «Алматы электр станциялары» АҚ-ның қоршаған ортаға әсерін мейлінше азайту арқылы Алматы ЖЭО-2-ні жаңғырту» жобасының ТЭН-іне сәйкес таңдалған жобаның бағалау құны 131 миллиард теңгені құрайды. Осы есепті күнгі жағдай бойынша, техникалық-экономикалық негіздеме «Мемсараптама» РМК-ден алынған ескертулерді ескере отырып, қайта жетілдіру сатысында, жобаның құнын түзету қажет.

Премьер-министр А.Ұ.Маминнің басшылығымен Қазақстан Республикасының Үкіметі 2020 жылдың 20 қазанында ЖЭО-2-де жұмыс істеп тұрған қазандықтарды газға көшіру және газ инфрақұрылымын салу арқылы жаңартудың бірінші нұсқасын мақұлдады. Кеңес барысында Премьер-Министр Энергетика министрлігіне мүдделі мемлекеттік органдармен, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-мен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Электр энергетикасы туралы» Заңына жұмыс істеп жатқан энергия өндіруші ұйымдардың экологиялық жағдайды электр қуаты нарығының тетігі арқылы шешуге бағытталған жобаларды іске асыру мүмкіндігін беру бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы мәселені пысықтауды тапсырды.

Сондай-ақ, Премьер-Министр «Самұрық-Энерго» АҚ-ға Энергетика министрлігімен бірлесіп белгіленген тәртіппен ЖЭО-2-ні газға көшіру жобасын қаржыландыру үшін банктен қарыз тарту бойынша жұмысты жалғастыруды, оның ішінде газ инфрақұрылымын жүргізуді тапсырды.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің тапсырмасына сәйкес, Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі Алматы ЖЭО-2-ні жаңғырту жобасын іске асыру мақсатында «Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына түзетулер жобасын дайындады. Түзетулердің жобасы шығарындылар көлемін азайту үшін негізгі отын түрін ауыстыру мақсатында электр энергиясын өндіруге пайдаланылатын негізгі өндіруші және қосалқы жабдықты жаңарту және (немесе) қайта құру бойынша инвестициялық жобаларды іске асыратын энергия өндіруші ұйымдарға қуат үшін жеке тариф ұсынуды көздейді. Осы есеп беру күніндегі жағдай бойынша «Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына түзетулердің жобасы Қазақстан Республикасының Үкіметімен келісілді және ол қарау үшін Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне ұсынылады.

Осы өзгертулерді «Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына енгізу Топқа электр қуаты нарығының тетігі есебінен қарыз қаражатының қайтарылымдығын және болашақта инвестицияның өтелімділігін қамтамасыз етеді.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, басшылық Компания үшін елеулі жағымсыз салдарлар болады деп күтпейді.

ЕГРЭС-2 станциясына салынған инвестициялардың құнсыздануына жүргізілген тест

6-ескертпеде көрсетілгендей, Топта ЕГРЭС-2 ст. бірлескен кәсіпорнына салынған инвестиция бар. 2020 жылғы 30 қарашадағы жағдай бойынша, осы инвестицияның баланстық құны 8,725,133 мың теңгені құрады. Құнсыздану индикаторларын талдау кезінде ЕГРЭС-2 ст. басшылығы өзге де факторлардың арасында электр энергиясына тарифтердің серпінін және электр энергиясы нарығының негізгі қатысушылары тарапынан сұранысты назарға алады. № 3 Энергия блогын салуды аяқтауға, сондай-ақ № 3 энергия блогы өндіретін электр энергиясын одан әрі сатуға байланысты тұрақсыздық ЕГРЭС-2 ст. негізгі құралдарының өлеуетті құнсыздануын және тиісінше ЕГРЭС-2 станциядағы Топ инвестицияларының ықтимал құнсыздануын көрсетті.

Соның салдарынан басшылық 2020 жылғы 30 қарашадағы жағдай бойынша ақшалай қаражатты қозғалысқа келтіретін бірыңғай бірлік шеңберінде ЕГРЭС-2 ст. негізгі құралдарының құнсыздануы мәніне тестілеу жүргізді.

ЕГРЭС-2 басшылығы өтелетін соманы анықтау үшін ақша қаражатын қозғалысқа келтіретін бірлікті пайдалану құндылығының мәнін қолданды. Осылайша есептелген негізгі құралдардың өтелетін сомасы 2020 жылғы 30 қарашадағы жағдай бойынша құнсыздану тесті негізінде олардың баланстық құнынан асып түсті. Алайда, негізгі болжамдағы кез келген жағымсыз өзгеріс құнсыздануға әкелуі мүмкін. Өтелетін сомаға қатысты негізгі болжамдар төменде келтірілген:

4 Есептік саясатты қолданудағы маңызды есептік бағалаулар және кәсіби ой-пікірлер (жалғасы)

Электр энергиясына белгіленген тарифтер - Активтердің өтелетін сомасын есептеу үшін Компания басшылығы электр энергиясына мынадай тарифтерді қолданды:

- 2020 жылғы орташа өлшемді тариф 1 кВтс.-қа 8.43 теңгені құрады, бұл 2020 жыл Компания қолданатын электр энергиясын сатуға белгіленген нақты тарифті білдіреді және Энергетика министрлігі 2019-2025 жылдарға арналған 1 кВт.сағ. үшін 9.13 теңге мөлшерінде бекітіп, белгілеген шекті тарифінен аспайды.
- Кейінгі кезеңдерге арналған болжамды орташа өлшемді тарифтер мынадай:

	2021 ж.	2022 ж.	2023 ж.	2024 ж.	2025 ж.	2026 ж.	2027 ж.	2028 ж.
Электр энергиясына белгіленген тариф (1 кВт.сағатқа теңгемен)	9.13	9.13	9.13	9.13	9.13	11.40	14.91	16.17
Қуатқа белгіленген тариф (айына 1 МВт.мың теңге)	590	622	655	690	726	3,711	3,675	3,641

	2029 ж.	2030 ж.	2031 ж.	2032 ж.	2033 ж.	2034 ж.	2035 ж.
Электр энергиясына белгіленген тариф (1 кВт.сағатқа теңгемен)	16.45	16.73	17.00	17.25	17.55	17.96	18.51
Қуатқа белгіленген тариф (айына 1 МВт.мың теңге)	3,609	3,579	3,555	3,534	3,525	1,136	1,199

Тариф болжамы басшылықтың 2023 жылы күтіліп отырған №3 энергия блогын салу жобасын жаңартуға байланысты болжалы негізінде жасалды. 2026 жылы тарифтің айтарлықтай өсуі күтіліп отырған № 3 энергия блогын іске қосуға және Қазақстан Республикасындағы электр қуаты нарығының жұмысына енгізуге қатысты тариф белгілеу құрылымының өзгеруіне байланысты. «Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Компания электр қуатын сату үшін жеке тариф белгілеу мүмкіндігіне ие. Жеке тарифті белгілеу қуаты 630 МВт №3 энергия блогын салуды аяқтаған кезде және уәкілетті органмен инвестициялық келісімді жасағаннан кейін ғана мүмкін болады. Компанияның операциялық шығыстарын есепке алмағанда жеке тарифті есептеу №3 энергия блогын салуды аяқтау үшін жұмсалған шығындарды жабу үшін инвестициялық құрамдасымен байланысты шығындарды жабуға арналған қажетті шаманы ескереді.

Электр энергиясын өндіру және сату көлемі - Активтердің өтелетін сомасын есептеу үшін Компания №3 энергия блогының электр энергиясын өндіру/сату бойынша болжамдық көлемі мен құрылысты аяқтау үшін қажетті тиісті инвестицияларды ескерді. Компания активтердің өтелетін сомасын есептеу үшін мынадай электр энергиясын сату көлемін қолданды:

ЕГРЭС-2	2021 ж.	2022 ж.	2023 ж.	2024 ж.	2025 ж.	2026 ж.	2027 ж.	2028 ж.
Электр энергиясын сату көлемі (млн. кВт.с)	6,427	5,923	5,921	5,922	6,039	5,926	6,066	6,209
Қуатты сату көлемі (МВт)	625	641	650	671	701	1,309	1,334	1,360

ЕГРЭС-2	2029 ж.	2030 ж.	2031 ж.	2032 ж.	2033 ж.	2034 ж.	2035 ж.
Электр энергиясын сату көлемі (млн. кВт.с)	6,355	6,505	6,658	6,815	6,976	7,141	7,309
Қуатты сату көлемі (МВт)	1,387	1,415	1,444	1,475	1,500	1,500	1,500

Басшылық болжамдық кезең бойында өндіру мен сату көлемі №3 энергия блогын пайдалануға бергенге дейін тұрақты болады деп болжайды. ЕГРЭС-2 ст. №3 энергия блогын іске қосқаннан кейін электр энергиясының көлемі айтарлықтай ұлғаяды деп болжамайды, бірақ электр энергиясын өндіру көлемі үш блоктың арасында бөлінеді.

14.19%-ға тең дисконттау мөлшерлемесі ЕГРЭС-2 станциясына тән тәуекелдердің ағымдағы нарықтық бағасының көрінісін ескере отырып есептелді және салаға арналған капиталдың орташа өлшемді құнының негізінде бағаланды. Болашақта салаға тән өзгеріп отыратын тәуекелдер мен капиталдың орташа өлшемді құнындағы өзгерістерді көрсету үшін дисконттау мөлшерлемесінің одан әрі қарай өзгеруі қажет болады.

4 Есептік саясатты қолданудағы маңызды есептік бағалаулар және кәсіби ой-пікірлер (жалғасы)

Тегіс Мұнайға салынған инвестицияның құнсыздануына жүргізілген тест

Дәлелденген және ықтимал газ қорлары құнсыздануға тест кезінде пайдаланылады. Газ қорларын бағалаумен байланысты көптеген белгісіздіктер бар, атап айтқанда, бағалау кезінде жарамды жорамалдар жаңа ақпарат қолжетімді болған кезде айтарлықтай өзгеруі мүмкін. Шикізат тауарларының болжамды бағаларындағы, айырбастау курстарындағы, өндірістік шығыстардағы немесе қайтару пайыздарындағы өзгерістер қорлардың экономикалық жай-күйін өзгертуі және ақырында қорлардың өзгеруіне әкелуі мүмкін.

Басшылық болашаққа қатысты бағалар мен жорамалдар жасайды. Анықтама бойынша алынған бухгалтерлік бағалар тиісті нақты нәтижелерге сирек тең болады. Мұндай бағалар мен жорамалдар тұрақты түрде бағаланады және тарихи тәжірибе мен басқа да факторларға, оның ішінде қалыптасқан жағдайларда ақылға қонымды деп саналатын болашақ оқиғалардың болжалдарына негізделген. Өтелетін сома пайдалану құндылығын пайдалана отырып анықталды.

Өтелетін сома мұнай мен газдың болжамды бағалары мен 14,6% мөлшерінде салықтарды төлегеннен кейін дисконттау мөлшерлемесін пайдалана отырып, дәлелденген және ықтимал қорлар негізінде дисконтталған ақша ағындарының моделін пайдалана отырып есептелген (2019 жылы: 13.9%). Құнсыздануды тестілеу нәтижелері бойынша Компания Тегіс Мұнайға 704,664 мың теңге мөлшеріндегі инвестициялары бойынша құнсызданудан болған шығынды мойындады. Компания басқа шығыстарға салынған инвестициялар бойынша құнсызданудан болған шығынды мойындады. Құнсыздануға тестілеу нәтижелері бойынша 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша активтердің өтелетін құны таза активтердің баланстық құнынан асады.

Дисконттау мөлшерлемесінің 1%-ға ұлғаюы 3,499,424 мың теңгеге құнсыздануға әкеп соқтырар еді. Мұнай бағасының 10%-ға төмендеуі 5,169,852 мың теңгеге құнсыздануға алып келеді. Сату көлемінің 10%-ға төмендеуі 5,255,844 мың теңгеге құнсыздануға алып келеді.

Пайдалану құндылығын есептеу 2020 жылғы 31 желтоқсандағы Bloomberg баға болжамдарына негізделген баррель үшін АҚШ долларындағы мұнайды сатудың мынадай болжамды бағасын болжайды, сондай-ақ басшылық Қытаймен шекарадағы газды сатудың экспорттық бағалары талдаумен расталған, арасында жоғары корреляциясының болғандықтан мұнай бағасына байланысты деп болжады.

АҚШ долларымен	2024 ж.	2025 ж.	2026 ж.	2027 ж.
баррель үшін мұнай бағасы (Brent)*	56.76	64.57	65.93	67.31
Қытай шекарасында мың. м3 үшін газ үшін бағалау экспорттық бағасы	195	208	224	229

*дереккөз: Bloomberg

Газ өндіруді бастау мерзімі

Табиғи газды өндіру 2024 жылы басталады деп болжануда, ал газ өндірісінің 65%-ы 2024 жылдан бастап жыл сайын экспортталатын болады деп ұйғарылып отыр.

Газ өндіруді бастау мерзімін кейінге қалдыру келісімшарттық аумақтың Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік қорық аймағының аумағына кіруіне байланысты, мұнда аумақты қорық аймағынан шығарғанға дейін кен орнын салу және игеру бойынша жұмыстарды жүргізуге тыйым салынған. Қазіргі кезде, 2008 жылдан бастап уәкілетті мемлекеттік мекемелер келісімшарттық аумақты алып тастауды ескере отырып, ерекше қорғалатын табиғи аумақтың шекараларын кеңейту бойынша жұмыс жүргізуде.

Осыған байланысты Тегіс Мұнай Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігіне (бұдан әрі - ҚР ЭМ) өндіру кезеңінің басталуын ұзарту, газ өндіру үшін кен орнын дайындау, Жұмыс бағдарламасының орындалу мерзімі мен Келісімшарттың күшінде болу мерзімін ауыстыру қажеттілігі туралы мәселемен жүгінді, келісімшарт аумағынан шығару туралы мәселе аяқталған жоқ. 2020 жылдың қыркүйегінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің жер қойнауын пайдалану жөніндегі сараптама комиссиясы қаржыландыру бойынша міндеттемелерді - оқытуды; - ҒЗТҚЖ; - аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуы кейінге қалдыру туралы шешім қабылдады; сонымен қатар Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттағы инвестициялық міндеттемелер бойынша жұмыс бағдарламасына өзгерістер енгізуден бас тартылды.

4 Есептік саясатты қолданудағы маңызды есептік бағалаулар және кәсіби ой-пікірлер (жалғасы)

2020 жылдың 3 желтоқсанында Компания Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотына Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Жер қойнауын пайдалану келісімшартындағы инвестициялық міндеттемелер бойынша Жұмыс бағдарламасына өзгерістер енгізуден бас тартуын заңсыз деп тану туралы өтініш жіберді. 2020 жылдың 30 желтоқсанында Компания «Атамекен» ҰКП құрамына кіретін «Қазақстанның сыртқы сауда палатасы» ЖШС-дан форс-мажорлық жағдайлардың туындағаны туралы, Тегіс Мұнай келісімшарттық аумақты қорық аумағынан шығарғанға дейін Жер қойнауын пайдалану келісімшарты бойынша міндеттемелерін орындай алмайтынын және жер қойнауын пайдалану операцияларын жүргізе алмайтынын растайтын куәлік алды. Форс-мажорлық жағдай келісімшарттық аумақ қорық аймағынан шыққанға дейін күшінде болады.

Балқаш ЖЭС

2019 жылы 29 қазанда Компания Samsung C&T-тен БЖЭС-тің 50% + 1 акциясын сатып алып, БЖЭС-тегі үлестің 100% иесі болды. Компанияны сатып алған сәтте БЖЭС банкроттық шегінде болды, сондай-ақ іс жүзінде маңызды қызмет атқармады. 2017 жылдан бастап кредиторлар мен өнім берушілер БЖЭС-тің төлем қабілетсіздігі салдарынан бірнеше рет сотқа берген, бұл өз кезегінде мүлікке тыйым салуға әкеп соқты, сондай-ақ БЖЭС қызметін айтарлықтай шектеді. 2019 жылғы 6 желтоқсанда сот шешімі бойынша банкроттық процесін бақылау және жүргізу үшін уақытша басқарушы тағайындалды.

Карантиндік іс-шаралардың енгізілуін және ұлттық экономиканы қолдау бойынша мемлекет қабылдаған шараларды ескере отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 14 шілдедегі №0443 қаулысымен мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің банкроттығын тану туралы сотқа арыз беруін 2020 жылғы 1 қазанға дейін тоқтата тұру туралы бұйрық шығарылды, соған байланысты БЖЭС банкроттық рәсімі уақытша тоқтатылды. 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша БЖЭС-ті тану туралы сот талқылауы әлі шешілген жоқ, сондықтан басшылықтың пікірі бойынша Компанияның бақылау құқығы жоқ әрі БЖЭС-ке салынған инвестиция толығымен құнсызданды.

5 Байланысты тараптармен есеп айырысу және жүргізілген операциялар

Байланысты тараптар анықтамасы ҚЕХС (IAS) 24 «Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашу» келтіріледі. Әдетте бір тараптың екіншісін бақылау мүмкіндігі болған жағдайда, ортақ бақылауда болғанда немесе бір тарап қабылдаған қаржылық және операциялық шешімдерге маңызды ықпал ете алатын немесе бірлескен бақылау жүргізетін жағдайда тараптар байланысты деп есептеледі. Тараптар байланысты болып табылатындығы туралы мәселені шешу кезінде тараптардың заңды нысаны ғана емес, олардың өзара қарым-қатынасының сипаты да назарға алынады. Негізгі компания және Компанияның соңғы бақылаушы тарапы 1 Ескертпеде ашылған.

Байланысты тараптар Самұрық-Қазына бақылауындағы компанияларды қамтиды. Мемлекет компанияға бақылау жүзеге асырады. Компания мемлекетпен және оның байланысты тараптармен есеп айырысу бойынша жеке мүлдікті емес мәмілелер мен қалдықтар туралы ақпаратты ашудан босатуды қолдануға шешім қабылдады, өйткені Қазақстан мемлекеті бақылауды, бірлескен бақылауды жүзеге асырады немесе осындай тараптарға елеулі әсер етеді.

Компания мемлекет қатысатын ұйымдардың көбінен тауарларды сатып алады және жеткізеді.

Мұндай сатып алулар мен жеткізілімдер жеке-жеке аздаған соманы құрайды және әдетте коммерциялық негізде жүзеге асырылады.

Төменде 2020 жылдың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша байланысты тараптармен жасалған операциялар бойынша өтелмеген қалдықтар берілген:

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	Акционер	Жалпы бақылаудағы компаниялар	Еншілес және бірлескен кәсіпорындар
Еншілес компанияларға берілген қарыз	-	-	56,246,478
Дебиторлық берешек	-	-	1,542,542
Берілген қарыздар бойынша алынатын сыйлықақылар	-	-	405,887
Алынатын дивидендтер	-	-	449
Кредиторлық берешек	-	7,372	297,753
Қарыздар және облигациялар	67,887,857	-	38,411,690

5 Байланысты тараптармен жасалған есептер және операциялар (жалғасы)

Төменде 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша байланысты тараптармен операциялар бойынша өтелмеген қалдықтар ұсынылды:

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	Акционер	Жалпы бақылаудағы компаниялар	Еншілес және бірлескен кәсіпорындар
Еншілес компанияларға берілген қарыз	-	-	61,726,090
Дебиторлық берешек	-	-	3,334
Акционерлердің пайдасына өзге активтер	363,571	-	-
Басқа ұзақ мерзімді активтер	-	-	1,358,784
Берілген қарыздар бойынша алынатын сыйлықақылар	-	-	267,373
Алынатын дивидендтер	-	-	405
Кредиторлық берешек	-	4,604	220,614
Акционердің алдындағы міндеттемелер	363,571	-	-
Қарыздар мен облигациялар	64,876,984	-	43,763,045

Төменде 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі байланысты тараптармен жасалған операциялар бойынша кірістер мен шығыстар көрсетілді:

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	Акционер	Жалпы бақылаудағы компаниялар	Еншілес және бірлескен кәсіпорындар
Дивидендтер бойынша табыстар	-	-	34,943,973
Қаржылық табыстар	-	-	6,730,767
Қаржылық шығыстар	6,822,113	-	4,700,278
Құнсыздану бойынша шығындар	-	-	(23,624)
Жалпы және әкімшілік шығыстар	-	38,434	787,810
Бағам айырмашылығынан болған шығын (нетто)	-	-	53,774

Төменде 2019 жылғы 30 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі байланысты тараптармен жасалған операциялар бойынша кірістер мен шығыстар көрсетілді:

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	Акционер	Жалпы бақылаудағы компаниялар	Еншілес және бірлескен кәсіпорындар
Дивидендтер бойынша табыстар	-	-	47,449,224
Қаржылық табыстар	-	-	7,998,732
Қаржылық шығыстар	6,432,969	-	4,006,264
Құнсыздану бойынша шығындар	-	-	419,062
Жалпы және әкімшілік шығыстар	-	124,508	802,762
Бағам айырмашылығынан болған шығын (нетто)	1,040,400	-	48,789

Сондай-ақ 19-ескертпеде көрсетілгендей, Компания еншілес кәсіпорындарға кепілдер берді.

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде еңбек жалақысын, сыйлықақылар, салықтар мен қызметкерлерге өзге де қысқа мерзімді сыйақыларды қамтитын негізгі басқару ұжымының сыйақысы 210,832 мың теңгені құрайды (2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылда: 139,906 мың теңге). 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша негізгі басқарушы персонал 5 адамнан тұрады (2019 жылғы 31 желтоқсандағы бойынша: 5 адам).

6 Еншілес компанияларға және бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялар

Төменде 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша инвестициялардың құны туралы ақпарат берілді:

			31 желтоқсан 2020 ж.		31 желтоқсан 2019 ж.	
	Сатып алған күні	Тіркеген ел	Инвестицияла р құны (мың теңгемен)	Иелік ету үлесі	Инвестициялар құны (мың теңгемен)	Иелік ету үлесі
Еншілес ұйымдар						
«Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС	31.10.2012	Қазақстан	333,382,126	100%	333,382,126	100%
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ	29.07.2009	Қазақстан	62,914,945	100%	58,974,235	100%
«Алматы электр станциялары» АҚ	26.07.2011	Қазақстан	34,061,653	100%	34,061,653	100%
«Мойнақ СЭС» АҚ	04.01.2008	Қазақстан	21,864,616	100%	21,864,616	100%
«Terіс Мұнай» ЖШС	29.12.2012	Қазақстан	17,373,473	100%	17,137,421	100%
Бірінші жел электр станциясы" ЖШС	28.05.2016	Қазақстан	14,914,271	100%	14,914,271	100%
«Шардара СЭС» АҚ	03.06.2011	Қазақстан	2,524,772	100%	2,524,771	100%
«Ereymenau Wind Power» ЖШС	28.05.2016	Қазақстан	6,658,306	100%	3,780,724	100%
«Бұқтырма СЭС» АҚ	04.01.2008	Қазақстан	1,050,790	90%	1,050,790	90%
«Қазгидротехэнерго» ЖШС	31.03.2014	Қазақстан	299,565	100%	283,864	100%
«Алматыэнергосбыт» ЖШС	26.07.2011	Қазақстан	136,003	100%	136,003	100%
«Energy Solutions Center» ЖШС	16.03.2019	Қазақстан	52,998	100%	52,999	100%
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компаниялар						
Forum Muider B.V.	23.12.2008	Нидерланды	41,759,543	50%	41,759,543	50%
«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ	04.01.2008	Қазақстан	8,725,133	50%	8,725,133	50%
«Энергия Семиречья» ЖШС	28.05.2016	Қазақстан	2,411,010	25%	2,411,010	25%
Құнсызданған инвестициялар						
«Балқаш ЖЭС» АҚ (4-ескертпе)	24.06.2008	Қазақстан	32,085,280	100%	32,085,280	100%
«Samruk-Green Energy» ЖШС	13.06.2012	Қазақстан	5,684,653	100%	2,953,614	100%
«Шүлбі СЭС» АҚ	04.01.2008	Қазақстан	1,230,658	92.14%	1,230,658	92.14%
«Өскемен ГЭС» АҚ	04.01.2008	Қазақстан	465,019	89.99%	465,019	89.99%
Шегергенде:						
Инвестициялардың құнсыздануы			(39,446,496)		(36,429,081)	
Барлық инвестициялар			548,148,318		541,364,649	

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның мына бірлесіп бақылайтын кәсіпорындарда иелік ету үлесі бар:

- ЕГРЭС-2 ст. – 50%. Иелік етудің қалған 50%-ы «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ға тиесілі.
- Forum Muider – 50%. Иелік етудің қалған 50%-ы UC RUSAL тесілі.

2019 жылғы желтоқсанда «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ «Интер-РАО ЕЭС» ААҚ-дан 25 миллион АҚШ долларына 50% иелік ету үлесін сатып алды.

Компанияның "Энергия Семиречья" ЖШС қауымдастырылған компаниясында қатысу үлесі бар (25%). Энергия Семиречья жаңартылатын энергия көздері станциясын салуды жоспарлап отыр. "Энергия Семиречья" ЖШС акционерлері "Hydrochina Corporation" (қатысу үлесі 50%), "Самұрық Энерго" АҚ (қатысу үлесі 25%), "Powerchina Chegdu Engineering Corporation" (қатысу үлесі 15%) және Powerchina Resources Ltd (қатысу үлесі 10%) болып табылады. "Энергия Семиречья" ЖШС-дегі компанияның иелену үлесі өзінің иелену үлестеріне сәйкес барлық акционерлермен жарғылық капиталға пропорционалды салуына байланысты өзгерген жоқ.

2020 жылғы 19 тамызда «ЕГРЭС-2» «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-дан кредиттік қаражат тарта отырып, «Сыртқыэкономбанк» пен Еуразия Даму Банкі алдындағы қарызын мерзімінен бұрын толық өтеді.

7 Берілген қарыздар

Қазақстандық мың теңгемен	31 желтоқсан 2020 ж.	31 желтоқсан 2019 ж.
Ұзақ мерзімді бөлім		
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-ға берілген қарыз	5,231,035	4,777,939
«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС-ға берілген қарыз	-	1,757,608
«Мойнақ СЭС» АҚ облигациялары	33,000,000	40,000,000
«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС қарызы бойынша есептелген сыйлықақы	-	5,289
«МЭБК» АҚ облигациялары	686,610	1,220,424
«DSFK ДСФК арнаулы қаржылық компания» ЖШС облигациялары	418,604	395,094
«Цеснабанк» АҚ облигациялары	24,909	21,536
Шегергенде: құнсыздануға арналған резерв	(188,202)	(222,196)
Барлық берілген қарыз – ұзақ мерзімді бөлім	39,172,956	47,955,694
Қысқа мерзімді бөлім		
«Шардара СЭС» АҚ-ға берілген қарыз	950,000	-
«Алматы электр станциялары» АҚ-ға берілген қарыз	3,400,000	3,000,000
«Мойнақ СЭС» АҚ-ның облигациялары	7,000,000	7,000,000
«Екібастұз ГРЭС 1» ЖШС-ға берілген қарыз	7,000,000	4,000,000
«Мойнақ СЭС» АҚ-ға берілген қарыз	-	1,400,000
«МЭБК» облигациялары	384,600	-
«Балқаш ЖЭС» АҚ-ға берілген қарыз	377,301	377,301
Берілген қарыздар бойынша есептелген сыйлықақылар	246,998	177,360
Облигациялар бойынша сыйлықақы	182,055	210,523
«Өскемен СЭС» АҚ-ға берілген қаржылық көмек	30,390	30,390
«Т.И. Батуров атындағы Жамбыл ГРЭС» АҚ-ға берілген қарыз	5,442	5,442
Шегергенде: құнсыздануға арналған резерв	(583,640)	(531,201)
Барлық берілген қарыз – қысқа мерзімді бөлім	18,993,146	15,669,815

«Мойнақ СЭС» АҚ облигациялары

2019 жылғы 18 маусымда Компания айналыс мерзімі 7 жыл, купондық мөлшерлемесі жылдық 11%, 47,000,000 мың теңге сомасына АИХ алаңында шығарылған "Мойнақ ГЭС" АҚ облигацияларын сатып алды.

«Цеснабанк» АҚ облигациялары

2018 жылғы қарашада Компанияның "Цеснабанк" АҚ-дағы ақшалай қаражаты Үкімет қаулысына сәйкес 153,236 мың теңге сомасына облигацияларға айырбасталды. Облигациялардың баланстық құны 14% мөлшерлемені қолдана отырып дисконтталған ақша қаражатының болашақ ағындарының келтірілген құнын білдіреді. 2019 жылғы 18 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі облигацияларды шығару перспективіне енгізілген өзгерістерді тіркеді, соған сәйкес сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері жылдық 4%-дан 0.1%-ға өзгерді.

«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-ға берілген қарыз

2011 жылғы 31 қаңтарда Компания «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-ға шағыс станциялар мен басқа объектілерді салу және қайта құру үшін 7,000,000 мың теңге мөлшерінде қарыз берді. Қарызды төлеу мерзімі – 2024 жылғы 21 қаңтар, тоқсан сайын төленетін пайыздық мөлшерлеме жылдық 2%-ды құрады.

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша берешек сомасы 5,281,507 мың теңгені құрады (2019 жылғы 31 желтоқсан: 4,829,416 мың теңге). Қарыздың баланстық құны 12.5% мөлшерлемесін қолдана отырып, дисконтталған келешек ақша құралдары ағындарының келтірілген құнын білдіреді. Алғашқы тану күніне қарыздың әділ құны мен оның номиналды құны арасындағы табыс салығын есептемегендегі 3,675,691 мың теңге сомадағы айырмашылықтың шамасы АЖК-ға салынатын қосымша инвестициялар ретінде танылды.

«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС-ға берілген қарыз

2016 жылы Компания Еуразия Даму Банкінен алған қарызды төлеу үшін «БЖЭС» ЖШС-ға 1,828,288 мың теңге сомасында қарыз берді. 2020 жылы «БЖЭС» ЖШС 1,828,288 мың теңге сомасында негізгі қарыз бен жинақталған сыйақыны мерзімнен бұрын өтеді.

7 Берілген қарыздар (жалғасы)

Берілген қарыздарды салыстыру

Төмендегі кестеде ұсынылған кезеңдердің әрқайсысы үшін қаржылық қызмет нәтижесінде туындайтын Компанияның активтеріндегі таза қарыз бен өзгерістердің сомасына талдау берілген. Осы міндеттемелердің баптары қаржылық қызмет құрамында ақша қаражатының қозғалысы туралы есепте көрсетілді.

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	2020 ж.	2019 ж.
1 қаңтардағы қарыздар	63,625,509	20,079,012
Қарыздарды беру	23,131,000	20,543,232
Қарыздық құралдарды сатып алу	-	47,000,000
Сатып алынған қарыздар мен облигацияларды өтеу	(29,156,826)	(24,311,413)
Алынған сыйақы	(5,837,019)	(4,057,152)
Қарыздық құралдарды сатып алу	(384,601)	-
Берілген қарыздар мен облигациялар бойынша түскен пайыздық табыс	5,832,282	3,434,009
Қарыздарды өзгертуден түскен табыс/(залал)	105,291	(112,755)
Бастапқы тануды тоқтатудан түскен табыс	-	365,541
Берілген қаржылық көмек бойынша дисконтты амортизациялау бойынша қаржылық табыс	879,656	499,555
Өзге өзгерістер	(10,745)	(196,633)
Құнсыздануға арналған резервті есептеу/қалпына келтіру (нетто)	(18,445)	382,113
31 желтоқсандағы қарыздар	58,166,102	63,625,509

8 Басқа ұзақ мерзімді активтер

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	31 желтоқсан 2020 ж.	31 желтоқсан 2019 ж.
Еншілес ұйымдарды сатып алушыларының дебиторлық берешегі	727,652	733,735
«Бірінші Жел Электр Станциясы» ЖШС-ға берілген қаржылық кепілдіктер бойынша берешек	1,547,542	1,363,280
Қызметкерлердің өзге дебиторлық берешегі	71,814	79,698
Шегергенде: құнсыздандыруға арналған резерв	(110,739)	(15,997)
Барлық басқа қаржылық ұзақ мерзімді активтер	2,236,269	2,160,716

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 727,652 мың теңге сомасындағы дебиторлық берешек "СКА" ішкі рейтингі бар "Информ-Систем" ЖШС-нің қаржылық берешегін білдіреді. 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша дебиторлық берешек құнсызданған жоқ, мерзімі де өткен жоқ және теңгемен толық көрсетілді.

9 Басқа қысқа мерзімді активтер

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	31 желтоқсан 2020 ж.	31 желтоқсан 2019 ж.
Еншілес ұйымдарды сатып алушыларының дебиторлық берешегі	9,022,234	9,952,869
«Tauba Invest» ЖШС-ның дебиторлық берешегі	760,025	1,038,725
Қысқа мерзімі депозиттер	5,304	304
Алынатын дивидендтер	449	405
Шегергенде: құнсыздандыруға арналған резерв	(1,360,055)	(226,299)
Барлық қаржылық қысқа мерзімді активтер	8,427,957	10,766,004
Акционердің пайдасына арналған актив	-	363,571
Төленген аванстар	20,074	25,864
Басқалар	308,429	240,912
Барлық басқа қысқа мерзімді активтер	8,756,460	11,396,351

Дебиторлық берешек

Басқа дебиторлық берешек 2017 жылдың ішінде сатылған 8,965,447 мың теңге сомасындағы «Шығыс Қазақстан Энергетикалық Компаниясы» ЖШС-ның (бұдан әрі - ШҚЭК) берешегінің қысқа мерзімді бөлігін, сондай-ақ 760,025 мың теңге сомасындағы "Tauba Invest" ЖШС дебиторлық берешегін қамтиды.

"Tauba Invest" ЖШС дебиторлық берешегі 2018 жылғы 26 сәуірдегі жылжымайтын мүліктің кепілдік шартымен қамтамасыз етілген. Есепті кезеңде "Tauba Invest" ЖШС 222,961 мың теңге сомаға берешек төледі. "Tauba Invest" ЖШС бойынша жеткілікті ақпараттың болмауына байланысты, күтілетін кредиттік шығындар бойынша модельдің есебінде Компания "SK D" рейтингін берді және 183,865 мың теңге сомасына құнсыздандуды таныды.

COVID-19 пандемиясына орай форс-мажорлық жағдайлардың туындауына байланысты «Шығыс Қазақстан Энергетикалық Компаниясы» ЖШС-ның жағымсыз салдарлар әсерінен кейінге қалдырылған төлемді төлеу туралы өтінішіне байланысты Компания басшылығы берешекті өтеу мерзімін сатып алу бағасын индекстеу шартымен 2021 жылғы 1 қазанға дейін ұзарту туралы шешім қабылдады. 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Шығыс Қазақстан Энергетикалық Компаниясы» ЖШС-ның дебиторлық берешегінің баланстық құны 8,965,447 мың теңгені құрайды. 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания «SK C» рейтингін иеленіп, «Шығыс Қазақстан Энергетикалық Компаниясы» ЖШС-ның дебиторлық берешегінің құнсыздандуы бойынша 1,176,189 мың теңге резервін таныды.

Акционердің пайдасына арналған актив

Акционердің тапсырмасы бойынша Компания Нұр-Сұлтан қаласында балабақша құрылысын салу міндеттемесін қабылдады. Компания құрылыстың 1,184,095 мың теңге мөлшерінде бағаланған құнының міндеттемесін акционердің пайдасына арналған өзге бөлулер деп таныды. Балабақша құрылысына байланысты жұмсалған шығындарды компания акционердің пайдасына арналған ағымдағы активтер ретінде таныды. 2019 жылғы 28 тамыздағы № 56 сыйға тарту шартына сәйкес Компания "Нұр-Сұлтан қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы" ММ-ге активінің бір бөлігін - 820,524 мың теңге сомадағы техникалық жабдықтармен және қазандығы бар балабақша ғимаратын берді. ХҚЕТК 17 «Меншік иелеріне ақшалай емес активтерді бөлу» 11-тармағына сәйкес Компания бөлінетін активтердің әділ құны бойынша өз меншік иелерінің пайдасына дивиденд ретінде ақшалай емес активтерді бөлу жөніндегі міндеттемені бағалауы тиіс. Компания басшылығы балабақшаның әділ құнының бағасы оның баланстық құнына тең деп есептейді, өйткені Компания да, оның Жалғыз акционері де осы мәміледен ешқандай экономикалық пайда алмайды және ол тек соңғы акционер – Қазақстан Республикасы Үкіметінің талабы бойынша жасалған. Әлеуметтік жобаларға тарту Акционердың компания топтары арасында кең таралған тәжірибе. Бұдан басқа, Компания бала бақшаны жоспарлау және салу процесіне қатыспады, тек оны салуға қажетті ақша қаражатын бөлді және Компанияда бір Жалғыз акционердің болуына байланысты активті әділ құннан төмен баланстық құны бойынша беру қандай да бір басқа акционерлердің мүдделеріне теріс әсер етпейді.

2019 жылы Компания "Нұр-Сұлтан қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы" ММ-ге активтің бір бөлігін - жалпы сомасы 820,524 мың теңгеге техникалық жабдықтары және қазандығы бар балабақша ғимаратын берді. 2020 жылы Компания жалпы құны 363,571 мың теңге активтің қалған бөлігін – трансформаторлық қосалқы станция мен инженерлік желілерің «Нұр-Сұлтан қаласының активтері және мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесі атынан Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігіне беруді аяқтады.

10 Ақша қаражаттары және олардың эквиваленттері

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	31 желтоқсан 2020 ж.	31 желтоқсан 2019 ж.
Банк шоттарындағы ақша қаражаттары – теңге	526,439	385,541
Банк шоттарындағы ақша қаражаттары – АҚШ доллары	12	2,280
Кассадағы ақша қаражаттары	2,737	5,413
Банк шоттарындағы ақша қаражаттары – еуро	516,304	145
3 айға дейінгі депозиттердегі ақша қаражаттары – теңге	550,000	905,001
Құнсызданған резервті шегергенде	(243)	(375)
Барлық ақша қаражаттары және олардың эквиваленттері	1,595,249	1,298,005

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кредиттік сапа бойынша ақша қаражаттары мен олардың эквиваленттерін талдау нәтижелері төменде көрсетілген: 2020 және 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ақша қаражаттары мен олардың эквиваленттерінің мерзімі өтпеген.

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	Рейтинг (S&P)	31 желтоқсан 2020 ж.	31 желтоқсан 2019 ж.
Мерзімі өтпеген және құнсызданбаған:			
Халық Банкі	BB+	18,302	80,708
Альфа-Банк	BB-	556,064	8,571
Жинақ банкі ЕБ	BBB-	500,442	104
АТФ Банк	B-	921	930
"Altyn Bank" АҚ	BBB-	221	318
ВТБ Банк АҚ ЕБ (Қазақстан)	BB+	516,171	300,007
"ForteBank" АҚ	B-	634	902,633
Барлық ақша қаражаттары мен олардың эквиваленттері		1,592,755	1,293,271

11 Акционерлік капитал

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, шығарылған 5,601,812 жай акциялар 376,045,927 мың теңге сомасында толық төленді (2019 жыл: 5,601,687 акция). Өрбір жай акция бір дауысқа ие. Компанияның артықшылықты акциялары жоқ. Жарияланған акцияларының саны – 8,602,187. 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ Компанияның 100% акционері болып табылады (2019 жыл: 100%).

2020 жылдың маусым айында «Самұрық-Қазына» АҚ басым сатып алу құқығына сәйкес жалпы сомасы 2,731,039 мың теңгеге 21 738 039 мың теңге бағасымен Компанияның 125 акциясын сатып алды және сатып алынған акциялар үшін жел және күн энергиясы жабдықтарын беру арқылы төледі. Сатып алу күніне алынған мүліктің әділ құнын бағалау нәтижесінде Компания басқа капитал резервтеріндегі құнның өзгеруінен 2,312,752 мың теңге мөлшеріндегі залалды Акционермен жасалған операция ретінде таныды.

2020 жылы 9 маусымда Компания Жалғыз акционерге 3,066,231 мың теңге мөлшерінде - бір акцияға 547.38 теңге (2019 жылғы 23 сәуір: 2,041,000 мың теңге) дивидендтер төлеу туралы жариялады. 2020 жылдың 16 шілдесінде «Самұрық-Энерго» АҚ Жалғыз акционерге 3,066,231 мың теңге көлемінде жарияланған дивидендтерді толығымен төледі.

12 Қарыздар

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	31 желтоқсан 2020 ж.	31 желтоқсан 2019 ж.
Ұзақ мерзімді бөлігі		
Ұзақ мерзімді банк қарыздары	60,308,279	63,208,148
Самұрық-Қазына қарызы	65,293,870	62,284,630
Облигациялар	24,819,395	24,800,157
Еншілес ұйымдардың қарыздары	-	33,467,208
Қарыздардың барлық ұзақ мерзімді бөлігі	150,421,544	183,760,143
Қысқа мерзімді бөлігі		
Еншілес ұйымдардың қарызы	38,411,690	10,294,522
Қысқа мерзімді банк қарыздары	3,042,235	8,942,235
Самұрық-Қазына қарызы	2,381,109	2,381,108
Есептелген пайыздар – облигациялар	360,287	360,287
Есептелген пайыздар – банк қарыздары	1,584,825	1,448,062
Есептелген пайыздар – Самұрық-Қазына мен ЕТҰ қарыздары	212,878	212,560
Қарыздардың барлық қысқа мерзімді бөлігі	45,993,024	23,638,774
Барлық қарыздар	196,414,568	207,398,917

Төменде аталған қарыздардың баланстық және әділ құны келтірілген:

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	31 желтоқсан 2020 ж.		31 желтоқсан 2019 ж.	
	Баланстық құны	Әділ құны	Баланстық құны	Әділ құны
Самұрық-Қазына мен ЕТҰ қарыздары	106,299,547	106,249,976	108,640,029	93,139,224
Облигациялар	25,179,682	25,546,862	25,160,443	21,644,161
Банк қарыздары	64,935,339	64,935,339	73,598,445	70,584,418
Барлық қарыздар	196,414,568	196,732,177	207,398,917	185,367,803

Самұрық-Қазына

2010 жылғы 17 наурызда Forum Muider-ден 50% үлесті сатып алу нәтижесінде қарызды қайта қаржыландыру мақсатында Компания Самұрық-Қазынамен 48,200,000 мың теңге сомасында кредиттік келісімге қол қойды. Қарыз жылына 1.2% көлеміндегі пайыздық мөлшерлемен, өтеу мерзімі 2029 жылғы 15 қыркүйекке дейін берілді. Негізгі сома жыл сайынғы тең төлеммен өтелуі тиіс, ал пайыздар қарыз алынғаннан кейін келесі есептік жылдан бастап жарты жылдық төлемдермен төленеді.

2011 жылғы 14 қаңтарда «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ қосалқы станциясының құрылысын қаржыландыру мақсатында Компания Самұрық-Қазынамен 7,000,000 мың теңге сомасында кредиттік келісімге қол қойды. Қарыз жылына 2% көлеміндегі пайыздық мөлшерлемен, өтеу мерзімі 2024 жылғы 25 қаңтарға дейін берілді. Негізгі сома мерзім соңында, ал пайыздар жарты жылдық төлемдермен төленуі тиіс.

2014 жылғы 16 қаңтарда ЕГРЭС-1-дің қалған үлесін сатып алу мақсатында Компания Самұрық-Қазынамен 200,000,000 мың теңге сомасында кредиттік келісімге қол қойды. Негізгі сома 2028 жылдың 1 желтоқсанына дейін төленуі тиіс, ал пайыздар 7.8% мөлшерлемесімен жарты жылдық төлемдермен төленеді.

12 Қарыздар (жалғасы)

2014 жылғы 3 қазанда № 369 Кредиттік келісімге №1 қосымшаға сәйкес кредиттік келісім айтарлықтай өзгертілді:

- 100,000,000 мың теңге көлеміндегі негізгі қарыз сомасы Компания акцияларына айырбасталды;
- Негізгі қарыздың қалған сомасы бойынша пайыздық мөлшерлеме жылына 9% дейін ұлғайтылды.

2015 жылғы 25 желтоқсанда аталған кредиттік келісім №369-И кредиттік шарттың №2 қосымшасына сәйкес айтарлықтай өзгертілді, негізгі қарыздың сомасы бойынша пайыздық мөлшерлемесі жылдық 1% дейін төмендетілді. Басшылық пайыздық мөлшерлеменің нарықтық емес мөлшерлемеден 1% дейін төмендеуін, ал субординацияланғанға дейінгі қарыз басымдығындағы өзгерістерді қарыз шарттарын айтарлықтай өзгерістерге алып келетінін бағалады. Басшылық несие шарттарына мұндай өзгерістер бастапқы қарызды өтеу ретінде есептелуі тиіс және жаңа қарызды әділ құны бойынша тану тиіс деп есептейді. Қарыз алған күндегі нарықтық мөлшерлеме жылдық 12.8% құрады. Компания 72,581,903 мың теңге сомасында қарызды басқа капитал құрамында бастапқы танудан түскен кіріс деп мойындады, себебі басшылық нарықтан төмен мөлшерлемеден қарыз ұсыну кезінде Самұрық-Қазына Компания акционері ретінде әрекет етті деп есептейді. Алынған қарызды бастапқы танудан түскен пайда алынған қарыздың атаулы құны мен оның танылған күніндегі әділ құны арасындағы ақша ағымын дисконттау әдісін пайдаланумен және жылдық 12.8% тиімді мөлшерлемеден есептелген айырмашылық ретінде көрсетілді.

Еуропа қайта құру және даму банкі

2016 жылғы желтоқсанында Компания еурооблигацияларды қайта қаржыландыру үшін 100 миллион еуро мөлшерінде жаңартылмайтын кредиттік желіні ашты. 2019 жылғы қыркүйекте Компания аталған кредиттік желі аясында 39,114,450 мың теңге жалпы сомасына екі транш алды. Пайыздық мөлшерлеме All-in-cost кредит берудің тәуелсіз индикативтік мөлшерлемесі негізінде белгіленеді және жылдық 3.5% және 4.5% маржамен беріледі. Тәуелсіз индикативтік мөлшерлеменің өзгеруі тоқсан сайынғы негізде тіркеледі. Негізгі қарыз жылына екі рет және мерзім соңында төленеді.

Азия Даму Банкі

2018 жылғы 8 қарашада және 5 желтоқсанда Компания Азия Даму Банкінде негізгі қызмет түрлерінің операциялық тиімділігін арттыру және жаңартылатын энергия көздерімен байланысты мүмкіндіктерді сәйкестендіру мақсатында 120 миллион АҚШ доллары сомасына жаңартылмайтын кредиттік желі ашты. 2019 жылы Компания кредиттік желілер бойынша жалпы сомасы 45,860,800 мың теңгеге үш транш алды, А және В транштарының өтеу мерзімі 5 жылдан кейін, С траншының өтеу мерзімі - 7 жыл. Пайыздық мөлшерлеме Қазақстан Республикасының нақты инфляциялық көрсеткіштері, сонымен қатар банк маржасы негізінде белгіленеді. Негізгі қарыз кредит мерзімі аяқталғаннан кейін төленеді.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ

2017 жылғы тамызда Компания еурооблигацияларды қайта қаржыландыру үшін және өзге корпоративтік мақсаттар үшін 40,000,000 мың теңге мөлшерінде жаңартылмайтын кредит желісін ашты. Пайыздық мөлшерлеме жылдық 10,3 %-ды құрайды және тоқсан сайын төленеді. Негізгі қарыз жылына екі рет төленеді. 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша негізгі қарыз толық көлемде өтелді.

Облигациялар

2017 жылғы тамызда және қыркүйекте Компания бес жыл мерзімге 1 облигация үшін номиналдық құны 1000 теңге болатын жалпы сомасы 20,000,000 мың теңге және 28,000,000 мың теңгеге облигациялар шығарып, жариялады. Купондық пайыздық мөлшерлеме тиісінше жылдық 13%-ды және 12.5%-ды құрады, сәйкесінше жылына екі рет және тоқсан сайын төленуі тиіс. 2019 жылдың 18 ақпанында Компания 28,000,000 мың теңге сомасына екінші транш облигацияларын кері сатып алды. 2019 жылдың сәуірінде Компания нарықтық бағамен 17,655,846 мың теңге сомасына бірінші транштың 16,872,498 облигацияларын кері сатып алды. 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бірінші транш бойынша негізгі қарыздың қалдығы 3,127,502 мың теңгені құрайды.

2018 жылғы қарашада Компания жеті жыл мерзімге 1 облигация үшін 1000 теңге номиналдық құны бойынша 21,736,200 мың теңге жалпы сомасында облигацияларды шығарды және жариялады. Купондық пайыздық мөлшерлеме жылдық 11,2%-ды құрады және жылына екі рет төлеуге жатады.

12 Қарыздар (жалғасы)

«Сбербанк» АҚ ЕБ

2020 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ «Сбербанк» АҚ ЕБ кредиттік желісі бойынша 2 ай мерзімге жалпы сомасы 13,100,000 мың теңге болатын жаңартылған кретит желісі бойынша 6 қысқа мерзімді транш алды, ол есепті кезең ішінде мерзімінен бұрын өтелді. 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, негізгі қарыз толық көлемде өтелді.

Қарыздарды салыстыру. Төмендегі кестеде таза қарыздың мөлшері және Компанияның қаржылық қызмет нәтижесінде туындайтын міндеттемелерінің өзгеруі көрсетілген кезеңдердің әрқайсысына талдау келтірілген. Осы міндеттемелердің баптары қаржылық қызмет бөлігі ретінде ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есепте көрсетілді.

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	2020 ж.	2019 ж.
1 қаңтардағы қарыз	207,398,917	175,901,918
Алынған қарыздар мен облигациялар бойынша түсімдер	17,810,342	158,280,800
Қарыздар мен облигацияларды өтеу	(39,093,686)	(125,568,479)
Төленген сыйақылар	(12,559,564)	(12,067,571)
Қаржылық жалдау бойынша түсімдер/(істен шығу)	-	(516,230)
Сыйақыны есептеу	12,696,645	12,356,074
Келтірілген құн дисконтын жою	10,191,991	8,572,925
Алынған қарыздарды ұйымдастырған кездегі дисконт	-	(5,575,617)
Қарызды өзгертуден түскен пайда	-	(3,720,428)
Өзге төлемдер	(30,077)	(264,475)
31 желтоқсандағы қарыз	196,414,568	207,398,917

13 Дивидендтер бойынша кірістер

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	2020 ж.	2019 ж.
«Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-дан түскен дивидендтер	29,000,000	29,000,000
Forum Muider B.V-ден түскен дивидендтер	2,952,223	15,263,146
«Бұқтырма ГЭС» АҚ-дан түскен дивидендтер	1,373,311	2,246,746
«Алматы электр станциялары» АҚ-дан түскен дивидендтер	610,921	-
«БЖЭС» ЖШС-дан түскен дивидендтер	600,000	-
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-дан түскен дивидендтер	407,518	879,332
Өзге	-	60,000
Дивидендтер бойынша барлық кірістер	34,943,973	47,449,224

14 Өзге операциялық кірістер мен шығыстар (нетто)

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	2020 ж.	2019 ж.
Еншілес және тәуелді ұйымдарға және қауымдастырылған ұйымдарға салынған инвестициялардың құнсыздануларын (құнсыздануын) қалпына келтіру (нетто)	(704,664)	4,490,680
Өзге шығыстар	(8,893)	(251,763)
Өзге кірістер	70,445	145,066
Барлық өзге операциялық кірістер мен шығыстар	(643,112)	4,383,983

15 Жалпы және әкімшілік шығыстар

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	2020 ж.	2019 ж.
Еңбекақы және онымен байланысты шығыстар	2,656,472	2,902,446
Сот талқылаулары бойынша резервті есептеу (19 Ескертпе)	739,802	-
Мамандандырылған кеңсе қызметі	676,590	656,787
НҚ тозуы және МЕА амортизациясы	516,029	488,174
Консультациялық және өзге қызметтер	224,004	830,632
Ақпараттық жүйелерге көрсетілетін қызмет	195,384	244,399
Салықтар	129,448	253,604
Мүшелік жарналары	96,526	71,302
Іссапар шығыстары	65,077	153,110
Қызметкерді оқыту және онымен байланысты шығыстар	43,375	111,967
Сақтандыру	41,988	39,581
Байланысқа жұмсалатын шығыстар	22,480	25,988
Жалдау бойынша шығыстар	3,169	2,230
Өзге	447,554	577,336
Барлық жалпы және әкімшілік шығыстар	5,857,898	6,357,556

16 Қаржылық табыстар

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	2020 ж.	2019 ж.
Қаржылық активтер бойынша дисконттың амортизациясы	1,920,523	1,696,382
Облигациялар мен берілген қарыздар бойынша пайыздық табыстар	5,832,282	3,434,009
Дебиторлық берешекті өзгертуден түскен табыс	661,324	-
Қарыздарды өзгертуден түскен табыс	105,291	-
Бастапқы тануды тоқтатудан түскен табыс	-	365,541
Қаржылық кепілдіктің істен шығуынан түскен табыс	-	466,968
Алынған қарызды өзгертуден түскен табыс	-	3,720,428
Берілген кепілдіктер бойынша табыс	88,681	208,027
Банк депозиттері бойынша пайыздық табыс	140,239	369,700
Өзге	11,145	13,108
Барлық қаржылық табыс	8,759,485	10,274,163

17 Қаржылық шығыстар

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	2020 ж.	2019 ж.
Қарыздар мен облигациялар бойынша сыйақыға жұмсалатын шығыстар	12,696,645	12,356,074
Қарыздар мен қаржылық көмек бойынша келтірілген құн дисконтының амортизациясы	10,191,991	8,572,925
Берілген және ұзақ мерзімді берешек қарыздарын дисконттау	83,813	42,075
Облигацияларды сатып алған кезде шеккен залал	-	783,348
Берілген кепілдікті өзгертуден шеккен залал	-	247,840
Жалдау бойынша дисконтты жою	125,914	270,240
Өзге	2,744	420,486
Барлық қаржылық шығыстар	23,101,107	22,692,988

18 Табыс салығы

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	2020 ж.	2019 ж.
Ағымдағы табыс салығы	79,874	248,008
Кейінге қалдырылған табыс салығы	-	-
Табыс салығы бойынша барлық шығыстар	79,874	248,008

Төменде салық бойынша теориялық және нақты шығыстар салыстырылып берілген:

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	2020 ж.	2019 ж.
ХҚЕС бойынша салық салғанға дейінгі пайда	12,805,199	34,183,457
Қолданыстағы 20% мөлшерлеме бойынша табыс салығының теориялық шығыны/ (2019 ж.: 20%)	2,561,040	6,836,691
Мыналарға түзетулер:		
Дивидендтер бойынша табыстар	(6,988,795)	(9,489,845)
Төлем көзінен ұсталған табыс салығы	79,874	248,008
Үлесті сатып алуға және БЖЭС-ке салынған инвестицияларды есептен шығаруға байланысты шегерілмейтін шығыстар (4 қосымша)	-	19,209,251
Басқа шегерілмейтін шығыстар/(салық салынбайтын кіріс)	5,754	1,412,061
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша танылмаған активтердегі өзгерістер	4,422,001	(17,968,158)
Өткен жылдардағы түзетулер, соның ішінде ауыстырылған салық залалдарының ескіру мерзімінің өтуіне байланысты	-	-
Табыс салығы бойынша барлық шығыстар	79,874	248,008

ХҚЕС пен Қазақстан Республикасының салық заңнамасы арасындағы айырмашылықтар бухгалтерлік есеп пен олардың салық базасындағы активтер мен міндеттемелердің теңгерімдік бағасы арасындағы уақыт айырмашылықтарының туындауына әкеледі. Уақыт айырмашылықтары өзгерістерінің салықтық әсері төменде салық мөлшерлемелеріне сәйкес көрсетілген, олар уақыт айырмашылықтарын қалпына келтіру кезеңінде қолданылмақ.

18 Табыс салығы (жалғасы)

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	2020 ж. 1 қаңтар	Пайда мен залалдар есебіне жатқызылды	2020 ж. 31 желтоқсан
Шегерілетін уақыт айырмашылықтарының салық әсері			
Кейінге қалдырылған салық шығындары	11,771,276	1,970,535	13,741,811
Берілген қарыздар	1,198,290	(183,100)	1,015,190
Еншілес, бірлескен және қауымдастырылған кәсіпорындар	1,072,898	603,483	1,676,381
Өзге дебиторлық берешек	827,857	49,788	877,645
Кепілдіктер	287,950	(33,497)	254,453
Кейінге шегерілген табыс салығы бойынша жалпы активтер	15,158,271	2,407,209	17,565,480
Танылмаған салық активтері	(276,635)	(4,422,001)	(4,698,636)
Табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған активтермен есептен шығару	(14,881,636)	2,014,792	(12,866,844)
Кейінге шегерілген табыс салығы бойынша танылған активтер	-	-	-
Салық салынатын уақыт айырмашылықтарының салық әсері			
Негізгі құралдар	(326,950)	(44,979)	(371,929)
Қарыздар	(14,554,686)	2,059,771	(12,494,915)
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша жалпы міндеттемелер	(14,881,636)	2,014,792	(12,866,844)
Пайда салығы бойынша кейінге қалдырылған активтермен есептен шығару	14,881,636	(2,014,792)	12,866,844
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша танылған міндеттемелер	-	-	-

18 Табыс салығы (жалғасы)

Компания төлем көзінен салық салынатын табысты қоспағанда, жақын болашақта салық салынатын кіріс алуды жоспарламайды.

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	2019 ж. 1 қаңтар	Пайда мен залалдар есебіне жатқызылды	2019 ж. 31 желтоқсан
Шегерілетін уақытша айырмашылықтың салықтық әсері			
Ауыстырылған салық залалдары	22,739,523	(10,968,247)	11,771,276
Берілген қарыздар	1,425,181	(226,891)	1,198,290
Еншілес, бірлескен және қауымдастырылған кәсіпорындар	7,378,299	(6,305,401)	1,072,898
Өзге дебиторлық берешек	872,476	(44,619)	827,857
Кепілдіктер	491,376	(203,426)	287,950
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша жалпы активтер	32,906,855	(17,748,584)	15,158,271
Танылмаған салық активтері	(18,244,793)	17,968,158	(276,635)
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша міндеттемелермен есептен шығару	(14,662,062)	(219,574)	(14,881,636)
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша танылған активтер	-	-	-
Салық салынатын уақыт айырмашылықтарының салықтық әсері			
Негізгі құралдар	(234,246)	(92,704)	(326,950)
Қарыздар	(14,427,815)	(126,871)	(14,554,686)
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша жалпы міндеттемелер	(14,662,062)	(219,575)	(14,881,637)
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша активтермен есептен шығару	14,662,062	219,575	14,881,637
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша танылған міндеттемелер	-	-	-

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания 140,933 мың теңге (2019 жылғы 31 желтоқсан: 276,635 мың теңге) мөлшерінде кейінгі кезеңдерге ауыстырылған пайдаланылмаған салық залалдарына қатысты кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша активті мойындамады.

19 Шартты және келісімшартты міндеттемелер мен операциялық тәуекелдер

Қазақстан Республикасындағы саяси және экономикалық жағдай

Жалпы алғанда, Қазақстан Республикасының экономикасы дамушы нарықтарға тән кейбір сипаттық ерекшеліктерді көрсетеді. Бұл әсіресе ел экспортының негізгі бөлігін құрайтын мұнай мен газдың және басқа минералды шикізат бағасының ауытқуларына ерекше сезімтал. Бұл ерекшеліктер елдің шегінен тыс бос айырбастауға болмайтын ұлттық валютаның болуын және бағалы қағаздар нарығының төмен өтімділік деңгейін қосады, бірақ олармен шектелмейді. Аймақтағы сақталып отырған саяси шиеленісушілік, айырбас бағамының құбылмалылығы, халықаралық қаржыландыруды тартуда қиыншылықтардың туындауы мен өтімділіктің төмендеуін қоса алғанда, Қазақстан Республикасының экономикасына жағымсыз әсерін тигізуді жалғастыруы мүмкін.

19 Шартты және келісімшартты міндеттемелер мен операциялық тәуекелдер (жалғасы)

2015 жылдың 20 тамызында ҚР Ұлттық банкі мен Үкіметі теңгенің айырбастау курсына қолдау көрсетуді тоқтату және еркін айырбастау бағамына ауысу және валюта коридорынан бас тарту, инфляциялық таргеттеу режиміне негізделген жаңа ақша-несие саясатын іске асыру туралы шешім қабылдады. Бұл жағдайда айырбас бағамына қатысты Ұлттық банк саясаты бойынша қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін теңгенің айырбас бағамының күрт төмендеуін боодырмас үшін интервенциялар жасауда.

Осы қаржылық есеп күніндегі жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің ресми айырбастау бағамы 1 АҚШ доллары үшін 414.77 теңгені құрады, салыстырар болсақ, 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 1 АҚШ доллары үшін 420.71 теңгені құраған Осылайша, теңгенің айырбастау бағамына, Ұлттық банк пен Үкіметтің болашақ іс-қимылына, сондай-ақ аталған факторлардың ҚР экономикасына тигізетін әсеріне қатысты тұрақсыздық сақталып отыр.

2021 жылғы 21 қаңтарда Fitch Ratings шетелдік валютадағы Қазақстан эмитенті дефолтының ұзақ мерзімді рейтингін (ЭДР) «BBB» деңгейінде «Тұрақты» болжамымен растады. Қазақстанның ЭДР «BBB» деңгейі, бір жағынан, шоғырланған мұнайдың бюджеттік кірістері мен мемлекеттің күшті таза шетелдік активтеріне бекітілетін ірі фискалды және сыртқы буферлік резервтерге, ал екінші жағынан, шикізат секторына мейлінше тәуелділікті, салыстырылатын елдерге қатысты әлсіз банктік секторды, сондай-ақ «BBB» рейтингіндегі елдерге арналған медианаға қатысты басқару сапасы бойынша неғұрлым төмен скорингтік балдарды білдіреді. Мұнай бағалары мен коронавирусқа байланысты күйзелістеріне қарамастан, мемлекеттік қарыз төмен, ал фискалды және сыртқы буферлік резервтер жоғары болып қала береді.

Ресми бағалауларға сәйкес, 2020 жылдың тоғыз айында нақты ЖІӨ 3,1%-ға қысқарды. 2020 жылдың тамызында Fitch коронавирус пен ОПЕК + мұнай өндірісінің қысқаруын ішкі сұранысқа кері әсер ететін жағдайда ЖІӨ-нің 2020 жылы 2,0% нақты қысқаруын болжады (2019: + 4,5%).

Сонымен бірге, Қазақстан Республикасындағы энергетикалық сектор Қазақстан Республикасында саяси, заңнамалық, салықтық және реттегіштік өзгерістерге бейіл болып қала береді. Қазақстан Республикасының экономикалық тұрақтылығының перспективалары елеулі деңгейде Үкімет қабылдайтын экономикалық шаралардың тиімділігіне, сондай-ақ құқықтық, бақылаушы және саяси жүйелердің дамуына, яғни Компанияның бақылау саласынан тыс жағдайларға байланысты.

Күтілетін кредиттік залалдарды бағалау үшін Компания макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамдарын қоса алғанда, расталатын болжамдық ақпаратты қолданады. Алайда, кез келген экономикалық болжамдар сияқты, оларды іске асыру болжамдары мен ықтималдығы белгісіздік деңгейінің жоғары болуына байланысты, соған сәйкес, нақты нәтижелер болжанатын нәтижелерден айтарлықтай ерекшеленуі мүмкін.

2019 жылдың желтоқсанында Қытайда алғаш рет жаңа вирус ошағының пайда болғаны туралы жаңалықтар тарады. 2020 жылы 11 наурызда Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы COVID-19 коронавирусының жаңа түрінің таралуын пандемия деп жариялады. «Қазақстан Республикасында төтенше жағдай енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 15 наурыздағы № 285 жарлығына сәйкес, елімізде 2020 жылдың 16 наурызынан бастап 2020 жылдың 11 мамырына дейін төтенше жағдай енгізілді.

Қазақстанның көптеген қалаларында карантин жарияланды, ал өнеркәсіптік кәсіпорындардың көпшілігінің жұмысы 2020 жылдың 30 наурызынан 11 мамырына дейін тоқтатылды. Карантин кезеңінде Компанияның қызметі тоқтатылған жоқ, кеңсе қызметкерлерінің жұмысы қашықтан ұйымдастырылды.

Пандемияға жауап ретінде Қазақстан билігі COVID-19-дың таралуы мен әсерін тоқтатуға бағытталған көптеген шараларды қабылдауда, мысалы, жол жүруге тыйым салу, карантин, іскерлік белсенділікке шектеулер және т.б. Бұл шаралар, басқалармен қатар, Қазақстандағы экономикалық белсенділікті және бизнеске, нарық қатысушыларына, Компанияның клиенттеріне, сондай-ақ қазақстандық және әлемдік экономикаға белгісіз уақыт кезеңінде тигізуі мүмкін жағымсыз әсерді қатаң түрде шектейді.

Сонымен бірге, 2020 жылғы 9 наурызда ОПЕК-ке мүше елдер мен басқа да ірі мұнай өндіруші елдер арасындағы келіспеушіліктер салдарынан мұнайға баға белгіленімдері құлдырады, Brent маркалы мұнайдың бағасы 2020 жылдың наурыз айында барреліне 25 доллардан төмендеді. Теңге АҚШ долларына қатысты 2020 жылдың басынан бастап шамамен 10%-ға төмендеді.

19 Шартты және келісімшартты міндеттемелер мен операциялық тәуекелдер (жалғасы)

Осы қаржылық есептілік шығарылған күнге дейін жағдай әлі де өзгеруде, бүгінгі күнге дейін Компанияның операцияларына айтарлықтай әсері байқалған жоқ, дегенмен болашақ әсерді болжау қиын. Басшылық жоғарыда аталған оқиғалардың әлеуетті әсерін бақылауды жалғастырады және бизнес үшін жағымсыз салдарлардың алдын алу үшін барлық қажетті шараларды қолданады, алайда:

- COVID-19 пандемиясына байланысты тоқтап тұрудың/карантиннің салдарлары жалпы іскерлік белсенділіктің баяулауына әкеледі, бұл, тұтастай алғанда, болашақта Компанияның қаржылық көрсеткіштеріне әсер етуі мүмкін;
- ОПЕК мүшелері мен басқа ірі мұнай өндіруші елдер арасындағы жаңа келісімдер шеңберінде Қазақстан мен Ресей өндірісті қысқартуға міндеттеме алды
- теңгенің АҚШ долларына қатысты одан әрі девальвациясы Компанияның қаржылық нәтижелеріне кері әсерін тигізеді

Басшылық қазақстан экономикасындағы өзгерістердің деңгейіне де, ұзақтығына да қатысты нақты пікір айта алмайды, немесе олардың Компанияның болашақтағы қаржылық жағдайына тигізуі мүмкін әсерін де бағалай алмайды. Басшылық осындай ағымдағы жағдайда Компания қызметінің тұрақтылығы мен өсуін ұстап тұру үшін барлық қажетті шараларды қолданатынына сенімді.

Салық заңнамасы

ҚР салық шарттары өзгертілуі және тиянақсыз қолданылуы, түсіндірілуі мүмкін. Қазақстан заңдары және Компания мен Қазақстанның уәкілетті органдарының ережелерін түсіндірудегі алшақтық қосымша салықтарды, айыппұлдар мен өсімпұлдарды есептеп шығаруға әкеп соғуы мүмкін.

Қазақстанның салық салу заңнамасы және тәжірибесі тұрақты даму жағдайында, сондықтан түрліше түсіндірілуі және олар кері күшке ие болуы мүмкін жиі өзгерістерге тап болуы мүмкін. Кейбір жағдайларда, салық салу базасын анықтау мақсатында, салық заңнамасы ХҚЕС ережелеріне сілтеме жасайды, бұнда Қазақстанның салық органдары ХҚЕС-тің тиісті ережелерін түсіндірген кезде Компанияның қосымша салық міндеттемелерінің туындауына әкеп соғуы мүмкін. Салық органдары салық жылы аяқталғаннан кейін бес жыл ішінде ретроспективті тексеріс жүргізуі мүмкін. Компания басшылығы өзінің тиісті заңнамаларды түсіндіргені дұрыс болатынына және Компанияның салықтық ұстанымы негізді екеніне сенімді. Басшылық пікірінше, Компания осы қаржылық қаржылық есептілікке қалыптасқан резервтерден асатын ағымдағы және әлеуетті салықтық талаптар бойынша көп шығын шекпейді.

Сақтандыру

Қазақстан Республикасындағы сақтандыру нарығы қалыптасу кезеңінде және әлемнің басқа елдерінде таралған көптеген сақтандыру түрлері Қазақстанда әзірге қол жетімсіз. Компания өзінің өндірістік ғимараттары, үшінші тұлғалар алдында өндірістің тоқтауына немесе міндеттемелердің туындауына байланысты шығындарға батуы, Компания қызметі немесе апаттардың салдарынан жылжымайтын мүлік объектілеріне немесе қоршаған ортаға тигізетін залалдарға байланысты толық сақтандырылмаған. Компания толық сақтандырылмайынша, белгілі бір активтердің жоғалуы немесе бүлінуі Компанияның қызметіне және қаржылық жағдайына біршама кері әсерін тигізеді деген қауіп бар.

Сот талқылаулары.

2020 жылдың екінші тоқсанынан бастап Компания «Транстелеком» АҚ-мен сот талқылауына қатысты. «Транстелеком» АҚ «Самұрық-Энерго» АҚ мақсатты (негізгі) процестерін өндіру бойынша консультациялық қызметтер сатып алу туралы шарты бойынша нақты көрсетілген қызметтерді және 1,100,045 мың теңге сомда келтірілген шығындарды өндіріп алу туралы талап-арыз берді. 2020 жылы 16 сәуірде Нұр-Сұлтан қаласының МАЭС-те өтетін сот отырысына дайындық жүргізілді. 2020 жылдың 3 тамызында Нұр-Сұлтан қаласының МАЭС-інде «Транстелеком» АҚ-ның «Самұрық-Энерго» АҚ-ға берешек сомасын өндіру туралы талап арызына байланысты азаматтық іс бойынша сот отырысы өтті. Соттың 2020 жылғы 3 тамыздағы және 2020 жылғы 25 тамыздағы анықтауымен бұл іске сот экономикалық және сот тауарлық сараптамасы тағайындады. 2020 жылы 15 желтоқсанда сот талап арызды ішінара қанағаттандыру туралы шешім қабылдады. Сот «Самұрық-Энерго» АҚ-дан «Транстелеком» АҚ -ның пайдасына 718,254 мың теңге және мемлекеттік бажды төлеу бойынша 21,548 мың теңге мөлшерінде сот шығындарын өндіріп алу туралы шешім шығарды. «Транстелеком» АҚ-ның 381,791 мың теңге көлеміндегі талаптарының қалған бөлігінен сот бас тартты. 2021 жылғы 3 ақпанда сот арасында жасалған медиациялық келісімді мақұлдады. «Самұрық-Энерго» АҚ және «Транстелеком» АҚ 2021 жылғы 2 ақпанда, оған сәйкес «Самұрық-Энерго» АҚ 2021 жылы 8 ақпанда іс жүзінде аяқталған жұмыс көлемі үшін 700,000 мың теңге төледі. Компания 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жалпы өкімшілік шығыстар шеңберінде 739,802 мың теңге көлемінде провизия құрды. Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті мақұлдау күніне «Самұрық-Энерго» АҚ мен «Транстелеком» АҚ арасындағы келісім орындалды.

19 Шартты және келісімшартты міндеттемелер мен операциялық тәуекелдер (жалғасы)

Қарыздар бойынша ковенанттар.

Компанияның қарыздар және облигациялар бойынша белгілі бір ковенанттары бар. Осы ковенанттарды орындамау Компания үшін жағымсыз салдарларға, оның ішінде қарыздар бойынша шығындардың өсуіне және дефолтты жариялауға әкелуі мүмкін. 2020 жылдың қорытындысы бойынша Компания қарыздар бойынша ковенанттардың нормативтік мәндерін орындады.

Ұзақ мерзімді қаржылық кепілдіктер.

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, Компания «Шардара СЭС» АҚ еншілес компаниялары алған қарыздар бойынша кепілдіктерге ие. Бастапқы тану кезіндегі кепілдіктердің әділ құны Қоғам қамтамасыз еткен кредитті алған қарыз алушының пайыздық мөлшерлемесі мен Компания кепілдік бермеген жағдайда қолданылатын пайыздық мөлшерлеменің арасындағы айырмашылықты көрсететін пайыздық мөлшерлемелердің кепілдіктермен жабылған сомаларға қолдану нәтижесінде алынған сома ретінде анықталды. Кепілдік құны еншілес компанияға салынған инвестиция ретінде бағаланады.

	Ұзақ мерзімді қаржылық кепілдік		Кепілді міндеттемелер сомасы		Кепілдік кезеңі		Кепілдік бойынша бағалау мөлшерлемесі
	2020 ж. 31 желтоқсан	2019 ж. 31 желтоқсан	2020 ж. 31 желтоқсан	2019 ж. 31 желтоқсан	Кепілдік шығарылған жыл	Кепілдіктің күшінде болу кезеңі	
<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>							
Компания «Шардара» СЭС	1,272,264	1,439,752	21,235,227	23,717,500	2015 г.	13 лет	3%
Барлығы	1,272,264	1,439,752	21,235,227	23,717,500			

20 Қаржы тәуекелдерін басқару

Қаржы тәуекелі факторлары

Компания қызметі оны бірқатар қаржылық тәуекелдерге әкеледі: нарықтық тәуекел (оның ішінде валюталық тәуекел, пайыздық мөлшерлеме өзгерісінің әсер ету тәуекелі), несиелік тәуекел және өтімділік тәуекелі. Компания деңгейіндегі тәуекелдерді басқару бағдарламасы көзделмеген қаржылық нарықтарға шоғырландырылған және Компанияның қаржы нәтижелеріне әлеуетті жағымсыз әсерін барынша азайтуға бағытталған. Компания тәуекелге ұшырауды хеджирлеу үшін қаржы құралдарын пайдаланбайды.

Тәуекелдерді басқаруды басшылық тәуекелдерді басқару принциптерін белгілейтін және несиелік тәуекел, өтімділік тәуекелі және нарықтық тәуекел сияқты нақты бағыттарды қамтитын саясатқа сәйкес жүзеге асырады.

(а) Кредит тәуекелі

Компания тараптардың бірі қаржы құралы арқылы жасалатын операциялар шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны үшін екінші тараптың қаржылық шығын тартуына себепкер тәуекел болып табылатын кредиттік тәуекелге ұшырайды.

Кредит тәуекелі Компанияның контрагенттермен жасалатын кредиттік және басқа да операциялары нәтижесінде туындайды, соның салдарынан қаржылық активтер туындап отырады.

Компанияның ең жоғарғы кредиттік тәуекел деңгейі қаржылық жағдай туралы есепте қаржылық активтердің теңгерімдік құнынан көрінеді.

Кредиттік тәуекелді басқару

Кредиттік тәуекел Компания бизнесі үшін барынша елеулі тәуекел болып табылады. Сондықтан да басшылық кредиттік тәуекелді басқаруға ерекше көңіл бөледі.

Тәуекелдерді басқару мақсатында кредиттік тәуекелді бағалау күрделі процесс болып табылады және нақты модельдерді пайдалануды талап етеді, себебі тәуекелдер нарық жағдайына, күтілетін ақшалай қаражат айналымына және уақыт ағымына тәуелді. Активтер портфелі бойынша кредиттік тәуекелді бағалау дефолт болу ықтималдылығына байланысты қосымша бағалауды, тиісті шығын коэффициенттерін белгілеуді және контрагенттер арасындағы дефолт жағдайларына түзетулер жасауды талап етеді.

20 Қаржы тәуекелдерін басқару (жалғасы)

Кредиттік тәуекелді жіктеу жүйесі

Кредиттік тәуекел деңгейі бойынша қаржылық құралдарды жіктеу және кредит тәуекелін бағалау мақсатында Компания екі жұмыс бағытын пайдаланады: тәуекелдер негізінде жасалатын ішкі рейтинг жүйесі немесе сыртқы халықаралық рейтинг агенттіктері (Standard & Poor's [S&P], Fitch, Moody's) бағалайтын тәуекел деңгейінің бағасы. Ішкі және сыртқы кредит рейтингтері бірыңғай ішкі шкала бойынша салғастырылады, дефолт тууы ықтималы анықталады.

Рейтингтердің тәуекелдерге негізделген ішкі жүйесі ішкі әзірleme болып табылады және рейтингтер басшылық тарапынан бағаланады. Компания кредиттік тәуекелді бағалаудың активтер топтамасына қарай түрлі әдістерін қолданады.

Компания ұзақ мерзімді дебиторлық берешек бойынша кредиттік тәуекелді бағалау үшін тәуекелдер негізінде ішкі рейтингтік жүйелерді қолданады.

Рейтинг модельдері жиі қайта қаралып отырады, дефолттар туралы нақты деректер негізінде бэк-тестілеуден өткізіледі және қажеттілік туған жағдайда жаңартылып отырады. Қолдану әдістемесіне қарамастан Компания рейтинг нақтылығын растап отырады, модельдердің болжамдық қабілеттерін есепке алып, бағалап отырады.

Сыртқы рейтингтер S&P, Moody's и Fitch секілді тәуелсіз халықаралық рейтинг агенттіктерінің контрагенттері арқылы беріледі. Бұл рейтингтер ашық түрде, қол жетімді. Мұндай рейтингтер және дефолттың болу ықтималдылығының тиісті диапазондары барлық қаржылық активтер үшін қолданылады, тек саудалық дебиторлық берешек пен ұзақ мерзімді дебиторлық берешектер өзгеше қаралады.

Күтілетін кредит шығындарын бағалау (КШБ)

Күтілетін кредиттік шығындар – ықтималдылық деңгейі ескеріле отырып, болашақ алынбаған ақшалай қаражат құны есептелген бағалау нысаны (яғни белгілі бір кезең ішінде туындаған дефолттың тиісті тәуекелдері пайдаланылып есептелген кредиттік шығындардың орташа өлшемдік шамасы). Күтілетін кредиттік шығындарды бағалау объективті болып табылады және туындауы мүмкін шешімдер ауқымы есебімен анықталады. Күтілетін кредиттік шығындарды бағалау Компанияда қолданылатын төрт компонент негізінде орындалады: дефолт ықтималдылығы, кредиттік талап көлемі, тәуекелге негізделген дефолт, дефолт жағдайындағы шығын және дисконттау мөлшерлемесі.

Дефолт сәтіндегі берешек – есепті кезең аяқталғаннан кейін тәуекел сомасында болуы мүмкін өзгерістер ескеріліп дефолттың болашақ болар күні тәуекелін бағалау, негізгі қарыз сомасы мен пайыздарын өтеу, және кредиттік міндеттемелер бойынша қаражатты пайдалану қоса ескеріледі. Кредиттік сипаттағы міндеттемелер бойынша дефолт сәтіндегі берешек кредиттік конверсия коэффициенті арқылы (CCF) бағаланады. Кредиттік конверсия коэффициенті – белгілі бір уақыт кезеңіндегі шарт бойынша міндеттемелер сомасының теңгерімдік міндеттемеге қатысты конверсия ықтималдылығын көрсететін коэффициент. *Дефолт ықтималдылығы (PD)* - белгілі бір уақыт кезеңіндегі дефолттың туындау мүмкіндігін бағалау. *Дефолт жағдайындағы шығын (LGD)* – дефолт кезіндегі туындайтын шығынды бағалау. Бұл шама шартта көзделген төлеуге бағытталған ақшалай қаражат ағыны мен кредитордың алуы күтілетін ақша арасындағы айырмаға негізделеді. Әдетте бұл көрсеткіш дефолт кезіндегі берешек пайызымен (EAD) белгіленеді. Күтілетін шығындар есепті мерзім аяғындағы көрсетілген құнға сәйкес дисконтталады. Дисконттау мөлшерлемесі қаржылық құрал бойынша тиімді пайыздық мөлшерлемні (ТПМ) немесе оған ұқсас шаманы білдіреді.

Күтілетін кредиттік шығындар қаражат құралының барлық қолданыс мерізімі ішінде модельденеді. Құралдың барлық қолданыс мерзімі шарттың күтпеген мерзімінен тыс өтелуін есепке алғанда, егер ондай болған болса, қарыз құралдарын өтеу мерзіміне дейінгі қалған қолданыс мерзіміне тең.

«Барлық мерзімдегі күтілетін кредиттік шығындар» басқару моделінде ретінде қаржылық құралдың қалған қолданыс мерізімі ішіндегі барлық мүмкін боларлық дефолт жағдайларының туындауы нәтижесінде пайда болатын шығындар бағаланады. *«12 айда күтілетін кредиттік шығындар»* моделі қаржылық құралдар бойынша есепті кезеңнің аяғынан бастап 12 ай ішіндегі болуы мүмкін дефолт жағдайының пайда болуы нәтижесінде туындайтын немесе қаржылық құралдың бір жылдан кем болуы мүмкін мерзіміндегі күтілетін кредиттік шығындардың бір бөлігін қамтиды.

Басшылықтың қаржылық есептілікті әзірлеу үшін күтілетін кредиттік шығындарды бағалауы әдетте реттеу мақсатында пайдаланылатын барлық мерзім ішіндегі бағалауға емес, белгілі бір мерзімдегі бағалауға негізделген. Бағалауда *болжамдық ақпарат* қолданылады. Осындай ретпен КҚК кредит тәуекеліне ықпал ететін ықтималдылық ескеріле отырып, негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердегі өзгерістерді көрсетеді.

20 Қаржы тәуекелдерін басқару (жалғасы)

Құрылған немесе сатып алынған қаржылық активтер үшін ККҚ модельдеуі (РОСИ) осындай ретпен орындалады, бұл қатарға жалпы теңгерімдік құны (а) дисконттау мөлшерлемесінің активтің алғашқы танылуы сәтінде алынған ақшалай ағын негізінде анықталу жағдайы, және (б) ККҚ әрқашан барлық мерзімдегі ККҚ тең болу жағдайы кірмейді. Құрылған немесе сатып алынған құнсызданған активтер – өткен мерзімде бизнестің бірігуі нәтижесінде сатып алынған құнсызданған активтер секілді алғашқы танылуы сәтінде құнсызданған қаржылық активтер.

Дефолт ықтималдылығын бағалау үшін Компания дефолтты төменде көрсетілген критерийлердің біреуіне немесе бірнешеуіне сәйкес келетін тәуекел жағдайы ретінде белгілейді:

- Қарыз алушының шартта көзделген төлем мерзімін 90 күннен аса уақытқа созуы;
- халықаралық рейтинг агенттіктері қарыз алушыны дефолт рейтингіндегі сыныпқа жатқызады;
- қарыз алушы төменде көрсетілген төлемсіздік қабылеті ықтималдылығының белгісіне сәйкес келеді;
- қаржылық актив бойынша пайыз мөлшерлемесін есептеудің тоқтатылуы/ пайыз мөлшерлемесінің төмендеуі;
- негізгі қарыздың есептен шығарылуы;
- қаржылық активтің номинальды құнына қарағанда елеулі дисконтпен сатылуы;
- қарыз құнының төмендеуіне/есептен шығарылуына/ берешектің кешірілуіне әкелетін қайта құрылымдау;
- қаржылық активті өтеу мерзімінің ұзартылуы;
- негізгі қарыз/пайыздық төлем бойынша төлем мерзімінің мейлінше кейінге шегерілуі;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес контрагентті банкрот деп тану туралы талапты беру;
- Контрагенттің банкроттық туралы өтініш бойынша талап арызын беруі;
- Кепілдік шартымен немесе кепілдік шарт бойынша төлеммен жабылатын міндеттемелер бойынша мерзімнің өтіп кетуі 90 күннен асады.

Ақпаратты жария ету үшін Компания дефолт анықтамасын құнсызданған активтер анықтамасына сәйкестендірді. Дефолттың жоғарыда берілген анықтамасы Компанияның барлық қаржылық активтеріне қатысты қолданылады.

Егер құрал үш ай қатарынан қандай да бір дефолт критерийіне жатқызылмаған болса, дефолт деп есептелмейді (яғни төлемнің ұзартылуы жойылады). Бұл кезең талдау негізінде анықталды, талдау барысында ұзарту мерзімін жоюдың түрлі анықтамалары пайдаланылып, төлемді ұзарту жойылғаннан кейінгі қаржылық құралға дефолт мәртебесін беруді қайтару ықтималдылығы ескерілді.

Кредит тәуекелінің елеулі мөлшерде ұлғаюының болуы немесе болмауының бағалануы (SICR) алғашқы танылған сәттен бастап жеке түрде де, портфельді негізде де орындалады.

Осы қаржылық есепте танылатын күтілетін кредит шығындарының деңгейі қарыз алушының кредит тәуекелінің алғашқы танылған сәтінен бастап елеулі ұлғаюына байланысты белгіленеді.

Бұл бағыт күтілетін кредит шығындарын бағалаудың үш кезеңдік моделіне негізделген. 1 кезең – алғашқы танылу сәтінде құнсызданған санатына жатқызылмаған және сол сәттен бастап оған қатысты кредит тәуекелі елеулі түрде өспеген қаржылық құрал үшін. 2-кезең – егер алғашқы танылу сәтінен бастап кредит тәуекелі елеулі түрде өскені анықталса қаржылық құрал 2-кезеңге ауыстырылады, бірақ әзірше құнсызданған болып есептелмейді, бірақ кредит шығындарына қатысты бағалау резерві барлық мерзім ішіндегі күтілетін кредиттік шығындар негізінде құрылады. 3-кезең – егер қаржылық құрал құнсызданған болып табылса, ол 3-кезеңге ауыстырылады, және бағалау резерві барлық мерзім ішіндегі күтілетін кредиттік шығындар негізінде құрылады. Актив 3-кезеңге ауысуы нәтижесінде ұйым пайыздық табысты жалпы теңгерімдік құны негізінде тануды доғарады және пайыздық кірісті есептеу кезінде теңгерімдік құнға қатысты күтілетін кредит шығындарын алып тастағандағы активтің тиімді пайыздық мөлшерлемесін қолданады.

Кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюының критерийі орындалмағаны туралы дәлелдер болса, құрал қайтадан 1-кезеңге ауыстырылады. Егер тәуекел сапалық белгісі негізінде 2-кезеңге ауыстырылса, Компания бұл белгіге қатысты, оның сақталуы немесе өзгеруіне көз жеткізу үшін мониторинг жасайды.

Сатып алынған немесе құрылған құнсызданған қаржылық активтер бойынша кредиттік шығындарды бағалау әрдайым тұтас мерзімге бағаланады. Осылайша Компания барлық мерзімдегі күтілетін кредиттік шығындардың кумулятивті өзгерістерін таниды.

20 Қаржы тәуекелдерін басқару (жалғасы)

Қаржылық активтердің кредиттік шығындарына қатысты бағалау резерві 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша маңызды емес болып табылады.

Қаржылық активтер бойынша күтілетін кредиттік шығындарды бағалау үшін Компания үш бағытты қолданады: (i) жеке негізде бағалау; (ii) портфельді негізде бағалау: ішкі рейтингтер жеке негізде бағаланады, бірақ кредит тәуекелінің бірдей рейтингтері және кредит портфельінің бірдей сегменттері үшін күтілетін кредиттік шығындарды есептеу процесінде кредит тәуекелінің бірдей параметрлері қолданылады (мәселен, дефолт ықтималдылығы, дефолт жағдайындағы шығындар); (iii) сыртқы рейтингтер негізінде бағалау.

Тұтастай алғанда күтілетін кредиттік шығындар кредит тәуекелінің төмендегідей параметрлерінің қосындысына тең: дефолт сәтіндегі берешек, дефолт ықтималдылығы және дефолт жағдайындағы шығындар, олар құралдың тиімді пайыздық мөлшерлемесі арқылы келтірілген құнына дисконтталған нұсқада анықталған. Күтілетін кредиттік шығындар кредит тәуекелдерінің параметрлеріне болжам жасау әдісімен (дефолт сәтіндегі берешек, дефолт ықтималдылығы және дефолт болған жағдайдағы шығын) әрбір жеке қаржылық активтің қолданыс мерзімі ішіндегі әрбір болашақ ай үшін немесе жиынтық сегмент үшін анықталады. Осы үш компонент «сақталып қалу» ықтималдылығы ескеріле отырып көбейтіледі және түзетіледі (яғни қаржылық актив өткен айда жабылды ма немесе дефолт болды ма). Бұл көрсеткіш әрбір болашақ кезең үшін күтілетін кредиттік шығындарды нақты есептеуді қамтамасыз етеді, олар сосын есепті күнге орай қайта дисконтталады және жинақталады. Күтілетін кредиттік шығындарды есептеу үшін қолданылатын дисконттау мөлшерлемесі алғашқы тиімді пайыздық мөлшерлемені немесе оның жуық шамасын білдіреді.

Күтілетін кредиттік шығындар моделіне енгізілген болжамдық ақпарат

Кредит тәуекелінің елеулі ұлғаюын бағалау және күтілетін кредиттік шығындарды есептеу расталатын болжамдық ақпараттың қосылуын білдіреді. Компания төмендегідей ауыспалы экономикалық мәселелерді анықтайды: олар кредиттік тәуекелдің өзгеруімен және күтілетін кредиттік шығындардың ескерілуімен түзетіледі: жалпы ішкі өнім, инфляция, айырбас бағамы, мұнай бағасы және базалық сектордың өнімділігінің өзгерісі негізіндегі экономикалық дамуды сипаттау үшін қолданылатын қысқа мерзімді экономикалық индикатор.

Осы экономикалық ауыспалы нысандардың дефолт ықтималдылығына әсері, дефолт кезіндегі берешек және дефолт жағдайындағы шығын статистикалық регрессионды талдау арқылы анықталады, бұл шара осы ауыспалы шамалардың өткен кезеңдердегі дефолт деңгейіне тигізген әсерін түсіну үшін жасалады.

Кез келген басқа экономикалық болжамдардағы секілді, олардың жүзеге асуының болжамы мен ықтималдылығы жоғары деңгейдегі белгісіздіпен айқындалады, сәйкесінше, нақты нәтижелер болжамды көрсеткіштерден айтарлықтай өзгеше болуы мүмкін.

Компания қаржылық активтер бойынша бағалау мен нақты шығын арасындағы айырмашылықтарды азайту үшін өз әдістемесі мен болжамдарын үнемі тексеріп отырады. Мұндай бэк-тестілеу жылына кемінде бір рет жүргізіледі.

Күтілетін кредиттік шығындарды бағалау әдістемесін бэк-тестілеу нәтижелері Компания басшылығына хабарланады, уәкілетті органдар талқыланғаннан кейін модельдерді одан әрі жетілдіру және болжамдар бойынша қадамдар жасалады.

(б) Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелі дегеніміз – ұйым қаржылық міндеттемелерді орындаған кезде қиындықтармен бетпе-бет келу тәуекелі. Компанияның қолданыстағы Даму жоспарларын қалыптастыру және мониторингілеу қағидаларына сәйкес, ақша ағындарының қозғалысын жоспарлау мен оған мониторинг жүргізу қысқа мерзімді ай сайынғы негізде, сондай-ақ 5 жылға қызметті орта мерзімді жоспарлауды қалыптастыру аясында жүргізіледі. Сонымен қатар, Компанияда Компанияның 10 жылға арналған Даму стратегиясы әзірленіп, бекітілуде. Ақша ағындарын жоспарлаған кезде сонымен бірге депозиттерге уақытша бос ақша қаражатын орналастырудан түскен пайда да есептеледі.

Төмендегі кестеде Компанияның қаржылық міндеттемелерін өтеу мерзімі бойынша есеп беру кезеңінің соңында шарт бойынша өтеу күнінің соңына дейін қалған өтеуді көрсете отырып талдау берілген. Дисконтталмаған сомаларға негізделген өтеу мерзімін талдау, оның ішінде болашақ сыйақылар мен негізгі қарыздарды өтеу.

20 Қаржы тәуекелдерін басқару (жалғасы)

Төмендегі кестеде есепті кезеңнің аяғынан шарттардың талаптарында көрсетілген өтеу мерзімдерінің аяғына дейін қалған мерзімді көрсете отырып, Компанияның қаржылық міндеттемелерінің өтеу мерзімдері бойынша бөлгендегі талдауы көрсетілген. Өтеу мерзімі бойынша талдау алдағы қарыздың пайыздарды мен негізгі сомасын қоса алғандағы дисконтталмаған сомаларға негізделген.

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	Қажет болғанға дейін және 1 айға толмайтын мерзімде	1 айдан 3 айға дейін	3 айдан 12 айға дейін	12 айдан 5 жылға дейін	5 жылдан жоғары
2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша					
Қарыздар	3,807,421	31,655,376	20,671,552	89,304,234	134,262,388
Облигациялар бойынша міндеттемелер	-	203,288	2,644,504	35,009,536	-
Өзге кредиторлық берешек және есептелген міндеттемелер	1,568,373	149,815	-	-	-
Қаржылық жалдау	-	-	417,342	1,847,452	-
Қаржылық кепілдік	32,439,798	-	-	-	-
Негізгі сома мен пайыздың болашақ төлемдерін қоса алғандағы барлық болашақ төлемдер	37,815,592	32,008,479	23,733,398	126,161,222	134,262,388
2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша					
Қарыздар	7,621,426	1,069,168	22,663,833	127,630,375	143,089,381
Облигациялар бойынша міндеттемелер	-	203,288	2,637,742	13,678,470	24,170,654
Өзге кредиторлық берешек және есептелген міндеттемелер	1,255,130	159,653	-	-	-
Қаржылық жалдау	-	-	346,314	1,179,671	-
Қаржылық кепілдік	23,717,500	-	-	-	-
Туынды қаржылық құралдар	-	-	-	29,622,719	-
Негізгі сома мен пайыздың болашақ төлемдерін қоса алғандағы барлық болашақ төлемдер	32,594,056	1,432,109	25,647,889	172,111,235	167,260,035

(в) Нарық тәуекелі

Валюталық тәуекел

Компанияның қаржылық активтері мен міндеттемелері негізінен теңгемен көрсетілген, нәтижесінде Компания елеулі валюталық тәуекелге ұшырамайды. Осыған қарамастан, Компания болашақта немесе қажет болған кезде хеджирлеу құрылымын енгізу мақсатында қаржылық туындылар нарығындағы өзгерістерді бақылауды жалғастырады.

Пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелі

Пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелі өзгермелі пайыздық мөлшерлемесі бар қарыздарға қатысты туындайды. Компания Мәскеу қор биржасындағы «MosPrime Rate» (Moscow Prime Offered Rate) квоталардың әлеуетті нарықтық тәуекеліне ұшырады. Компания ауыспалы мөлшерлемелердің өзгерістеріне егжей-тегжейлі мониторинг жүргізеді. Сонымен бірге, кредиттік портфельді оңтайландыру шеңберінде Компания алынған кредиттері бойынша мөлшерлемені орташа есеппен 1-1,5%-ға азайтты. Компанияның пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруімен байланысты тәуекелдерді талдау және жеңілдету бойынша ресми келісімдері жоқ.

Егер 2020 жылғы 31 желтоқсанда пайыздық мөлшерлемелер 20 базистік пунктке аз болса, онда барлық басқа өзгермелі сипаттамалар өзгеріссіз қалар еді, бір жылғы пайда өзгермелі пайыздық мөлшерлемесі бар міндеттемелер бойынша пайыздық шығыстардың азаюы салдарынан 1,298,707 мың теңге және өзгермелі пайыздық мөлшерлемесі бар міндеттемелер бойынша пайыздық шығыстардың жоғарылауы нәтижесінде 1,298,707 мың теңгеге аз болады.

20 Қаржылық тәуекелдерді басқару (жалғасы)*Капиталды басқару*

Компанияның капиталды басқарудағы міндеттері акционерлерге пайда түсуін және басқа мүдделі тараптарға тиімді болуын көздей отырып, үздіксіз жұмыс істеу қағидаттарына сәйкес Компанияның өз қызметін жалғастыру қабілетін қамтамасыз етуде, сондай-ақ капиталдық құнын азайту үшін капиталдың оңтайлы құрылымын ұстап тұру болып табылады. Компания капитал құрылымын ұстап тұру немесе түзету үшін акционерлерге төленетін дивидендтер сомасына түзету жасай алады, сондай-ақ акционерлерге капиталды қайтара алады немесе қарыз қаражатын азайту үшін активтерді сата алады. Компания саланың басқа да компаниялары сияқты Компания өзінің және қарыздық капиталының арақатынасы негізінде капиталға мониторинг жүргізеді. Бұндай арақатынас капиталдың жалпы сомасына бөлінген таза қарыз қаражаты ретінде анықталады.

Таза қарыз қаражаттары ақша қаражаттары мен олардың эквиваленттерін (қаржылық жағдай туралы жеке есепте көрсетілген «қысқа мерзімді қарыздар» мен «ұзақ мерзімді қарыздарды» қоса алғанда) шегергендегі қарыздардың жалпы сомасы ретінде анықталады. Капиталдың жалпы сомасы қаржылық жағдай туралы жеке есепте көрсетілген «Барлық капитал» ретінде анықталады, оған таза қарыз қаражаты да кіреді.

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	Ескерт.	31 желтоқсан 2020 ж.	31 желтоқсан 2019 ж.
Барлық қарыздар	12	196,414,568	207,398,917
<i>Минус:</i> Ақша құралдары және оның эквиваленттері	10	(1,595,249)	(1,298,005)
Таза қарыз құралдары		194,819,319	206,100,912
Барлық меншікті капитал		420,292,483	410,216,382
Барлық капитал		615,111,802	616,317,294
Қарыздық және меншікті капиталдың арасалмағы		32%	33%

21 Қаржы құралдарының әділ құны*Әділ құнды бағалау*

Әділ құнды бағалау нәтижелері әділ құнның иерархия деңгейлері бойынша былайша талданып, бөлінеді: (i) 1-деңгейге сәйкес активтер немесе міндеттемелер үшін белсенді нарықтардағы нарықтық баға белгілеу бойынша бағалар (түзетілмейтін) жатады, (ii) 2-деңгейге – актив немесе міндеттемелер үшін тікелей (яғни, мысалы, баға) немесе жанама (яғни, мысалы, бағаның туындысы) бақыланатын болып табылатын барлық пайдаланылатын маңызды бастапқы деректері бар бағалау модельдерінің көмегімен алынғандар және (iii) 3-деңгейдің бағалары бақыланатын нарықтық деректерге негізделмеген (яғни, бақыланбайтын бастапқы деректерге негізделген) бағалар болып табылады. Қаржылық құралдарды әділ құн иерархиясындағы белгілі бір санатқа жатқызған кезде басшылық пайымдауды қолданады. Егер әділ құнды бағалауда айтарлықтай түзетуді талап ететін бақыланатын деректер пайдаланылса, онда ол 3-деңгейге жатады. Пайдаланылатын деректердің маңыздылығы әділ құнның барлық жиынтық бағасы үшін бағаланады.

21 Қаржы құралдарының әділ құны (жалғасы)

Әділ құн иерархиясының 2-деңгейіндегі және 3-деңгейіндегі әділ құнның бағасы дисконтталған ақша ағыны моделінің көмегімен орындалды. Белсенді нарықта бағасы белгіленбеген тіркелген пайыздық мөлшерлемесі құбылмалы қаржылық құралдардың әділ құны баланстық құнға тең болып қабылданды. Белсенді нарықта бағасы белгіленбеген тіркелген пайыздық мөлшерлемесі бар құралдардың әділ құны осы сияқты кредиттік тәуекел мен осы секілді өтеу мерзімін болжайтын жаңа құралдарға арналған қарызға беру нарығында қолданыстағы пайыздық мөлшерлемені қолдана отырып, дисконтталған ақша ағынының моделіне негізделеді.

Қазақстандық мың теңгемен	31 желтоқсан 2020 ж.				31 желтоқсан 2019 ж.			
	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей	Баланстық құны	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей	Баланстық құны
Активтер								
Ақшалай қаражат пен олардың эквиваленттері	-	1,595,249	-	1,595,249	-	1,298,005	-	1,298,005
Мерзімі тіркелген депозиттер	-	5,304	-	5,304	-	304	-	304
Қаржылық дебиторлық берешек	-	9,029,447	-	9,039,117	-	11,240,997	-	11,487,529
Алынатын дивидендтер	-	449	-	449	-	405	-	405
Берілген кепілдік бойынша еншілес ұйымдардың берешегі	-	1,659,976	-	1,547,542	-	1,463,478	-	1,358,784
Берілген қарыздар	-	57,869,854	-	58,166,102	-	58,746,861	-	63,625,509
Қызметкерлердің берешегі	-	71,814	-	71,814	-	79,698	-	79,698
Барлық қаржылық активтер	-	70,232,093	-	70,425,577	-	72,829,748	-	77,850,234
Міндеттемелер								
Қарыздар	-	196,732,177	-	196,414,568	-	185,367,803	-	207,398,917
Жалға алу бойынша міндеттемелер	-	1,651,604	-	1,474,019	-	711,285	-	1,035,366
Берілген қаржылық кепілдіктер	-	1,120,906	-	1,272,264	-	1,330,326	-	1,439,752
Қаржылық кредиторлық берешек	-	1,196,077	-	1,196,077	-	720,973	-	720,973
Барлық қаржылық міндеттемелер	-	200,700,764	-	200,356,928	-	188,130,387	-	210,595,008

Амортизацияланған құн бойынша көрсетілетін қаржылық активтер

Пайыздық мөлшерлемесі құбылмалы құралдардың әділ құны шамамен олардың баланстық құнына тең. Пайыздық мөлшерлемесі тіркелген құралдардың бағаланатын әділ құны осы секілді кредиттік тәуекел мен осы секілді өтеу мерзімін болжайтын жаңа құралдарға арналған қолданыстағы пайыздық мөлшерлемені қолдану арқылы күтілетін болашақ ақша ағындарының сомаларын дисконттау моделіне негізделеді. Қолданылатын дисконттау мөлшерлемелері контрагент тарапынан болатын кредиттік тәуекелге байланысты.

Амортизацияланған құн бойынша көрсетілетін міндеттемелер

Облигациялардың әділ құны нарықтық баға белгілеулерге негізделеді. Пайыздық мөлшерлемесі құбылмалы қарыздардың әділ құны шамамен баланстық құнға тең. Пайыздық мөлшерлемесі тіркелген және өтеу мерзімі белгіленген құралдардың есептік әділ құны осы сияқты кредиттік тәуекел мен осы секілді өтеу мерзімімен жаңа құралдарға арналған күтілетін дисконтталған ақша ағынына негізделеді.

22 Есептік кезеңнен кейінгі оқиғалар**Қарыздар**

2021 жылдың 21 қаңтарында «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ Компанияға ұзақ мерзімді қарызының 205,746 мың теңге мөлшеріндегі бір бөлігін мерзімінен бұрын қайтарды.

2021 жылдың 25 қаңтарында Компания «Самұрық-Қазына» АҚ-ның 2011 жылғы 14 қаңтардағы кредиттік қарызы бойынша негізгі қарыздың 205,746 мың теңге көлеміндегі бөлігін мерзімінен бұрын өтеді.

2021 жылдың 25 қаңтарында Компания Еуропа Қайта құру және Даму Банкіне жалпы сомасы 1,986,194 мың теңгені құрайтын қарызды, оның ішінде 1,521,118 мың теңге негізгі қарызды, 465,076 мың теңге сыйақыны қоса алғанда, жоспарлы түрде өтеуді аяқтады, сондай-ақ 2,538,200 мың теңге мөлшеріндегі негізгі қарызды мерзімінен бұрын өтеді.

2021 жылдың 25 қаңтарда Компания Азия Даму Банкіне 2018 жылғы 8 қарашадағы Кредиттік желі туралы келісім бойынша жалпы сомасы 1,744,582 мың теңгені құрайтын сыйақыны жоспарлы түрде төледі.

22 Есептік кезеңнен кейінгі оқиғалар (жалғасы)

2021 жылдың 1 қаңтары мен 28 қаңтары аралығында Компания «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-ға бұрын 2019 жылы алынған 28,000,000 мың теңге сомасындағы қаржылық көмекті қайтарды.

2021 жылдың 27 қаңтарында Компания «Жинақ банкі» АҚ ЕБ-ның кредиттік желісі бойынша жылдық 10,40% мөлшерлемен 3 ай мерзімге 14,000,000 мың теңге қарыз алды.

2021 жылы 28 қаңтарда Компания «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-дан кері кредиттік желі бойынша 10,000,000 мың теңге сомасында қысқа мерзімді қарыз алды.

Сот талқылауы

2021 жылдың 3 ақпанында сот «Самұрық-Энерго» АҚ мен «Транстелеком» АҚ арасында 2021 жылғы 2 ақпанда жасалған медиативті келісімді бекітті, соған сәйкес «Самұрық-Энерго» АҚ 2021 жылдың 8 ақпанында нақты орындалған жұмыс көлемі үшін 700,000 мың теңге мөлшерінде төлем жасады. Осы қаржылық есептілік бекітілген күнге «Самұрық-Энерго» АҚ мен «Транстелеком» АҚ арасындағы келісім орындалды.

23 Акциядан түсетін пайда

Акциядан түсетін негізгі пайда/(залал) Компания акционерлерінің үлесіне тиесілі пайда немесе залалдың есепті кезең ішіндегі айналыстағы жай акциялардың орташа алынған санына қатынасы ретінде есептеледі. Компанияда бытыраңқы әлеуетті жай акциялар жоқ, сондықтан акцияға шаққандағы бытыраңқы пайда акцияға шаққандағы негізгі пайдаға сәйкес келеді.

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	2020 ж.	2019 ж.
Компания акционерлеріне тиесілі бір жылдағы пайда (Қазақстан теңгесімен, мың)	12,725,325	33,935,449
Айналымдағы жай акциялардың орташа өлшенген саны	5,601,812	5,601,687
Компания акционерлеріне тиесілі акцияларға түсетін пайда (теңгеге дөңгелектегенде)	2,272	6,058

Бір акцияның баланстық құны

«Қазақстан қор биржасы» АҚ (бұдан әрі - «ҚҚБ») Биржалық кеңесінің 2010 жылдың 4 қазанындағы шешіміне сәйкес, қаржылық есептілікте ҚҚБ бекіткен қағидаларға сәйкес есептелген есептік күнгі бір акцияның (жай және артықшылықты) баланстық құны туралы мәліметтер болуы тиіс. 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша осы қаржылық есептілік деректері негізінде Компания басшылығы есептеген осы көрсеткіш 74,914 теңгені құрады (2019 жылғы 31 желтоқсан: 73,094 теңге). Төменде бір акцияның баланстық құнын есептеу кестесі берілген:

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	2020 ж.	2019 ж.
Барлық активтер	621,293,694	622,001,515
Минус: материалдық емес активтер	(636,073)	(763,873)
Минус: барлық міндеттемелер	(201,001,211)	(211,785,133)
Жай акцияларға арналған таза активтер	419,656,410	409,452,509
31 желтоқсандағы жай акциялар саны	5,601,812	5,601,687
Бір акцияның баланстық құны, теңге	74,914	73,094